



ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕП  
2011



10 ЖЫЛ ТАМАША САМҒАУДА!

## МАЗМҰНЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4	V КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	64
ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ	6	5.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	64
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	10	5.2 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ	65
I 2011 ЕСЕП ЖЫЛЫ	20	5.3 АКЦИОНЕРЛЕР	66
1.1 2011 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	20	5.4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	68
СТАТИСТИКА	20	5.5 АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	75
ТАСЫМАЛДАУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ	20	5.6 ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	77
ЖОЛАУШЫЛАР ТАСҚЫНЫ	21	5.7 СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	78
КІРІСТЕР	21	5.8 ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ	79
НЕГІЗГІ ШЫҒЫНДАР	22	5.9 КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ	80
ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ	23	VI АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРҒА	81
АЙМАҚТАР БОЙЫНША МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	23	VII ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	82
1.2 БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	24	7.1 2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	82
1.3 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	26	7.2 ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	84
II ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	28	7.3 2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	86
2.1 ҚАУІПСІЗДІК	28	ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК	86
2.2 ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	32	ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК	87
2.3 БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	34	КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК	88
2.4 ЖЕРДЕГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	36	АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК	89
2.5 ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	38	ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР	90
2.6 САТУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ	40	VIII 2012 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР	126
2.7 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ	45	ГЛОССАРИЙ	128
III ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	50	ҚОСЫМШАЛАР	130
IV ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ	54		
4.1 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	54		
4.2 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУПКЕРШІЛІК	60		
4.3 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУПКЕРШІЛІК	62		

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Өзінің 10 жылдық тарихы ішінде «Эйр Астана» айтарлықтай нәтижелерге жетіп, аймақтағы ең инновациялық әуекомпаниялардың бірі беделіне ие болды. Қызметтерін қауіпсіздік және қызмет көрсету сапасының ең жоғарғы стандарттарына сай көрсетуі компанияның негізгі жетістігі болып табылады. «Эйр Астана» IOSA аудитінен өткен алғашқы орталық-азиялық әуекомпаниясы және IOSA сертификатын ешбір шектеусіз алған ТМД-дегі алты әуекомпаниялардың бірі болып табылады. Skytrax World Airline Awards халықаралық рейтингі бойынша «Эйр Астана» компаниясы «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» санатында екінші орынға лайық болды.

Алғашқы онжылдықтың ішінде стратегияны бірізді іске асыруы компанияның сапалы жаңа деңгейде онан арғы дамуына сенімді негізін дайындады. «Эйр Астана» екінші онжылдыққа сенімділікпен қадам жасауда және өзінің өркендеуінің жаңа кезеңін бастауда. 2011 жылдың қаңтарында акционерлердің жалпы жиналысымен компанияның 2011-2020 жылдарына дамудың ұзақ мерзімді стратегиясы бекітілді. Оның негізгі басымдықтары әуе кемелері паркін көбейту, жаңа ішкі және халықаралық маршруттарды ашу, әуе кемелерін күту бойынша техникалық мүмкіндіктерді кеңейту, жоғары білікті және тәжірибелі қазақстандық ұшқыштар штатын құру, корпоративтік басқарудың дәрежесін арттыру болып табылады.

Дамудың жаңа стратегиясын орындау шеңберінде 2011 жылдың желтоқсанында компанияның Директорлар кеңесімен төрт «Боинг-767-300» ұшақты және үш «Боинг 787-8 Dreamliner» әуе лайнерін сатып алуға ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылданған. «Боинг-767-300» алыс магистральдық ұшақтар 2013 және 2014 жылдары жеткізіледі, ал 2017 және 2019 жылдарының аралығында «Эйр Астана» компаниясының флоты «Боинг-787-8 Dreamliner» ұшақтарымен толығады. Бұл Қазақстан азаматтық авиациясы тарихындағы аса ірі сатып алу болып табылады. Әуе лайнерлерін қаржыландыру әуекомпаниямен мемлекеттік бюджеттен қаражатты тартусыз және мемлекеттік кепілдемелерсіз дербес ұйымдастырылады.

Ішкі, аймақтық және халықаралық рейстерді орындауға арналған және көтеріңкі отын тиімділігімен ерекшелетін жаңа ұшақтарды сатып алуы «Эйр Астана» компаниясына дүниедегі жетекші әуекомпанияларымен бір деңгейде тұруға жағдай туғызады, сонымен қатар 2020 жылдың соңына паркті 43 ұшаққа дейін кеңейтуге және жаңалауға бағытталған әуекомпанияның ұзақ мерзімді стратегиясының бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні компания флоты 26 заманауи әуе лайнерінен тұрады.

Өткен жылы «Эйр Астана» компаниясы едәуір өндірістік және қаржылық нәтижелерге жетті. Әуекомпания тасымалданған жолаушылар санын 3 миллионға дейін ұлғайтты, таза пайда 61,3 млн. АҚШ долларды құрады. Соншама елеулі өндірістік және қаржы көрсеткіштерге жетуге компанияның даму стратегиясын дәл ұстануы, ұжымның жөнге салынған жұмысы және компания басшылығының шебер іс-әрекеттері мүмкіндік берді.

Әуекомпания озық тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқарудың жүйесін жетілдіру мәселесіне үлкен назар аударады. Бүгінге «Эйр Астана» АҚ-ның корпоративтік басқару деңгейі Қазақстанда ең жоғарылардың бірі болып табылады. 2011 жылы Standard & Poor's агенттігі компанияның корпоративтік басқарудың рейтингін «GAMMA-6» дәрежесінде құптады. Бұл факт әуекомпанияны басқарудың жоғары тиімділігінің, оның тұрақты дамудың және барлық мүдделі тұлғалардың алдындағы жауапкершіліктің айғағы.

2011 жыл біздің еліміз үшін маңызы зор болды, өйткені біз айрықша күнді атап өттік – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы. Егеменді өркендеу тарихының қысқа мезгілі ішінде біздің еліміз заманға сай, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды. Бүгін Қазақстан халықаралық аренада қадірі артқан, бай тарихымен және мәдени мұрасымен ерекшеленетін қарқынды дамушы мемлекет.

Ұлттық тасымалдаушы ретінде, «Эйр Астана» компаниясы қоғам алдындағы міндеттерін сезінеді.

*Стратегияның бірізділігінің  
ішінде біздің нәтиже асауға  
келісімшілік сапалы жаңа  
деңгейде дан арғы дамуына  
сенімді шегін дайындады.*



Өзінің қызметін бастағалы бері әуекомпания 40 миллиардтан астам теңгені мемлекеттік бюджетке салық түрінде төледі. 2008 жылдан бастап 80 астам қайырымдылық және демеушілік жоба жүзеге асырылды. Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (ICAO) мемлекеттік бақылаушы жүйесінде айқындалған сәйкессіздіктерді жою бойынша реформаларды өткізуде көмек көрсетіп, «Эйр Астана» компаниясы Қазақстанның азаматтық авиациясының дамуына үлкен үлес қосуда.

Мен Директорлар кеңесінің атынан біздің акционерлерімізге қолдағандары және компаниямыздың дамуына жәрдемдескендері үшін алғыс айтқым келеді және компания басшылығына және қызметкерлеріне олардың мінсіз жұмысы және жоғары кәсіпқойлығы үшін алғысымды және ризалығымды білдіргім келеді.

Құрметпен,

Нұржан Байдаулетов  
Директорлар кеңесінің төрағасы



## ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ

*2011 «Эйр Астана» компаниясы үшін тағы бір маңызды және табысты жыл болды. Біздің компаниямыз бүгінгі таңда өзінің аса ұзақ жолында қаржымен өз дамуын негіздегенде.*

2011 «Эйр Астана» компаниясы үшін тағы бір маңызды және табысты жыл болды. Таяу Шығыстағы саяси тұрақсыздықтың және Еуропадағы борыштық дағдарыстың аясында авиация отынның үдемелі бағалаларына қарамастан біздің компаниямыз өз дамуын жалғастырды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда кіре сыйымдылығы өсімі 14%, жолаушы тасқыны мен кіріс өсімі – 19% және 17% тиісінше құрады. Компанияның 2011 жылы таза пайдасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 61,3 млн. АҚШ долларына дейін төмендегенімен, дегенмен 7,8% құраған таза пайда маржасы бұл қиын заманда сала бойынша іспеттес көрсеткіштерді бұрынғыша асады. Компанияның штаты 3 500 адамға дейін көбейді.

2011 жылы біз 2010 жылы қабылданған әуе кемелері бойынша мынадай шешімдерді іске асырдық: әуекомпания флоты тағы бір «Боинг 757-200» ұшағымен және үш «Эмбраер-190» ұшағымен толықты. Желтоқсанда әуекомпанияның Директорлар кеңесі төрт «Боинг 767-300» ұшағын және үш «Боинг 787-8 Dreamliner» әуе лайнерін сатып алу туралы шешімді мақұлдады. «Боинг 767-300» ұшақтар жетізілімі 2013-2014 жж. болады, «Боинг 787-8 Dreamliner» әуе лайнерлерінің жеткізілімі 2017-2019 жж. жоспарланған. Осы әуе кемелері қазіргі маршруттарда рейстер тығыздығы ұлғаюын және қызметтер сапасының жетілдіруін ғана қамтамасыз етпей, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Африка елдеріне және Австралияға рейстерді орындау мүмкіндігін болашақта қарауға жағдай туғызады. «Боинг» ұшақтарын сатып алуы акционерлер тарапынан инвестицияларды тартусыз компанияның меншікті қаражаты және қарыз капиталы есебіне қаржыландырылады.

ТМД, Үндістан және Азия – Тұнық мұхит аймағы елдерінің қалалары компанияның маршруттық желісін дамытудың стратегиялық бағыттары болып табылады. Компания 2012 жылы Гонконгқа жаңа бағытты ашуды, сондай-ақ ішкі, аймақтық және халықаралық бағыттарда қазіргі рейстердің жиілігін арттыруды жоспарлауда.

2011 жылдың ішінде «Эмбраер-190» жаңа аймақтық әуе лайнерлерімен қызмет көрсетілетін Самараға және Тбилисиге жаңа бағыттар ашылды. Бұдан басқа біз бұрын «Фоккер-50» әуе кемелерімен орындалған қазіргі маршруттарда «Эмбраер-190» пайдалануды бастадық; 2013 жылдың басына қарай «Фоккер-50» паркін толығымен ауыстыруы жоспарлануда.

2011 жылдың қыркүйегінде «Эйр Астана» Алматыдағы әуе кемелерінің құрылымдарын және компоненттерін жөндеу жаңа орталығын ұсынды. Орталық Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен лицензияланған, сондай-ақ Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігінің нормалары және ережелері сәйкестігіне сертификатталған (European Aviation Safety Agency, EASA). 2012 жылы компания жаңа цехтарды енгізуді және оларды EASA сертификаттауды жоспарлауда.

Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясаты экономика салаларын әртараптандыру және дамудың шикізат бағыттылығынан ауытқу арқылы елдің тұрақты дамуына жетуге көзделген. Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын құруы компанияның бизнеске ғана емес, бірақ осы стратегиялық мақсаттарға жетуге қосқан үлесі болып табылады. Қазіргі уақытта авиациялық компоненттерді жөндеу орталығында меншікті паркіне ғана емес, бірақ басқа да әуекомпаниялар ұшақтарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары өткізіледі.

Ұшулар қауіпсіздігі біздің компаниямыз үшін сөзсіз және абсолюттік басымдық болып табылады. 2011 жылы «Эйр Астана» Пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық аудитті үшінші рет табысты, сүрінбей өтті, бұл Орталық Азияда және ТМД кеңістігінде ұшулар қауіпсіздігін және авиапарктің ұшу жарамдылығын қамтамасыз ету мәселелерінде әуекомпанияның озық жайғасымның дәлелі болып табылады. «Эйр Астана» өз қызметін үнемі жақсарту және жетілдіре келе, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерісіне компанияның барлық өндірістік-техникалық қызметкерлерін тартады.

«Эйр Астана» Ұлыбритания Азаматтық авиация басқармасының жыл сайынғы аудитін өткеннен кейін әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсетуді орындауға EASA Бөлім 145 рұқсатын ұзартты. Компания Қазақстанның қалған авиатасымалдаушыларына салынған Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды орындауға тыйымнан босатылған жалғыз әуекомпанияның мәртебесін қолдауды жалғастыруда.



2011 жылы Мельбурн қаласындағы Флориданың Технологиялық институтында (АҚШ) Ab-initio ұшқыштарды даярлау бағдарламасы бойынша оқитын студенттер санын көбейтті. 2009 жылдан бастап Қазақстанның 110 астам жас кадеті осы бағдарлама бойынша оқудан өтті және олардың 30 «Эйр Астана» әуекомпаниясы ұшақтарының штурвалында екінші ұшқыш орнын алды.

Жерде және бортта дүниежүзілік деңгейдің сервисін ұсыну әуекомпанияның басым міндеті болып табылады. Skytrax World Airline Awards халықаралық рейтингі бойынша 2011 жылы «Эйр Астана» «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» санатында үшінші орыннан екінші орынға дейін көтерілді. «Боинг-757» ұшақтарының бизнес-сынып салондары жайлы жатын орындарға айналатын креслолармен жабдықталған, бұл жаңалық енді бір қалмастан барлық алыс магистральдық рейстерде қол жетімді. KSTV дербес ойын-сауық жүйесі ұзақтығы 3 сағаттан астам барлық рейстерде енгізілген. Біздің маркетинг және сату жөніндегі бөліміміз басқа әуекомпаниялармен қарым-қатынасты дамытуды жалғастыруда, атап айтқанда, ең табысты жобаларының бірі Біріккен Араб Әмірліктерінің Etihad Airways өскекең ұлттық әуекомпаниясымен код-шер келісіміне қол қою болды, бұл жолаушыларға Абу-Даби арқылы халықаралық бағыттарды пайдалануға кең мүмкіндерді ашады.

«Oracle E-Business Suite» негізінде кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйесін (Enterprise Resource Planning, ERP) табысты енгізу арқылы компанияны басқарудың ішкі жүйесі де 2011 жылы жақсарып, жетілдірілген. Компания қызметінің барлық атқарымдық салаларын біріктіретін біріккен жүйені құруы бұл жобаны енгізудің нәтижесі болып табылады.

«Эйр Астана» АҚ менеджменті және Директорлар кеңесі компанияның корпоративтік басқару жүйесіне ерекше назар аударуды жалғастыруда. Әуекомпанияның корпоративтік басқару деңгейі 2008 жылдан бері жыл сайын Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігімен бағаланады. 2011 жылы Standard & Poor's компанияның корпоративтік басқару рейтингін бүгінде Қазақстан Республикасында ең жоғарғы болып табылатын «GAMMA-6» деңгейінде растады.

«Ақырында «Эйр Астананың» қаржы және операциялық жетістіктері әуекомпания үшін және жалпы сала үшін қиын болғанына қарамастан қанағаттанарлық болды дегім келеді. 2012 жыл одан да қиындау болмақ, себебі авиациялық отын бағасы рекордтық деңгейге дейін шарықтады. Индустрия дамуы жөнінде IATA және басқа ұйымдардың болжамдары жеткілікті күйреуік, бұл дүниежүзілік әуекомпаниялары көпшілігінің жыл басындағы нәтижелерімен расталды. «Эйр Астана» ғаламдық өзгерістерден қорғалмаған және 2010-2011 жж. жеткен табыстылықтың жоғары деңгейі осы жылы сақталатыны күмәнді. Дегенмен 2012 жыл – біздің онжылдығымыздың жылы – табысты болады және біздің даму жоспарларымыз өзгеріссіз қалады деп сенемін, дегенмен алайда 2008-2009 жж. алдыңғы дағдарысты кезеңідегідей бұдан да үлкен екпін шығындарды қысқартуға жасалады.

Жағдайды пайдаланып, компания қызметкерлерін құттықтап, берілгендігі, кәсіпқойлығы және қажырлы еңбегі үшін алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ біздің Директорлар кеңесіне және «Самұрық-Қазына» мен BAE Systems акционерлеріне тұрақты жұмыстары үшін ризалығымды білдіргім келеді.

Құрметпен,  
Питер Фостер

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (одан әрі – компания, әуекомпания, қоғам) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (51%) және BAE Systems британдық компанияның (49%) бірлескен кәсіпорны болып табылады. Компания 2001 жылдың қыркүйегінде құрылған және өзінің бірінші рейсін 15 мамырда 2002 жылы орындады. 2011 жылы әуекомпания үш миллион жолаушыны тасып, жолаушы тасымалдардың рекордтық мөлшеріне жетті.

Қазіргі кезде әуекомпания 22 ішкі және үш маусымдық бағытты қосқанда, 30 халықаралық рейсті орындайды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының флоты батыс өндірісінің 26 әуе кемесінен тұрады. Компания өзінің әуе кемелері флотын 2020 жылға қарай 43 ұшаққа дейін кеңейтпек.

Код-шеринг келісімшарттардың шеңберінде компания Etihad, KLM Royal Dutch Airlines, Austrian Airlines және Asiana Airlines әуекомпанияларымен бірге қызмет істейді. Сондай-ақ компания 100 астам тасымалдаушылармен әріптестік интерлайн-келісімшарттар жасап, жолаушыларға дүниежүзі бойынша 300 астам бағыт ұсынады.

Компанияның техникалық қызмет көрсетуі мен авиациялық қауіпсіздіктің деңгейі жетекші дүниежүзілік әуекомпаниялардың деңгейіне сәйкестенеді. «Эйр Астана» Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (International Air Transport Association, IATA) толық құқықты мүшесі және EASA Бөлім 145 директиваның талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігімен (European Aviation Safety Agency, EASA) сертифицирталған Қазақстандағы жалғыз тасымалдаушы болып табылады. 2011 жылы компания пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық аудитті (IATA Operational Safety Audit, IOSA) үшінші рет табысты өтті. Әуекомпания отын сапасын бақылау (IATA Fuel Quality Pool) IATA аудиторлардың тобына кіреді.

2011 жылы Standard & Poor's «Эйр Астана» АҚ-ның корпоративтік басқару рейтингін барлық қазақстандық компаниялар арасында ең жоғары болып табылатын «ГАММА-6» деңгейінде растады. Компания Skytrax «Шығыс Еуропаның 2011 жылдың үздік әуекомпаниясы» рейтингінде екінші болды.

### Міндет

Қоғам міндеті – қауіпсіздік және клиенттерді күтудің ең жоғары стандарттарына сай халықаралық және ішкі маршруттар бойынша пайда келтіретін,


әуетасымалдар қызметтерін көрсететін Орталық Азияда және ТМД-де ең табысты әуекомпания болу.

### Мақсаттар және құндылықтар

- Пайдалану қауіпсіздігінің ең жоғарғы халықаралық стандарттарына жету;
- Жолаушыларға қызмет көрсетудің және пайдалану сенімділігінің деңгейі бойынша аймақтағы жетекші әуекомпания болу;
- Компанияның және клиенттеріміздің мүддесін ескере отырып, әуе кемелері паркін және ұшу географиясын үнемі кеңейту, қызмет көрсету сапасын арттыру және бизнес-үдерістерді жетілдіру;
- Акционерлермен, іскерлік серіктестермен, тұтынушылармен және әріптестермен қарым-қатынасты адалдық негізінде құру және іскерлік этика қағидаттарын қолдану;
- «Эйр Астана» командасын нығайтуға үлес қосу, сіңірген еңбек, кәсіпқойлық, жеке жетістіктер негізінде қызметкерлерді тарту, бағалау, сыйақы беру және қызметтерінің жоғарылауына мүмкіндік туғызу;
- Үзіліссіз оқыту бағдарламасы арқылы компанияның мақсаттарына жету үшін қызметкерлерге барлық мүмкіндіктерді беру;
- Компанияның міндеттерін жүзеге асыруында, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени бастамаларды қолдауында және қоршаған ортаны сақтауында Қазақстандағы ең қадірлі компанияларының бірі болу үшін барлық күшті салу.

Қыркүйек 2001 жыл.  
Қазақстан Республикасының  
Қысқартылған және BAE SYSTEMS  
компаниясымен  
әуекомпаниясымен  
келісімшартта  
«Эйр Астана»  
құру туралы  
қарар қабылданды.

## «ЭЙР АСТАНА» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



## КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ

### Питер Фостер президент

Питер Фостер авиация саласындағы мансабын Кэмбридж Университетін 1982 жылы бітіргеннен кейін Cathay Pacific Airways Ltd әуекомпаниясының құрылтайшысы болып табылатын John Swire and Sons (HK) Ltd әуекомпаниясында машықтанушы-менеджер лауазымынан бастады. 1982-1999 жылдары Cathay Pacific Airways әуекомпаниясында Гонгконгта, Азияда, Австралияда және Еуропада менеджер, содан кейін бас менеджер ретінде қызмет етті, Францияда (INSEAD) іскерлікті басқару бойынша оқудан өтті. Питер Фостер Cathay Pacific Airways әуекомпаниясын 1999 жылы қалдырып, Philippine Airlines әуекомпаниясының сауықтыру тобын басқарды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының Президенті лауазымына тағайындауына дейін 2002-2005 жылдары аралығында Royal Brunei Airlines әуекомпаниясында бас атқарушы директор қызметінде еңбек етті. 2005 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясының президенті қызметіне тағайындалған.

### Алма Алигужинова стратегиялық және коммерциялық жоспарлау жөніндегі аға вице-президент

Алма – «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2001 жылдан бастап, құрылу кезінен бері, тіпті әуекомпанияның ұшулары орындалмастан бұрын жұмыс істеп келе жатқан алғашқы қызметкерлердің бірі. Алма еңбек жолын корпоративтік даму жөніндегі менеджері қызметінен бастады, сосын мансап сатымен жоғарылап, корпоративтік даму жөніндегі директоры болды. Қазіргі уақытта Алма стратегиялық және коммерциялық жоспарлау жөніндегі аға вице-президент қызметін атқарады. Алма «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-тың Шығыс Каролина Университетін іскерлік басқару магистрі (MBA) дәрежесімен тәмамдады.

### Ербол Оспанов үкіметтік, заңнамалық мәселелер және қауіпсіздік жөніндегі аға вице-президент

Ербол Оспанов авиация саласында 35 жылдан астам қызмет етеді. 1985 жылы Ленинград қ. Азаматтық Авиация академиясындағы командалық факультетін аяқтағаннан кейін инженер-ұшқыш мамандығын алды, ал 2002 жылы Алматы қ. аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетін құқық бакалаврі дәрежесімен тәмамдады. 1992 жылдан бері Қазақстан Республикасы Президенті флотының шеф-ұшқышы. 2005 жылдан бері Ербол Оспанов әуекомпанияның аға вице-президенті және «Боинг-757/767» ұшағында командир-нұсқаушы ретінде ұшуларды орындап келеді. Sheffield School of Aeronautics (Флорида, АҚШ) және Canadian Airlines (Ванкувер, Канада) оқып, АҚШ және Канада ұшқыштың қолданыстағы күәліктеріне (FAA ATP) ие болды.

## Герхард Коетци

корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі  
аға вице-президент

Герхард өз еңбек қызметін соғыс-әуе күштерінің штурманы ретінде бастады, оқиғалардың білікті тексеруші, CRM (экипаж ресурстарын басқару) сертификатталған жаттықтырушы-фасилитатор және Оңтүстік Калифорния Университетімен қоса әртүрлі мекемелер берген (авиациялық) қауіпсіздікті басқару бойынша біліктілігі бар ұшулар тәсімдерін жобалаушы болып табылады. Оның коммерция бакалавры дәрежесі, Оңтүстік Африка Университетінің көлік экономикасы факультетінің үздік дипломы бар. Соңғы 20 жыл ішінде ұшулар қауіпсіздігін басқару саласында, соның ішінде OAP СӘК ұшулар қауіпсіздігінің штаб офицері ретінде және BAE Systems компаниясының басқарушы кеңесшісі ретінде істеді.

## Джон Уэйнрайт

инженерлік-техникалық мәселелер жөніндегі  
аға вице-президент

Джонның 36 жылдан астам әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету тәжірибесі бар. Ол негізгі және желілік техникалық қызмет көрсетумен айналысқан. Ұлыбританияда жоғары білім алған және Бедфорд қаласында Британдық әуе кемелерінің жеке құрамында дайындықтан өткен. «Britannia Airways»-те 20 жылдай істегеннен кейін, ол Оңтүстік-Шығыс Азияға көшіп, Брунейде, Вьетнам мен Непалда «Royal Brunei Airlines» компаниясында қызмет етті. Ал Брунейден Австралияға көшкен кезде, техникалық қызмет көрсету жөніндегі департаменттің бастығы болды. Джон 2006 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы жұмысын техникалық қызмет көрсету менеджері ретінде бастады, одан кейін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президент қызметін атқарды, сосын инженерлік-техникалық мәселелер жөніндегі аға вице-президент лауазымын алды. Джон Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігі лицензиясының B1 және C санатының, сондай-ақ инженерлік-техникалық қызмет көрсету лицензиясының иегері.

## Грэм Огилви

өндірістік мәселелер жөніндегі  
аға вице-президент

Грэм өзінің авиациядағы мансабын Ұлыбританияның әскери-әуе күштерінде ұшқыш ретінде бастап, келесі 15 жылды көбіне «Геркулес C130» ұшағында ұшты. Соғыс-әуе күштерінде қызмет еткенде Грэм АҚШ СӘК-пен тәжірибе алмасу сапарын спецназдың Ұлыбританияға ұшулары үшін жауапты нұсқаушы-емтиханшы ретінде 3 жыл бойы басқарған.

Келесі 27 жылды Грэм Гонконгта Cathay Pacific әуекомпаниясында ұшқыш және менеджер қызметін атқарған. Осы уақыт ішінде Грэм Гонконг университетінің іскерлік басқару магистрі дәрежесін алып, көптеген басшы қызметтерін, сонымен қоса ішкі кеңесші қызметін атқарды. Cathay Pacific әуекомпаниясында жұмыс істеген соңғы 10 жыл ішінде ұшуларды басқару және инжиниринг жөніндегі директоры болып, Грэм DHL компаниясымен Air Hong Kong бірлескен кәсіпорынды құрды. Грэм «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2011 жылдың наурызынан бастап істейді.

## Ибрахим Жанлыел

маркетинг және сату жөніндегі  
вице-президент

Ибрахим өз еңбек өмірбаянын туризм саласында бастады және оны Түркиядағы ірі туроператордың жетекшісі ретінде 9 жылдан кейін аяқтады. 1998 жылы ол KLM компаниясына келіп, басында Таяу Шығыс бойынша аймақтық менеджер қызметіне тағайындалған, сосын 2003 жылға дейін Орта Азия және Кавказда коммерциялық қызметті ұйымдастыруына жауапты аймақтық менеджер ретінде жұмысын жалғастырды. «Эйр Астана» әуекомпаниясында Ибрахим коммерциялық жоспарлау департаментінен қызметін бастады, кейін маркетинг және сату департаментінде жұмысын жалғастырды. Ибрахим Мармара университетінде экономикалық білім алды, Bosphorus University (Ыстамбұл) MBA дәрежесіне ие болды. 2005-2008 жылдары аралығында Қазақстанның Еуропалық Бизнес қауымдастығының Директорлар кеңесінің мүшесі болған.

## Айдар Қашқарбаев

заң және құқықтық мәселелері жөніндегі  
вице-президент

Заң саласындағы еңбек тәжірибесі 15 жылдан асады. Заң практикасын 1993 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінде бастады. «Эйр Астана» АҚ-на келгенше Denton Wilde Sapte заң компаниясында және KPMG консалтингтік компаниясында, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Қарашығанақта мұнай компанияларында істеді. Karachaganak Petroleum Operating B.V. компаниясында заң департаментінің менеджері ретінде қызмет атқарған. Айдар әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетін бітірген. Visiting scholar бағдарламасы бойынша Оңтүстік Иллинойс Университетінде (АҚШ) машықтанушы болды.

## Чаминдра Ленава

ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция жөніндегі  
вице-президент

Чаминдра «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы жұмысын бизнес жүйелерінің менеджері ретінде бастады, содан соң ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция директоры болды. Ақпараттық технологияларда кәсіпқой болғанымен, үш ұлттық әуекомпанияда басшы қызметін аатқаруында мол тәжірибесі бар. Оның іскерлік басқару магистрі дәрежесі және электроника мен телекоммуникацияларды әзірлеу саласында бакалавр ғылыми дәрежесі бар. Ақпараттық технологиялардың түрлі салаларындағы сертификаттардың иегері және авиабилеттерді брондауда мен рәсімдеуде, түгендеуде, жолаушыларды жөнелтуде және бизнес-операцияларды басқару автоматтандырылған жүйелерінде кәсіпқой. Чаминдра PMP (Project Management Professional – АҚШ) дәрежелі жобаларды басқару саласында және Британдық компьютерлік қоғамдастықтың ақпараттық технологиялардың дипломды маманы болып табылады.



## Белла Тормышева жұртшылықпен байланыстар жөніндегі вице-президент

Жұртшылықпен байланыс және мәдени-ақпараттық қызмет саласында 10 жылдан астам тәжірибесі бар. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келместен бұрын Қазақстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда тіркелген Еуропалық Комиссияның Өкілдігінде жұмыс істеді. Халықаралық қатынастар магистрі және саяси ғылымдар докторы дәрежесін алу үшін диссертацияны жазу үстінде. Сондай-ақ шетелде тренингтерден өткен. Ол трансұлттық және халықаралық компанияларда жұмыс істеуге қызығушылықпен қарайды.

## Евгения Ни қызметкерлерді басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент

Евгения Букетов Е.А. атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттің шет тілдер және заң факультеттерін тәмамдаған. Ол «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы жұмысын 2002 жылдың қазанында Президенттің көмекшісі ретінде бастаған. 2005 жылдың қыркүйегінен Евгения еңбек қорғау бөліміне, әкімшілік-шаруашылық басқаруына, компанияны көлікпен қамтамасыз етуіне жетекшілік ететін қызметкерлерді басқару департаментін басқаруда. Басшылықтың алты жыл жарымнан астам ішінде қызметкерлерді іріктеудің, корпоративтік оқудың ашық жүйесі құрылды, қызметкерлерге сыйақы төлеу және қызметтерін бағалау жүйесі енгізілді. Евгения кәсіби конференцияларға және конгрестерге сарапшы, модератор, баяндаушы ретінде ұдайы қатысады. Менеджмент, қызметкерлерді басқару саласындағы бірқатар дипломдары және сертификаттары бар.

## Галина Умарова сатып алу жөніндегі вице-президент

Галинаның әуе тасымалдау саласында мол тәжірибесі бар. «Эйр Астана» әуекомпаниясына дейін «Астана халықаралық әуежайы» АҚ-ның қаржы директоры болып қызмет атқарды. Галина Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік Университетін тамамдаған, сондай-ақ (ҚМЭБИ) мемлекеттік басқару магистрі дәрежесіне ие.

## Алима Заманбекова бас бухгалтер

Алима «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2003 жылдың ортасында бас бухгалтер ретінде жұмысын бастады. «Эйр Астана» компаниясына келгенше мұнай-газ компанияларында бас бухгалтер болып істеді. Алима Шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітірген, кейін Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдады. Лицензияланған бухгалтер және Қазақстан Республикасының Кәсіби бухгалтерлер палатасының мүшесі.

## Диляра Күнқожаева бас қаржы талдаушы

Диляра әуекомпанияда еңбек қызметін 2006 жылдың басында қаржы талдаушы ретінде бастады. ҚМЭБИ іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп факультетін тәмамдап, іскерлік басқару бакалавры және магистрі дәрежесін алды. 2008 жылдан бас қаржы талдаушы қызметін алды. Диляра басқарушылық және қаржы есеп-қисабын беру, бюджеттендіру, қаржылық талдау, сақтандыру және тәуекел-менеджмент үшін жауапкершілігін көтереді.

## Оливер Мэтвик жолаушыларға жерде қызмет көрсету жөніндегі директор

Оливер «Эйр Астана» әуекомпаниясының жолаушыларға жерде қызмет көрсету департаментін басқарады. Оливер еңбек жолын Германияда бастап, 17 жыл бойы авиацияда жұмыс атқарып келеді. Ол әуежайларға жердегі қызмет көрсету бойынша жетекші дүниежүзілік компаниялардың бірінде басшы қызметтерін атқарған. 2005 жылға дейін «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмей тұрып, Оливер консалтингтік компаниясында аға кеңесшісі және Еуропада әуекомпаниялардың көптеген жобаларының жетекшісі болды. 2011 жылы Оливер Мэтвик үздік белгімен Aviation MBA (Авиациядағы MBA) дәрежесін алды.

## Ричард Леджер Қазақстанда және шетелде сатулар жөніндегі департаменттің директоры

Ричард «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2006 жылдың маусымынан Еуроодақ, АҚШ және Канада өңірлерінде аймақтық бас менеджер қызметінен бастады және сол аймақтағы сатулар желісін құруына жауапты болды. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келместен бұрын 5 жыл Лондондағы Singapore Airlines корпоративтік сатулар саласында жұмыс істеді. Одан кейін 2005 жылдың қаңтарында Royal Brunei Airlines әуекомпаниясының маркетинг және сатулар жөніндегі менеджері болды. Ол өзінің еңбек өмірбаянын 1993 жылы «Саяхат және Туризм» мамандығы бойынша Ланкастер университетін және Лондон Университетін (UCL) география мамандығы бойынша аяқтағаннан кейін бастады. Оның туризм индустриясындағы бірінші қызметі Таиланд және Үндістанда туристік қызметтер көрсететін компанияда туристік операциялардың менеджері болды, содан кейін Wexas International компаниясында дүниежүзілік маман болды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының Қазақстанда және шетелде сатулар жөніндегі директор лауазымына 2009 жылдың ақпанында тағайындалды.

## Айман Тілеубаева

коммерциялық жоспарлау және кірістерді басқару жөніндегі директор

Айман «Эйр Астана» әуекомпаниясында өзінің еңбек жолын 2003 жылдың қарашасынан коммерциялық жоспарлау менеджері ретінде бастады, ұшулар кестесі мен желілік жоспарлауға жауапты болды. «Эйр Астана» компаниясына келгенге дейін «Эйр Қазақстан» компаниясында бес жыл істеді. Айман Қазақ Ұлттық Университетін тәмамдап, физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 2009 жылдың ақпанынан Айман коммерциялық жоспарлау және кірісті басқару жөніндегі директор қызметін атқаруда.

## Дэвид Уилмот

ұшуларды жасау стандарттары мен оқыту жөніндегі директор

Дэвидтің әртүрлі ірі әуекомпанияларда 34 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Дэвид бас ұшқыш, әуе кемесі командирі, нұсқаушы-ұшқыш және көбінесе «Боинг 747» және «Боинг 767» ұшақтарында тексеруші ұшқыш қызметтерін атқарған. Ұшу экипажын дайындаудың жиырма алты жылын Дэвид курсанттарды дайындаудан бастаған және «Боинг 747/757/767» ұшақтарында TRI /TRE біліктілік белгісі бойынша тренингтерге дейін жеткен. Дэвид «Боинг» әуе кемелерінің көбінде, атап айтқанда «Боинг 707», «Боинг 727», «Боинг 737», «Боинг 747», «Боинг 757» және «Боинг 767» ұшақтарында ұшақ командирі қызметін атқарған. Дэвидтің ұшулар географиясы жер шарының көпшілігін – Азияны, Африканы, Еуропаны, Ресейді, Солтүстік және Оңтүстік Американы қамтиды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының қатарына қосылмас бұрын Дэвид әуе кемелерінің ірі өндірушілердің оқыту бөлімдерінде белгілі жапон әуекомпаниясы үшін симуляторларда нұсқаушы ретінде қызмет етті.

## Сандра Каллен

борттық қызмет көрсету департаментінің директоры

Сандра бортта қызмет көрсету және сервис стандарттарына, борт жолсеріктерді қабылдау, оқыту және дамыту үшін жауапты. Оның авиациядағы тәжірибесі мол, атап айтқанда, өндірісті, қызметкерлерді басқару, оларды оқыту және дамыту салаларында. 2011 жылы «Эйр Астанаға» келер алдында ол Ұлыбритания, Еуропа, АҚШ, Таяу және Қиыр Шығыстағы бірнеше ірі әуекомпанияларда жұмыс істеді. British Airways-те 20 жылдан астам жұмыс атқарғаннан кейін, Сандра консалтингтік саласына ауысты және бірнеше ірі халықаралық ұйымдарда қызмет атқарып, қызмет көрсету, стратегиялық басқару және адам ресурстарын басқаруға ерекше көңіл бөлді. «Эйр Астанаға» келмей тұрып, соңғы бес жылда Сандра Таяу Шығыстағы екі жетекші әуекомпаниясында басшы қызметін атқарды. Оның авиация индустриясындағы кең білімі бар, әртүрлі мәдени ортада жақсы істейді және психология саласында бакалавр дәрежесін (үздік диплом) алды.

## Тимур Якупов

инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі директор

Тимур 20 жылдан астам еңбек тәжірибесі бар әрекеттегі авиация инженері болып табылады. Бұрынғы КСРО-да авиациялық білім алып, өз мансабын пилотаж ұшақтарында механик ретінде бастайды. Әскерде әскери-көлік авиация ұшақтарының атқыштар қару-жарағы бойынша маман болып қызмет етеді. Кейін еңбек жолын Қазақстанда «Ту-154» ұшағының механигі қызметінде жалғастырады, бұрынғы КСРО-ның жолаушы және көлік ұшақтарының негізгі түрлерін пайдалануын дәйекті түрде меңгерді. «Эйр Астанада» бірінші күннен-ақ қызметін ауысым басшысы лауазымынан бастаған. Тимур инженерлік лицензия иегері және 11-ден астам ұшақ түрлері мен олардың түрлендірмелеріне қызмет көрсетуге рұқсаты бар.

## Мерғали Әлжанов

ұшуларды жасау жөніндегі директор

Мерғалидің авиацияда саласындағы тәжірибесі мол. 1980 жылы Ақтөбелік азаматтық авиациясының ұшу мектебін тәмамдап, Мерғали өзінің мансабын Көкшетау біріккен авиаотрядында Як-40 ұшағының екінші ұшқышы ретінде бастаған, ал 1991 жылы Алматы біріккен авиаотрядына ауысқан. Бірнеше әуекомпанияда еңбек етіп, Мерғали 2004 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясына «Боинг-757» ұшағының командирі қызметіне келеді.

## Рассел Эллис

ұшуларды жасауды жедел басқару департаментінің директоры

Расселдың 27 жылдан астам авиацияда жұмыс істеу тәжірибесі бар. 2007 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясына келместен, Оңтүстік Африка Республикасында және Таяу Шығыста әртүрлі әуекомпанияларда бірқатар басшы қызметін атқарған. Расселдың бастапқы жұмыс тәжірибесі әскери саласымен байланысты, онда навигатор және нұсқаушы біліктілігін алған. «Эйр Астанада» Рассел ұшулар орындауын күнделікті бақылауына және төтенше жағдайларда әрекет ету дайындығына жауапты.

## I 2011 ЕСЕП ЖЫЛЫ

### 1.1 2011 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

#### СТАТИСТИКАСЫ


##### ҚАРЖЫ СТАТИСТИКАСЫ (қазақстандық миллион теңгемен)

Көрсеткіштер	2011	2010
Кірістер	113 320	97 470
Операциялық шығыс	(103 162)	(84 005)
Операциялық пайда	10 158	13 464
Салық салғанға дейін пайда	11 355	14 311
Таза пайда	8 982	11 360
Банктегі депозиттерді қоспағанда ұзақ мерзімді активтер	19 471	10 591
Ағымдағы активтер, соның ішінде	37 912	38 543
Банктегі депозиттерді қоса есептегенде ақшалай қаражат	22 210	23 731
Акционерлік капитал	36 199	30 057
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	1 793	2 039
Ағымдағы міндеттемелер	19 390	17 038


##### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СТАТИСТИКА

Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2011	2010	
Әуе кемелерінің ұшуы	сағат	79 006	69 294	14%
Әуе кемелерінің қонулары	саны	32 221	27 787	16%
Тасымалданған жолаушылар	мың адам	3 057	2 568	19%
Ішкі рейстерде	мың адам	1 959	1 713	14%
Халықаралық рейстерде	мың адам	1 098	855	28%
Жүк, жолжүк және пошта тасымалы	тонна	19 692	16 392	20%
Орындалған жолаушы айналымы	млн. ж/км	5 828	5 082	15%
Шекті жолаушы айналымы	млн. ж/км	8 508	7 457	14%
Коммерциялық жүктеме коэффициенті	%	69%	68%	1%


##### ЖОЛАУШЫЛАР ТАСҚЫНЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖОЛАУШЫЛАР



##### ТАСЫМАЛДАУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ШЕКТІ ЖОЛАУШЫ АЙНАЛЫМЫ



##### КІРІСТЕР КОМПАНИЯНЫҢ ЖИЙНТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ТАБЫСЫ




### 2011 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ШЫҒЫНДАР

#### НЕГІЗГІ ШЫҒЫНДАР

(қазақстандық миллион теңгемен)

Көрсеткіштер	2011	2010
Авиакеросин және ЖЖМ	26 182	15 584
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыс	12 536	10 180
Әуежай және жердегі қызмет көрсету	12 440	10 313
Әуе кемелеріне инженерлік-техникалық қызмет көрсету	12 418	12 583
Әуе кемелері және қосалқы бөлшектер лизингі	10 701	10 796
Жолаушыларға жұмсалатын шығыс	10 055	7 729
Өткізуге жұмсалатын шығыс	7 969	7 199
Салықтар	972	683
Басқадай шығыс	9 888	8 939
<b>Барлығы</b>	<b>103 162</b>	<b>84 005</b>




### 2011 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ



### АЙМАҚТАР БОЙЫНША МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы 22 ішкі және 30 халықаралық маршрутта, соның ішінде 3 маусымдық бағытта, қатынады. Әуекомпания ұшуларды орындайтын аймақтар: Қазақстан, ТМД, Азия, Таяу Шығыс және Еуропа.



## 1.2 БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2010 жылы компания 2011 жылға бірқатар басым міндеттерді белгіледі. Төменде олар бойынша қысқаша талдау көрсетілген.

### Еуропалық Одақтың ұшуларды орындауға салған тыйымы

*Басымдық: Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды орындауға рұқсат етілген әуекомпания мәртебесін қолдау.*

**Нәтижесі:** «Эйр Астана» АҚ Еуропалық Одақтың аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылуы компанияның қауіпсіздіктің жоғары стандарттары және табысты қызметі арқасында сақталып отырды. Әуекомпания артынан ЕО аумағына ұшуларды орындау құқығын сақтау Қазақстанның авиациялық үкіметтің Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (International Civil Aviation Organization, ICAO) айқындаған сәйкессіздіктерді жоюында ілгерілеуіне тәуелді. 2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы аудитті ойдағыдай өтті және Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігінің (EASA) Бөлім 145 бойынша әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсетуді орындауға рұқсатты ұзартты. Сондай-ақ әуекомпания IOSA аудитін үшінші рет табысты өтті. Аудит ешбір ескертусіз өткізілді.

ICAO айқындаған мемлекеттік бақылау жүйесінде сәйкессіздіктерді жою бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне кәсіби қолдау көрсетіп, онымен белсенді қызмет істеп жатыр. Мұндай қызмет нәтижелерінің бірі Қазақстан Республикасындағы азаматтық авиация қызметін реформалау бойынша өзара ынтымақтастықты және күшті біріктіруді көздеген Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы (ҚАК) болды.

### Маршруттық желіні дамыту

*Басымдық: Маршруттық желіні дамыту стратегиясының бөлігі ретінде Тбилиси мен Самара бағыттарына жаңа маршруттарды ашу.*

**Нәтижесі:** Компания қойылған міндеттерді табысты орындады. 2011 жылы «Эмбраер-190» үш әуе кемелерінің жеткізілімі жаңа маршруттарды ашуға жағдай жасады, оның ішінде Аматы-Тбилиси және Алматы-Самара бағыттары бойынша жоспарланған маршруттар. Сонымен қатар 2011 жылы Ақтау-Ыстамбұл бағытында жаңа рейстер ашылды. Қосымша 2011 жылы әуекомпания қолданыстағы маршруттарда ұшулар жиілігін көбейтті және рейстерді «Фоккер-50» ұшақтарынан «Эмбраер-190» ұшақтарына ауыстырды.

2011 жылғы ақпанында Etihad әуекомпаниясымен код-шер келісімшарты жасалды. Жаңа келісімшарт бойынша «Эйр Астана» әуекомпаниясының жолаушыларына Азия, Таяу Шығыс, Африка және Үндістан бойынша Etihad әуекомпаниясының маршруттық желісін пайдалануға кең мүмкіндіктер ашылады.

### Әуе кемелері бойынша шешімдер

*Басымдық: «Эйр Астана» әуекомпаниясының әуе кемелері паркін кеңейту мен жаңарту.*

**Нәтижесі:** 2011 жылдың ішінде «Эмбраер-190» үш ұшағының және «Боинг-757-200» бір ұшағының жеткізілімі жүзеге асырылды. Сондай-ақ, «Боинг-757/767» әуе кемелері паркі салондарының реконфигурациясы және жаңартуы өткізілді.

«Эмбраер-190» әуе лайнерінің ұшу алыстығы, үнемділігі, көлемі және жайлылығы Орталық Азия елдерінде және ТМД кеңістігінде «Эйр Астана» әуекомпаниясының маршруттық желісін дамытуға әбден лайық.

Компаниямен «Эмбраер-190» ұшағының жаңа үлгісін пайдалануға енгізумен байланысты ауқымды дайындау жұмысы атқарылды. Атап айтқанда, «Фоккер-50» 20 ұшқышы «Эмбраер-190» ұшағын меңгеруге Франциядағы жаттықтыру орталығына жіберілген. Сондай-ақ компания қауіпсіздіктің және сапаның халықаралық стандарттарына сай «Эмбраер-190» ұшағына техникалық қызмет көрсету мақсатында инженерлік құрамының және әуе кемесінің бортында жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын

қамтамасыз ету міндеті болып табылатын борт жолсеріктердің оқуы ұйымдастырылған.

«Боинг-767-300» төрт ұшағын және «Боинг-787-8 Dreamliner» үш әуе лайнерін сатып алу туралы шешім қабылданды. Отын сақтайтын винглеттермен жабдықталған «Боинг-767-300» ұшақтары кезі жеткенде әуекомпания флотында операциялық лизингтегі осы түрдің ұшақтарын ауыстырады. Ұшу ұзақтығы 12 сағатқа арналған «Боинг-767-300» әуекомпанияның барлық қолданыстағы бағыттарда шектеусіз немесе техникалық тоқтаусыз рейстер орындайды. Өз кезегімен, 16 сағаттан аса ұзақтықпен ұшуларды орындай алатын «Боинг-787-8 Dreamliner» ұшақтары қолданыстағы маршруттарда ұшу тиімділігі мен жайлылығын арттыруды қамтамасыз ете қоймай, АҚШ, Австралияға және Африкаға рейстерді жүзеге асыруға мүмкіндікті қарастыруға жағдай туғызады. Жалпы, жаңа ұшақтардың меншікке алуы әуекомпанияның экономикалық тиімділік және жайлылық стандарттарын жаңа биіктікке көтереді.

2011 жылы ішінде «Боинг-757/767» ұшақтары салондарының реконфигурация және жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстар бизнес сыныптағы электр желісіне қосылатын жаңа крес-

лоларды орнатуды, ас үй, гардероб, дәретхана бөлмелерін түрлендіру және басқа жаңартуларды қамтыған.

### Авиациялық компоненттерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету орталығын құру

*Басымдық: Әуе кемелеріне дербес техникалық қызмет көрсету мақсатында Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын құру.*

**Нәтижесі:** 2011 жылы Авиациялық компоненттерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету орталығының ашылуы әуекомпанияның даму тарихындағы маңызды оқиға болған. Жаңа авиациялық-техникалық орталық заманауи, жоғары технологиялық және инженерлік-техникалық кешені болып табылады. Жаңа орталыққа авиациялық деңгелектер мен батареяларды жөндеу, ұшақтарды құрылымдық жөндеу цехтері, азот станциясы кіреді. Сондай-ақ, мұнда бұзбайтын бақылаудың Қазақстандағы жалғыз авиациялық зертханасы істейді.



## 1.3 2011 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

### ҚАҢТАР

- «Эйр Астана» компаниясының 2011-2020 ж. кезеңіне жаңа стратегиялық жоспар Қоғам акционерлері жалпы жиналысымен бекітілді.
- «Эйр Астана» компаниясы 2011 жылдың 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында өткен 2011 жылғы VII қысқы Азиялық ойындарының ресми тасымалдаушысы болды. Бұл іс-шараны өткізу кезінде Астана мен Алматы қалалары арасында қосымша рейстер енгізілген.
- «Oracle E-Business Suite» және «Oracle Hyperion» негізінде кәсіпорын ресурстарын жоспарлау бірыңғай корпоративтік жүйесін іске қосуы.
- «Эйр Астана» компаниясы Ақтау қаласынан Түркияның ірі қаласы Ыстамбұлға жаңа жүйелі рейстерді бастады.

### АҚПАН

- «Эйр Астана» компаниясы Лондонда өткен Airline Amenity Bag Awards-2010 жыл сайынғы жүлде шеңберінде «Үздік балалар жол жиынтығы» санатында жеңімпаз болып атанды.
- «Эйр Астана» компаниясы Etihad Airways Біріккен Араб Әмірліктерінің ұлттық әуетасымалдаушысымен код-шер келісімшартына қол қойды.

### СӘУІР

- Алматы қаласының халықаралық әуежайында «Эмбраер-190» бірінші әуе лайнері қонды. «Эмбраер-190» әуе лайнерлері жетілдірілген дизайны, жолаушылар үшін қолайлығы, үнемділігі мен пайдаланудағы тиімділігі үшін әуекомпаниясымен таңдалған.

### МАМЫР

- «Эйр Астана» компаниясы IOSA аудитін үшінші рет табысты өтті. Аудит барысында құжаттаманың және әуекомпанияның IOSA 900 астам стандартын орындауының тәуелсіз тексеруі өткізілген. Аудит ешбір ескертуді айқындамады, осы факт «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшулар қауіпсіздігінің ең жоғары дүниежүзілік стандарттарына сәйкестігін дәлелдейді. Келесі IOSA аудиті 2013 жылға жоспарланған.
- Алматы қаласының халықаралық әуежайында «Эмбраер-190» екінші әуе лайнері қонды.
- «Эмбраер-190» жаңа әуе лайнерінің ресми тұсаукесері.

### МАУСЫМ

- «Эйр Астана» әуекомпаниясы Skytrax World Airline Awards 2011 беделді жүлденің шеңберінде «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» санатында екінші орынға лайық болды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Париж авиашоуын өткізу кезінде авиация және ғарышкерліктің француз мұражайында болды.
- «Эйр Астана» компаниясы Алматыдан Грузия астанасы Тбилисе және Ресей Федерациясының оңтүстігіндегі ірі қаласы Самараға жаңа жүйелі ұшуларды бастады.

### ШІЛДЕ

- Standard & Poor's халықаралық агенттігі әуекомпанияның корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

### ҚЫРКҮЙЕК

- Әуекомпания Алматы қаласында авиациялық дөңгелектерге техникалық қызмет көрсетуге, ұшақтарды құрылымдық жөндеуге арналған цехтарды, сондай-ақ Қазақстандағы жалғыз бұзбайтын бақылау авиациялық зертханасын қамтитын әуе кемелерінің компоненттерін және құрылымдарын жөндеу орталығын ашты.

### ҚАЗАН

- «Эмбраер-190» үшінші ұшағының келуі. Ұшақ Бразилиядағы зауыт-өндірушіден тікелей Астана қ. әуежайына жеткізілген және «Эйр Астана» әуекомпаниясының Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласына Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуіне себепті сыйға тартылды.

### ҚАРАША

- Әуекомпания флоты тағы бір «Боинг-757» ұшағымен толықты.
- «Сарапшы-100-Қазақстан» III экономикалық форумның шеңберінде Астанада «Эксперт РА Қазақстан» рейтингтік агенттігімен ұйымдастырылған I жылдық есептер жыл сайынғы байқаудың қорытындылары жасалды. «Эйр Астана» компаниясының 2010 жылғы жылдық есебі «Үздік жылдық есеп қаржы емес секторында» және «Дизайн және полиграфия» санаттарында жеңімпаздар үштігіне енді.

### ЖЕЛТОҚСАН

- Boeing корпорациясымен «Боинг-767-300» төрт ұшағын және «Боинг-787-8 Dreamliner» үш ұшағын сатып алу туралы ірі келісімшарт жасау туралы шешім қабылданды. «Боинг-767» меншікті алыс магистральдық ұшақтары 2013 және 2014 жылдары жеткізіледі, «Боинг-787» әуе лайнерлерінің жеткізілімі 2017 және 2019 жылдарына көзделіп отыр.



## II ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

### 2.1 ҚАУІПСІЗДІК



*Мамыр 2002 жыл.  
Әуекомпанияның Алматы-  
Қазақаралау рейсі. Алматы-  
Дубай маршруты.*



Ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздігін ең жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес қамтамасыз ету «Эйр Астана» компаниясының қызметіндегі басымдықтар болып табылады.

Әуекомпанияның ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздігі халықаралық стандарттарына сәйкестігі IATA (International Air Transport Association – Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы) және EASA (European Aviation Safety Agency – Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігі) сынды әртүрлі белгілі ұйымдармен расталады. IOSA Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының аудиті әуекомпанияларды бақылау жүйесі мен операциялық басқару деңгейін бағалау мақсатында әзірленген бағалау жүйесінің әлемге әйгілі озат жүйесі. IOSA бағдарламасы әуекомпанияның мынадай қызмет түрлерін бағалайды: компанияны ұйымдастыру мен басқару, ұшу пайдалануы, ұшуларды жедел басқару және қамсыздандыру, техникалық қызмет көрсету және инженерлік қамсыздандыру, борттық қызмет көрсету, жердегі қызмет көрсету, жүк тасымалы және авиациялық қауіпсіздік.

2011 жылдың мамырында «Эйр Астана» компаниясы IOSA Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының аудитін кезекті рет ойдағыдай өтті. Соңғы аудит ешбір ескертусіз өтті, бұл әуекомпанияның ұшу қауіпсіздігінің жоғары деңгейіне сәйкестігін, сондай-ақ 2009 жылғы алдындағы аудитінің қорытындысы бойынша бір ескертуді еске алғандықты құптайды. 2011 жылғы IOSA аудиті IATA тіркеген ұйыммен үшінші рет өткізілді, алдындағы аудиттер 2007 жылы қыркүйекте және 2009 жылы мамырда болды. «Эйр Астана» IOSA аудитін өткен жалғыз қазақстандық әуекомпаниясы болып табылады.

«Эйр Астана» компаниясының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (Safety Management System, SMS) ұшу қауіпсіздігі мәселелерін барлық деңгейде біріктіруге көзделген және тәуекелдерді сәйкестендіруге, талдауға және төмендетуге құрылымдалған және жан-жақты тәсілдемесі болып көрінеді. Қауіпсіздік бойынша ақпаратты тарату және тренингтер арқылы бұл бағдарлама компанияның басқарушы және операциялық қызметкерлер ара-

сында қауіпсіздік саласындағы қызмет бабындағы міндеттерді және әуекомпанияның ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін түсінуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар қауіпсіздік саласында жағымды мәдениетті қолдауға себепші болады.

Қауіпсіздік мәселелеріндегі жауапкершілік компанияның операциялық департаменттеріне жүктелген және корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі тәуелсіз департаментімен қуатталады.

2009 жылдың шілдесінде ұшу қауіпсіздігі жөніндегі Еуропалық Одақ комитеті «Эйр Астана» әуекомпаниясынан басқа Қазақстан Республикасының барлық әуетасымалдаушыларына Еуропалық одақ аумағына ұшулар орындауға тыйым салу туралы шешімін жариялаған. «Эйр Астана» компаниясы Еуропалық Одақ аумағына жиіліктің қазіргі деңгейінің көлемінде ғана ұшуларды орындауды жалғастыруда.

«Эйр Астана» компаниясынан басқа еліміздің барлық әуетасымалдаушыларына тыйым салу туралы шешім Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (ICAO) өткізген Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қадағалайтын қызметтер аудиті нәтижесінде шығарылған. Бұл шектеулер Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің ICAO аудиті айқындаған ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау жүйесіндегі барлық сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін алынады.

«Эйр Астана» компаниясын «қара тізімнен» шығаруы ұшу жарамдылығын қолдауын Аруба (әуекомпания әуе кемелері тіркелген мемлекет) беделді авиациялық өкіметі қадағалауды жасаған фактында негізделген. Сондай-ақ әуекомпанияның тыйымнан босатылуына әуекомпанияның техникалық қызмет көрсету және ұшу қауіпсіздігі саласында жоғары халықаралық стандарттарға берілгендігі себепші болды.

«Эйр Астана» Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация Комитетімен ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау жүйесінде ICAO аудиті айқындаған ебдейсіздіктерді жою жөнінде белсенді қызмет істейді. Осы қызметтің бір нәтижесі Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияның ұшулар қауіпсіздігін қадағалау жүйесін жақсартуға және реформалауға жәрдемдесу мақсаты болған Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығын (ҚАҚ) құруы болды.

«Эйр Астана» компаниясы шетел әуе кемелері қауіпсіздігін бағалау бағдарламасынан (Safety Assessment of Foreign Aircraft, SAFA) барынша пайда табу амалдарын іздеуде, оны компания қызметінде бұл бағдарламаның негізгі көрсеткіштердің тұрақты жақсаруы куәландырады. Азаматтық авиацияның еуропалық конференция бағдарламасы (European Civil Aviation Conference, ECAC) SAFA Еуропа Одағының елдері, сондай-ақ ECAC мүшелігінде емес Түркияны, Әзірбайжанды, Арменияны, Молдованы және Украинаны қамтиды. SAFA мақсаты перронда тексерулер арқылы халықаралық азаматтық авиациясы саласында қауіпсіздікті қамсыздандыру болып табылады. Бұл бағдарлама ICAO № 1, 2, 6, 7, 8, 10, 16 қосымшаларында және 18 Чикаго Конвенциясында негізделген.

## Пайдалану қауіпсіздігі бойынша аудиттер

Тәуелсіз аудиторлық тексерулерден басқа, «Эйр Астана» компаниясының корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі департаментінің ішкі аудиторлары әуекомпания рейстерін орындайтын Қазақстан әуежайларында пайдалану қауіпсіздігі бойынша аудиттер өткізеді.

Пайдалану қауіпсіздігі бойынша аудиттер «Эйр Астана» әуекомпаниясының қауіпсіздік стандарттары сәйкестігіне өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын, орнитологиялық қызметінің жұмысын, ұшу алаңының жағдайын және жердегі қызмет көрсетуге арналған жабдықты тексеру мақсатында өткізіледі.

Әуекомпания жасаған тексерістер нәтижесінде Семей қаласының әуежайы өрт қауіпсіздігімен байланысты кемшіліктерді заңнама талаптарына сәйкес жойды. Орал қаласындағы әуежайдың тексерісі ұшу алаңының қауіпсіздік стандарттарына сай еместігін көрсетті. Қауіпсіздік мақсатында «Эйр Астана» компаниясы Орал қаласына рейстерді орындау үшін 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап реактивті әуе лайнерлерін пайдалануды тоқтатуға мәжбүр болды.

## Қызметкерлер және оқыту

Компания басшылығы жауапты және жоғары білікті қызметкерлердің ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіндегі негізгі рөлін сезінеді. Қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына сәйкес болу үшін корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі департаменттің қызметкерлері ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өзекті және тиімді білім беретін жетекші халықаралық орталықтарда қарқынды тренингтерге қатысады.

2011 жылдың ішінде корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі департаменттің қызметкерлері CAAI (Ұлыбритания азаматтық авиация басқармасының еншілес тренинг-кәсіпорын) бақылаудың бұзбайтын тәсілдер бойынша аудитті өткізу оқу курсына өтті, сонымен қатар Оңтүстік Калифорния университетінде (АҚШ) тексеру жасау бойынша тренингтен өтті.

Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі менеджер және ұшу қауіпсіздігі жөніндегі үйлестіруші Крэнфилд университетінде (Ұлыбритания) авиаоқиғаларды тексеру саласындағы тереңдетілген курстан өтті.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қызметкерлері ұшу қауіпсіздігі жөніндегі тексерушілердің халықаралық қоғамы (International Society of Air Safety Investigators, ISASI) 2011 жылдың ақпанында және қарашасында өткізген оқиғаларды тексеру және қауіпсіздік тәуекелдерін басқару бойынша семинарға қатысты.

Сондай-ақ компания қызметкерлері IATA ұшу қауіпсіздігі жөніндегі ұйымының семинарларын (Flight Safety Foundation, FSF), ISASI, сондай-ақ әуе кемелерінің өндірушілерімен ұйымдастырылған семинарларды тыңдады.

«Эмбраер-190» жаңа аймақтық реактивті әуе кемелерін пайдалануға енгізуімен байланысты инженерлік-техникалық қамтамасыз ету және ұшу жарамдылығын қолдау бойынша сапа кепілдігі бөлімінің қызметкерлері үшін осы үлгідегі реактивті әуе кемелері бойынша жалпы танысу курсы өткізілді.

2011 жылы корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі департамент ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (Safety Management System, SMS) бойынша даму бағдарламасын жетілдірді. Бұл бағдарлама әкімшілік және операциялық департаменттер ішінде тренингтерді өткізу және ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпаратты тарату арқылы түсінуді арттыруға және SMS талаптарын сақтауға көзделген.

Операциялық бөлімдердің аға менеджерлері CAAI (Ұлыбритания азаматтық авиация басқармасының еншілес тренинг-кәсіпорын) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі бойынша (Safety Management System, SMS) тренингті 2010/2011 жылдары өтті. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі бойынша ішкі тренинг (Safety Management System, SMS) 2011 жылы әзірленіп, өткізілді.



## 2.2 ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2011 жыл компанияның бірнеше департаменттері үшін өзгерістер жылы болды. Барлық өндірістік бөлімдер (ұшуды ұйымдастыру, оқыту мен бақылау, борттық және жердегі қызмет көрсету) аға вице-президентінің басшылығына өтті.

Бұл шешім өнімділікті арттыру және клиенттерге бірыңғай стандарттағы қызметтер көрсету мақсатында қабылданған.

Ұшқыштарды оқыту және даярлау компанияда бірнеше бағыттар және бағдарламалар бойынша іске асырылады.

### «Ab-initio» ұшқыштарды алғашқы даярлау бағдарламасы

Бұл бағдарлама жас жоғары білікті қазақстандық ұшқыштарды даярлау үшін әзірленген. Ұшқыштар жетекші еуропалық жаттықтыру орталығы болып табылатын Уотерфорд (Ирландия) және Мельбурн (Флорида штаты, АҚШ) базалары бар РТС ұшқыштарды дайындау колледжінде (Pilot Training College) оқытылады.

Оқуды бітіргеннен кейін курсанттар Азаматтық авиация біріккен басқармасының (JAA) мамандығын, сондай-ақ Азаматтық авиация біріккен басқармасының (JAA) ұшу біліктілік күрделіліктерін алады.

### Виртуалды жаттықтырғыштарда оқыту

Ұшқыштарды дайындау сапасын арттыру, меншікті машықтану орталығын құру, қауіпсіздікті жетілдіру, сондай-ақ тренингтерге жұмсалатын шығысты қысқарту мақсатында компания виртуалды жаттықтырғыштарды сатып алды. Қазіргі кезеңде компания меншігінде «Эмбраер-190» әуе кемелерін басқарудың дағдыларын дамытуға және оқуға арналған Virtual Procedure Trainer (VPT) стандарттық виртуалды жаттықтырғыш, «Эрбас-А320» әуе кемелерінде ұшу орындау рәсімдерін машықтандыруға арналған EVPT жетілдірілген виртуалды жаттықтырғыш, сондай-ақ «Боинг-757/767» әуе кемелеріне арналған виртуалды жаттықтырғыш. Бұдан басқа компания 2012 жылдың маусымына қарай орнатылатын «Эмбраер-190» ұшағында ұшуды орындау рәсімдерін машықтандыруға арналған EVPT жетілдірілген виртуалды жаттықтырғышты сатып алу-ды жоспарлап отыр.

### «Эмбраер-190»

«Фоккер-50» турбовинтті ұшақтарын «Эмбраер-190» реактивті әуе лайнерлеріне ауыстыруына байланысты ұшуды жасау стандарттары мен оқыту бөлімінің негізгі міндеттердің бірі қазіргі кезде «Фоккер-50» ұшқыштарын қайта оқыту және реактивті ұшақтарға қайтадан квалификациялау болып табылады. Қайта оқудан өткен ұшқыштар көпшілігі «Эмбраер» ұшақтарында ұшуларды орындайды, ұшқыштар бөлігі «Эрбас» және «Боинг» әуе кемелеріне қайта оқытудан өтуде.

2010 жылғы желтоқсанынан 2011 жылғы қаңтарына дейін «Фоккер-50» 20 ұшқышы «Эмбраер-190» меңгеру үшін Франциядағы машықтану орталығына жіберілген. Қосымша «Фоккер-50» бірнеше ұшқышы қайта даярлаудан өтті және «Эрбас-А320» және «Боинг-757/767» реактивті ұшақтарды басқаруды меңгерді. Жалпы 2011 жылы «Фоккер-50» 30 ұшқышы қайта даярлаудан өтті.

Ұшқыштарды қайта даярлауымен Delta Airlines әуекомпаниясы ұшу орталығының білікті нұсқаушылары айналысады.

### Ұшуларды орындау ұқыптылығы

Операциялық департаментінің жұмыс тиімділігі негізгі көрсеткіштерінің бірі рейстер орындау ұқыптылығының көрсеткіштері (on-time performance, OTP) есептеледі. Халықаралық ережелер бойынша рейс оны жөнелту немесе келу кезінде кестеде көрсетілген уақыттан кейін 15 минут кеш емес уақытында орындалған болып есептеледі.

Рейстің кешігуі себептері әуекомпанияға тәуелді жағдаймен (мысалы, техникалық қызмет көрсету, экипаждың жұмыс уақыты жағдайы), және әуекомпанияға тәуелді емес, ауа-райы жағдайымен, әуежай жұмысымен, қауіпсіздікті бұзуымен туындау мүмкін.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы рейстер кешіккенде, орындалмағанда және көшірілгенде Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) ережелерін басшылыққа алады, бұл ретте жолаушылар қауіпсіздігі әрдайым жоғары басымдық болып табылады.

*Машықтану орталығы  
"Эйр Астана"  
Халықаралық әуе көлігі  
ұшқыштарына арналған*

### «ЭЙР АСТАНА» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҒЫНЫҢ ЖӘНЕ АҚШ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 2011 ЖЫЛҒЫ РЕЙСТЕР ОРЫНДАУ УАҚТЫЛЫҒЫ\*



\* Дереккөздер:  
Еуробақылау – Кешігуі бойынша талдау жасау орталық кеңсесі  
АҚШ көлік статистика бюросы

«Эйр Астана» компаниясының орташа көрсеткіші: 82,5%  
ЕО тасымалдаушылардың орташа көрсеткіші: 82,4%  
АҚШ тасымалдаушылардың орташа көрсеткіші: 81%

## 2.3 БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«Эйр Астана» АҚ борттық қызмет көрсету деңгейі әлемнің жетекші әуекомпаниялар деңгейіне сәйкес келеді. Жайлылықты және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға, тамақтандыруға, борттағы ойын-сауық жүйесіне, сондай-ақ қызметкерлердің оқуына ерекше көңіл қойып, компания лайнерлерінің бортында сервис деңгейін үнемі жетілдіреді.

### Жайлылық пен қолайлық

«Эйр Астана» әуекомпаниясы ұшқанда бизнес-сынып жолаушыларына дүниежүзілік деңгейдегі жайлылықты қамтамасыз етеді. «Боинг-757» ұшағының бизнес-сынып салоны түйменің бір басуымен ыңғайлы жатын орынға айналатын креслолармен жабдықталған. Мұндай креслолар «Боинг-767» ұшағында таяуда пайда болады. Бұдан басқа халықаралық рейстерде әрбір саяхаттаушыға жолда қажет сүйкімді ұсақ-түйектерді қамтитын жол жиынтықтары беріледі. Ұзақтығы 4 сағаттан астам халықаралық рейстерде бизнес-сынып жолаушыларына Chopard компаниясымен бірлесіп әзірленген ерлер және әйелдер жол жиынтықтары ұсынылады. Лондонда 2012 жылы 6 ақпанда өткен TravelPlus Airline Amenity Bag Awards 2011 салтанатында «Эйр Астананың» ерлер жиынтығы барлық дүниежүзілік әуекомпаниялар арасында ең үздік болып атанды, ал әйелдер жиынтығы екінші орын алды.

«Эйр Астана» барлық бағыттарда және барлық сыныптарда көрпелер мен жастықтар, ал алыс түнгі ұшып өтулерде бизнес-сынып жолаушыларына өте ыңғайлы мамық көрпелерді ұсынады.

### Тамақтандыру

2011 жылы «Эйр Астана» жаңа мәзірді, сондай-ақ компанияның бірінші шарап картасын ұсынды. Бизнес-сынып жолаушыларына ішкі және халықаралық рейстерде ең таңдаулы төрт ыстық тағамдар, сондай-ақ іріктелген француз және итальян шарап сұрыпталымы ұсынылады. Ұзақ рейстерде бизнес-сынып жолаушыларына нағыз француз аққайнары беріледі.

2011 жылы борттық мәзірдің дизайны жақсартылды, сондай-ақ барлық рейстерде және барлық сыныптар үшін белгілі жергілікті және халықаралық жоғары сапалы маркалардың оданда сапалы түрлі алкогольды және алкогольсіз сусындардың тізімі жаңартылып, жақсартылды.

Тағамдар тізімі барлық сыныптар үшін халықаралық бағыттардағы маршруттарда рейс ұшып шыққан елге байланысты өзгереді. Әсіресе бұл тізім азиялық елдерден шыққан рейстерде өзгереді. Сондай-ақ алыс ұшып өтулер отырғызу алдындағы жеңіл шайнаманы қамтиды.

Сондай-ақ «Эйр Астана» Қазақстанға ұзақ ұшып өтулер жасайтын барлық сынып жолаушыларына балмұздақ ұсынады.

### Борттағы ойын-сауық жүйесі

Жолаушыларға ойын-сауық бағдарламалардың кең сұрыпталымы ұсынылады. Әрбір ұшақ бортында KCTV жетілдірілген борттық ойын-сауық жүйесі (бизнес-сынып салонының жолаушылары үшін дербес мультимедиялық плеер) бар.

KCTV ойын-сауық жүйесі көруге түрлі үздік жаңа және классикалық киноны, телевизиялық және музыкалық бағдарламаларды, сондай-ақ ойындарды ұсынады. Көбінесе орыс және ағылшын тілінде ұсынылатын фильмдерден басқа, сондай-ақ «Эйр Астана» компаниясын таңдайтын халықаралық жолаушылардың көбейіп бара жатқан санның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қазақ, корей, кантон, араб және хинди тіліндегі фильмдер ұсынылады. Борттық ойын-сауық бағдарламалардың репертуары екі ай сайын жаңартылады.

Барлық халықаралық рейстерде жас жолаушыларға сыйлық ретінде жол жиынтықтары беріледі. Балаларға арналған жиынтықтар ұлдарға және қыздарға арналған жиынтықтарға бөлінеді. Ұлдарға арналған жиынтықтар қол сағатын, ұялы телефонға арналған салпыншақты, жұмсақ ойыншықты, қонжық-ұшқышты, картон жұмбағын, Қазақстанның магниттік картасын және автозауыты бар ұшақты қамтитын ұшақ сынды жолдорба. Қыздарға арналған жиынтық борт жолсерік формасындағы құыршақтан,

картон және үш өлшемді жұмбақтан, гүл сияқты сақинадан және білезіктен тұратын сусиыр сынды жолдорба. Ересектерге арналған жол жиынтығы сияқты, балаларға арналған жол жиынтығы «Әуекомпаниялардың үздік жол жиынтықтары 2011» жүлдесі шеңберінде тиісті санатында ең үздік болып атанды.

Сондай-ақ алдағы жылы компания балғын жолаушыларына «Шуша» ойын-сауық-танымдық журналды ұсынуды жоспарлап отыр. Журнал 6 жыл шығып жатыр және зор сұранысқа ие. «Шушаның» ұжымы әуекомпания тапсырысымен пайдалы кеңес, қазақ тілі сабағы, байқаулар, жұмбақтар, ребустар, көңілді суреттер мен қызықты әңгімелер қамтитын арнайы шығарылымын дайындау үстінде. Журнал әр екі ай сайын жаңарып тұрады.

Дүниеде болып жатқан оқиғалар туралы әрдайым хабардар болғылары келетіндер үшін «Эйр Астана» компаниясы өз ұшақтарының бортында қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі газеттердің кең сұрыпталымын, сондай-ақ орыс және ағылшын тіліндегі журналдарды ұсынады.

«Эйр Астана» компаниясы азиялық нарыққа, әсіресе, қытай нарығына, Қытайдан және Қытайға маршруттар үшін қытай тілін киноға, мәзірге, журналдарға және т.б. қосып, көбірек назар аудармақшы.

### Skytrax жүлдесі

2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы Skytrax World Airline Awards 2011 беделді жүлденің шеңберінде «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» санатында екінші орынға лайық болды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Париж авиашоуын өткізу кезінде авиация және ғарышкерліктің француз мұражайында болды. 2010 жылы «Эйр Астана» бұл санатта үшінші орынды алды.

Skytrax World Airline Awards халықаралық тәуелсіз жүлдесі жыл сайын 1999 жылдан бастап өткізіліп келеді. Әлемдегі 100 елдің 18.8 миллионнан астам саяхатшысы Skytrax рейтингтік компаниясының сауалнамасына қатысып, 200 халықаралық әуекомпаниясы қызметтері сапасын 40 дерілік түрлі өлшем бойынша бағалады.

Skytrax дүниежүзіндегі әуе тасымал саласындағы тауарлар мен қызметтерді сапалы тексеру бағдарламаларды өткізу жолында маманданатын бірегей рейтингтік агенттік болып табылады. Компания халықаралық туристердің бағалауларында негізделетін және экипаж қызметін, борттық ойын-сауықтардың, борттық тамақтандыруды, күту залдардың және көптеген басқа факторлардың бағалауын қамтитын коммерциялық әуе жолдарын бағалауын өткізеді.



## 2.4 ЖЕРДЕГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы сапарды барынша жайлы жасауға тырысып, дүниежүзі бойынша жолаушыларына жердегі қызмет көрсетуді жақсарту беталысын сақтады.

### Тіркеу қызметтері

Бизнес-сынып жолаушыларында және Nomad Club алтын және күміс карточкалардың ұстаушыларында кейбір бағандарда тіркеуден өтуге артықшылықтары бар. Бизнес-сынып жолаушыларының және Nomad Club алтын картасының ұстаушыларының Бангкокта, Куала-Лумпурда, Ыстамбұлда және Лондон әуежайы Хитроуда кедендік тексерме рәсімін жеделтелген өту қызметін және «Fast Lane» қауіпсіздік қызметін пайдалануға мүмкіндіктері бар.

2011 жылы компания сайтында онлайн-тіркелуден өтуге үлгермеген және әуежайда отырғызу талоны үшін кезекте тұрғысы келмейтіндерге бірнеше ми-

нутта жолаушыға тіркеуден өтуге мүмкін ететін Алматы қаласының әуежайында тіркеудің мобильдік баған қызметі енгізілді. Қазіргі таңда тіркеудің мобильдік баған қызметі тек ішкі рейстерде қол жетімді, бірақ келешекте бұл қызмет халықаралық рейстерде енгізілмек.

2012 жылы компания белгілі әуежайда кейбір рейстерде ұялы телефон арқылы тіркелу қызметін (mobile phone check-in) іске қосуды жоспарлайды.

Сондай-ақ кейбір әуежайларда әуекомпаниясымен бизнес-сынып жолаушыларының және Nomad Club алтын және күміс карточкалар ұстаушыларының басымы отырғызуы енгізілмек.

### Қүту залдары

Халықаралық әуежайлар «Эйр Астана» компаниясының жолаушыларына ең жайлы күту залдарын

ұсынады. 2011 жылы компания жолаушыларына халықаралық әуежайларда үздік күту залдарын ұсыну үшін барлық күшті салуды жалғастырды. Енді бизнес-сынып жолаушыларының және Nomad Club алтын картасының ұстаушыларының Абу-Даби және Хитроу (Лондон) халықаралық әуежайларындағы Etihad Airways әуекомпаниясының жаңартылған және жайлы күту залдарын пайдалану мүмкіндігі бар.

Осы тізімге Инчхон (Сеул) халықаралық әуежайындағы Asiana Airlines күту залы қосылды, ол жолаушыларға түрлі керек-жарақ ұсынады. Бизнес-сынып жолаушылары мен Nomad Club алтын картаның ұстаушылары тегін телефонды, сымсыз Интернетті және көшірмелік байланыс қызметін, сондай-ақ түрлі салқындатылған сусындарды және журналдарды пайдалана алады. Зал демалу бөлмесімен, душ кабинасымен жабдықталған, сондай-ақ жолаушылар ұқалау қызметтерін және басқа керек-жарақпен пайдалана алады.

2012 жылы «Эйр Астана» халықаралық әуежайларда өтудің және күтудің ыңғайлырақ уақытын жолаушыларына қамтамасыз ету үшін бірінші сынып деңгейіне дейін және бес жұлдыз деңгейіне дейін күту залдарын ұсынуды жалғастырмақ.

### Жолжүкті рәсімдеу және өңдеу

«Эйр Астана» компаниясының Алматы және Астана арқылы саяхаттайтын жолаушы саны ұдайы өсіп жатқанына қарамастан, 2011 жылы компания қате жіберген жолжүгі санын 2010 жылмен салыстырғанда 1,000 жолаушыға 1,74 сөмке орташа санына дейін қысқарта алды. Бұл көрсеткіштер АҚШ және ЕО елдері әуекомпаниялардың орташа көрсеткіштерінен едәуір жақсырақ.

## 2.5 ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«Эйр Астана» әуекомпаниясының инженерлік-техникалық департаментінің негізгі қызметі ұшу қауіпсіздігінің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге және ұшақтарға техникалық қызмет көрсету саласында шығындарды оңтайландыруға бағытталған.

Әуе кемелеріне инженерлік-техникалық қызмет көрсету Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттіктің талаптарына (EASA) сай жүзеге асырылады.

Қызмет тиімділігін арттыру және шығындарды оңтайландыру мақсатында «Эйр Астана» дербес орындалатын жұмыстар түрлерін ұлғайтып және аутсорсингке берілетін жұмыстар санын анағұрлым төмендетіп, әуе кемелерін дербес инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бағытын дамытуды жалғастыруда.

Меншікті авиациялық-техникалық орталығын құру бойынша жобаны іске асыру мақсатында 2011 жылы Алматыда әуе кемелерінің компоненттерін және құрылымдарын жөндеу жаңа орталығы ашылған. Жаңа авиациялық-техникалық орталық заманауи, жоғары технологиялық инженерлік-техникалық кешен болып табылады. Жаңа орталық авиациялық дөңгелектерге, батареяларға техникалық қызмет көрсету және ұшақтың тұрмыстық жабдығына қызмет көрсету және ұшақтың құрылымдық жөндеу бойынша цехтарды қамтиды. Сондай-ақ мұнда ұшақтар бөлшектерін бұзбайтын бақылау Қазақстандағы жалғыз авиациялық зертханасы жұмыс істейді.

Компания авиациялық тежегіштерді, ұшақ құрылымының композиттік элементтерін жөндеу цехін және ұшақтың тұрмыстық жабдығына қызмет көрсету зертханасын іске қосуды және олардың Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігінде сертификаттауын жүзеге асыруды 2012 жылдың соңына дейін жоспарлап отыр. Қосымша меншікті калибрлеу зертханасын және гидростатикалық сынақтар зертханасын құру туралы мәселесі қарастырылуда. EASA алынған сертификатына қоса, әуе кемелерінің компоненттерін және құрылымдарын жөндеу орталығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетінде лицензия алды. Орталықтың ашылуы компанияға инженерлік-техникалық қызметтердің шетел жеткізушілерінен тәуелсіздеу болуға мүмкіндік береді.

Әуе кемелерінің компоненттерін және құрылымдарын жөндеу цехтарын салуы авиациялық-техникалық орталығын құру жобасын жүзеге асыру кезеңінің бірі болып табылады. Онан әрі осы жобаның шеңберінде сондай-ақ Астанада да ірі авиациялық-техникалық орталықты құруы көзделуде. Жоба мақсаты Қазақстанда қазіргі уақытта өткізілімейтін С-чек көлемінде «Эрбас-А320» және «Эмбраер-190» үлгідегі ұшақтарды жөндеу бойынша ірі және еңбекті көп қажетсінетін жұмыстарды дербес орындау болып табылады. Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін көрсетілген үлгідегі ұшақтарға техникалық қызмет көрсету Қазақстанда өткізіледі. Бұдан басқа, компания Қазақстан аумағында істейтін басқа әуекомпанияларға жөндеу қызметтерін ұсына алады.

С-чек – ұшақ құрылымының элементтерін тексеруге және оның жүйелерін толық жете тексеруге арналған ұшаққа базалық қызмет көрсетудің еңбекті көп қажетсінетін түрі. Қызмет көрсету ұзақтылығы 1-2 апта құрайды. Қазіргі таңда Қазақстанда жасалмайды.

### Ангарлар мен қоймалар

Алматыдағы ұшақтарға қызмет көрсету ұзақ мерзімді жалгерлігі құқығында «Эйр Астана» әуекомпаниясына жататын ангарда өткізіледі. Әуекомпания ангарды арнайы жабдықпен жарақтандыру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарды. Бұл оны пайдалану тиімділігін анағұрлым арттырды. Одан басқа Астана және Атырау қалаларында компанияның техникалық қызмет көрсету базалары және қосалқы бөлшектер қоймалары бар. Осы қалаларда техникалық қызмет көрсету базалары және қосалқы бөлшектер қоймалары болғандығы ұшақты жедел жөндеу үшін қажет уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Әзірленіп жатқан жоба шеңберінде Алматыдағы негізгі базаның қауырт шақта жұмысын жеңілдетіп, өзінің жабдықтау деңгейі бойынша өздеріне өндірістік көлемдерді алуға жарамды болатын меншікті ангарлық кешендері бар бөлімшелердің құруы ұйғарылады.

Қазіргі кезде компанияның қосалқы бөлшектердің үлкен қоймасы бар. Бәрі қосалқы бөлшектер тікелей өндірушілерден не өндірушілер мақұлдаған жеткізушілерден сатып алынады. Одан басқа компанияның AJ Walters, Fokker Services және Embraer компаниялардан қосалқы бөлшектер резервін пайдалану мүмкіндігі бар.

### Жабдық

«Эйр Астана» техникалық қызмет көрсетудің барлық станцияларында әуе кемелеріне қызмет көрсету жұмыстарын тиімдірек орындау үшін қажет жабдық тізімін дәйекті түрде кеңейтуде. Компанияда меншікті автобасқыш, ұшақтың ішін тазалау бөліміне арналған автолифт, жабдықты жетекке алуға арналған екі кіші тягач, аэродромдық жылытқыштар, басқыштар және жеңіл баспалдақтар бар. Одан басқа Алматыда техникалық қызмет көрсету үшін тұрақ аймағынан ангарға ұшақ қозғалысы уақытын едәуір үнемдеуге мүмкіндік беретін үлкен буксирлік тягач бар. «Эйр Астана» әуекомпаниясының жүргізушілері зауыт-өндірушіден буксирлік басқышты басқару бойынша арнайы оқудан өтті.

### Басқа әуекомпаниялардың әуе кемелеріне қызмет көрсету

Үшінші тараптарға техникалық қызмет көрсету бойынша бағдарламаны дамыту шеңберінде әуекомпания инженерлері курстарды табысты өтті және бөгде әуекомпанияларға қарайтын «Боинг-747-800» және «Эрбас-А330» үлгідегі жаңа ұшақтармен қоса әуе кемелерінің басқа үлгілеріне дербес техникалық қызмет көрсету құқығына сертификатталған. Ұшақтарға техникалық қызмет көрсету жұмыстары он екі шетел әуекомпанияларына жасалады, соның ішінде Turkish Airlines (Түркия), KLM (Нидерланды), Cargolux (Люксембург), UPS (АҚШ), Austrian Airlines (Австрия), Aerosvit (Украина), Air Arabia және Etihad (БАӘ). Бұдан басқа әуекомпания барлық дерлік қазақстандық тасымалдаушылармен белсенді қызмет істеп, тапсырыс беруші ұшағының компоненттерін жөндеу, жабдықты және материалдарды беру, ангарда орынды қамтамасыз ету қызметтерін көрсетеді.

### Инженерлік-техникалық команданы оқыту

2011 жылы инженерлік-техникалық департаментінің төрт жас маманы Ұлыбританияда оқуды аяқтады. Біздің инженерлер механикалық және авиациялық бөліктері бойынша ұшақтарға техникалық қызмет көрсету құқығына EASA Бөлім 66 еуропалық лицензиясының Қазақстандағы алғашқы иегерлер болды. Қазіргі кезде әуекомпания Германиядағы авиациялық-оқу орталығында семинарларға қатысумен қашықтан оқу қағидаты бойынша тәжірибелі мамандарға арналған EASA Бөлім 66 инженерлік лицензияны алу әдістемесін дайындау үстінде.

Оқудан өткен инженерлер бөлігі әуе кемелерінің компоненттерін және құрылымдарын жөндеу жаңа орталығында жұмыс істейді. Компания өз инженерлердің біліктілігін тұрақты арттыру беталысын жалғастырмақ және іспеттес оқу бағдарламаларына инвестициялайды.

### Болашақ авиационгерлерді дайындау

Әуекомпания Қазақстан азаматтық авиация Академиясымен бірлесіп Академия студенттерінің практикалық және теориялық білімдерін жетілдіру бойынша іс-шара жоспарын әзірледі. Бұл қадам компания талаптарына сәйкестенетін мамандарды даярлауға елеулі үлес қосу тиіс. Барлық теориялық және практикалық курстарды табысты өткеннен кейін лайықты үміткерлер «Эйр Астана» әуекомпаниясының инженерлік-техникалық департаментіне жұмыс туралы ұсыныс алады.

Қазіргі уақытта ҚР Азаматтық авиация академиясымен бірге Қазақстанның азаматтық авиациясында білікті кадрлар тапшылығы мәселесін шешуге тиіс еуропалық стандарттарға сәйкестенетін Алматыдағы заманауи оқу орталығын құру жобасы дайындалу үстінде.

*Машық жасау керек.  
"Эйр Астана" әуекомпаниясына  
миллиондағы таалауымыз  
төселмеліде.*



## 2.6 САТУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

2011 жылы компанияның жолаушы тасымалынан кіріс өсімі өткен жылмен салыстырғанда 18% көбейді және 736 миллионнан астам АҚШ долларын құрады.

Компанияның маршруттық желісінің аймақтық және азиялық бағыттардың жедел дамуы және осы аймақтарда жалғасқан экономикалық өркендеу, дистрибуцияның әртарапандырылған желісі, клиенттер ниеттестігін арттыруға және брендтің танылатындығына бағытталған іс-шаралар мен бағдарламалар кешені компания кірісінің тұрақты өсуіне себепші болатын факторлар. Кірістің өсуіне офлайн сатулардың 2011 жылы 15% ұлғайғаны да себепші болды. Бұның негізі офлайн кірістің 2010 жылы 19% өсуі болды.

### Сату арналары

Компания авиабилеттерін компанияның сату кеңселерінде, брондау және ақпарат орталығында (Call Centre), компания сайтында және дүниежүзіндегі туристік агенттіктерде сатып алуға және брондауға болады. «Эйр Астана» сату арналарын үнемі кеңейтіп және әртарапандырып, компания қызметтерін пайдалану мүмкіндігін 40 000 астам мекенде береді.

*Дүниежүзілік тасымалдаушылардың күннен күнге өсуде.*



AERO International (Германия), қараша 2004 ж., «Қазақстанның ұлттық тасымалдаушысы өрлеуде»



Airlines International (IATA), қаңтар 2005 ж., «Эйр Астана – тұрақты ниеттер»



Airliner World, ақпан 2005 ж., «Эйр Астана – Қазақстанда қанаттарын жазуда»

### Тікелей сатулар

Әуекомпанияның тікелей сату кеңселері Қазақстанның барлық аумағында дерлік орналасқан. Ғаламдық деңгейде сату кеңселері ТМД, Еуропа, Азия және Таяу Шығыс елдерінде көрсетілген. Компанияның сату кеңселері авиабилеттерді брондау және сату бойынша, брендтік өнімді сату және компания қызметтері бойынша ақпаратты берудің түрлі қызметтерін көрсетеді.

Тікелей сатуларды дамыту мақсатында «Эйр Астана» компаниясы банктермен және төлем терминалдар жеткізушілерімен келісімдер жасаған. Біздің клиенттерімізде компаниядан тікелей сатып алған авиабилеттер үшін 3000 астам төлем орындарда төлеу мүмкіндігі бар.

Клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру және тікелей сатулар өсімін ынталандыру бағдарламасы шеңберінде компанияда Алматы және Астана қалаларында орналасқан брондау және ақпарат орталықтары тәулік бойы жұмыс істейді. Тікелей сатулар Қазақстан аумағында компанияның 15% дерлік жалпы кірісін құрайды, ал әуекомпания сайты арқылы сатулар 38% өсіп, дүниежүзі бойынша жолаушы тасымалының жалпы кірісінен 4% құрады. 2011 жылы «Эйр Астана» қайтадан Қазақстанда көшбасшы болды.

2011 жылы «Эйр Астана» SMS хабарламаларды жіберу арқылы клиенттерді автоматты түрде хабарландыру қызметін енгізді. Компания жолаушыларына SMS хабарламаларды автоматты түрде жіберуі рейстер кестесі өзгерген кезде жасалады. Мұндай қызметті енгізу арқасында рейстер кестесінің өзгеруі туралы ақпаратты алуымен байланысты жолаушылардан қоңырау саны азайды. 2011 жылы компанияның брондау және ақпарат орталықтары

күніне 4 000 қоңырау қабылдап, қызмет көрсетті, бұл 2010 жылдан 34% көбірек.

### Дистрибуция

Әуекомпанияның шетелдегі агенттік желімен жұмыс тиімділігін арттыруына IATA BSP (Bank Settlement Plan) компанияның өзара есеп айырысудың шоғырланған жүйесіне қатысуы жағдай туғызады. BSP – авиабилеттерді рәсімдеу үдерісін оңайлату, сату туралы есептерді дайындау және агенттер мен әуекомпаниялар арасындағы көрсетілген қызметтер үшін өзара есеп айыруды жасау мақсатында құрылған өзара есеп айырысу жүйесі.

«Эйр Астана» компаниясы BSP (APJC) шеңберінде агенттік бағдарламаны әзірлеу жөніндегі Кеңес төрағасы болып табылады. 2011 жылы ішінде кіріс көрсеткіштерімен бірге өсетін несиелік тәуекелдерін азайту мақсатында компания Қазақстанда өзара есеп айырысу (BSP) жүйесіне кіру үшін қажет қаржы өлшемдерін талқылауына белсенді қатысты. Өткізілген кездесулер несиелік мерзімдерін қайта қарауымен және үштің бір бөлігіне қысқартуымен аяқталды. Осы өзгерістер 2011 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

2010 жылы «Эйр Астана» Дистрибуцияның ғаламдық жүйесі (GDS) қызметінің негізгі жеткізушілерімен бірқатар табысты келіссөздер өткізді, бұл Еуропалық Комиссияның нормативтік-құқықтық базасындағы өзгертулерден және дистрибуцияға жұмсалатын шығысты оңтайландырудан қосымша пайда алуға жағдай туғызды. 2011 жылы әуекомпания GDS қызметтерінің негізгі жеткізушілерімен өзара тиімді шарттар негізінде жаңа келісімшарттар жасады.



*2004.  
"Билет 464-300 ER"  
алғашқы кезіндегі  
ұшақтың келуі.*



## Әуекомпаниялармен код-шер келісімдер мен ынтымақтастық

Ғаламдық маршруттық желіні кеңейту бағдарламасы шеңберінде «Эйр Астана» компаниясымен Etihad, KLM, airBaltic, Asiana Airlines және Austrian Airlines сияқты жетекші әуекомпаниялармен код-шер келісімшарттар жасалды.

Etihad әуекомпаниясымен код-шер келісімшартқа 2011 жылы қол қойылған. Осы келісімшарт бойынша «Эйр Астана» әуекомпаниясының жолаушыларына Азияда, Таяу Шығыста, Африкада және Үндістанда Etihad маршруттық желісін пайдалануға кең мүмкіндіктер ашылады. Бүгінде екі әуекомпания өз жолаушыларына Қазақстан Республикасының қалалары мен Абу-Даби (БАӘ) қаласы арасында аптасына 15 рейс, сондай-ақ дүниежүзіндегі 100 астам бағыттары бойынша ыңғайлы түйісулер ұсына алады.

2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы «Россия» әуекомпаниясымен код-шер келісімшартын жасады. Бұл келісімшарт «Эйр Астана» компаниясының Алматы мен Санкт-Петербург қалалары арасындағы рейсінде ұшулар жиілігін еселеуге мүмкіндік берді

және бұл бағыттағы трафикті ынталандырудың негізгі факторы болды.

Бұдан басқа «Эйр Астана» 100 астам тасымалдаушымен интерлайн-келісімшарт жасады, сонымен қатар 50 астам әуекомпаниясымен арнайы үйлесімді келісімшарт (SPA) бар. Бұл келісімшарттар компания жолаушыларына 300 астам бағыттан маршрутты таңдау мүмкіндігін береді.

## Nomad Club ынталандыру бағдарламасы

Nomad Club «Эйр Астана» компаниясының жиі ұшатын жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы. Бағдарлама 2007 жылғы желтоқсанында іске қосылды және 2011 жылдың соңына 100 000 дерлік жолаушылардан тұрған, бұл оның іске қосудан бері 2011 жылы 35% өсімін құрады. Соншама сенімді өсім компанияның ниеттес клиенттеріне берілетін артықшылықтар арқылы жеткен клиенттер қызығушылығының артқандығы дәлелдейді.

Nomad Club қатысудың көк, күміс және алтын үш деңгейін ұсынады. Бағдарламаға қатысу оның деңгейін көтеруге арналған балдарды жинауды және қосымша артықшылықтарды алуды жорамалдайды, сонымен қатар ақысыз билеттер алу мен сыныпты жоғарылату үшін балдар жинауды жорамалайды.

Бағдарламада қатысу деңгейіне және жиналған балдар санына байланысты бағдарлама қатысушылары түрлі артықшылықтарды пайдалана алады: рейске басым тіркеу, тегін жолжүкті алып өту нормасын көбейту, бизнес-сыныптың күту залын пайдалану, қосымша бонус және т.б. Жолаушыларымыздың ниеттестігін арттыру мақсатында «Эйр Астана» қосымша артықшылықтар санын және түрлілігін ұдайы өсіру үшін үнемі жұмыс істеуде.

Nomad Club қызметтерін пайдалану үдерісін оңайлату үшін, компания балдарды онлайн қалпына келтіру мүмкіндігін, сондай-ақ жүлделі билеттерді онлайн-брондауды енгізді. Бұл қызметті қазіргі кезде компанияның 20% ниеттес клиенттері пайдаланады.

Nomad Club қатысушылары «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшып өтулерін төлеу кезінде ғана емес, компания серіктестерінің тауарлары мен қызметтерін сатып алғанда балдар алады, мысалы, қонақүйлер, мейрамханалар, дүкендер.

## HSBC-Nomad Club бірлескен кредиттік картасы

2011 жылы HSBC Қазақстан банкі мен «Эйр Астана» әуекомпаниясы HSBC Nomad Club бірлескен кредиттік картасын шығарды. Ұшу балдарын және компаниялар-серіктестерде жасалатын сатып алулар үшін балдарды жинаудан басқа, бірлескен кредиттік карта оның ұстаушыларына шетелде және Қазақстанда жасалатын әрбір транзакциямен балдар жинауға мүмкіндік береді. HSBC Nomad Club кредиттік картасы клиенттеріміздің адалдығын арттырады, сондай-ақ әуекомпанияның қосымша кірісі көзі болып табылады.

## 2.7 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ

### Маршруттық желіні кеңейту

«Эйр Астана» компаниясымен 2009 жылы іске қосылған аймақтық маршруттық желіні кеңейту бойынша стратегия өзінің өрлеу қарқынын әсіресе 2010 жылдың соңғы айларында және 2011 жылы бойы жандандырды.

2010 жылдың соңында Ташкент, Душанбе, Санкт-Петербург, Екатеринбург бағытында рейстер, сондай-ақ жыл басында Ақтау – Ыстамбұл және 2011 жылдың ортасында Алматы – Тбилиси және Алматы – Самара жаңа рейстері ашылды.

Компания жиілікті ішкі рестердің көбісінде ұлғайтып, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырды. Жаңа «Эмбраер-190» ұшақтардың келуімен, рейстердің көпшілігі «Фоккер-50» ұшағынан мына реактивті әуе лайнерлеріне ауыстырылды.

Батыстағы экономикалық құлдырау салдарынан әуекомпания ұшуды ұлғайту бойынша мүмкіндіктерін азиялық бағыттарға аударды.

Аймақтық маршруттық желіні кеңейтуден басқа, халықаралық бағыттарда жиіліктің арттырулары болды: нарықтағы үлкен сұранысқа ие Алматы-Банкок және Алматы-Куала-Лумпур бағыттарында. Үндістан үкіметінен рұқсат алғаннан кейін Дели қаласына рейстер саны көбейеді. Сондай-ақ 2012 жылы «Эйр Астана» Алматыдан Гонконгқа жаңа рейсін ашуды және Қытайға бағыттар жиілігін ұлғайтуды жоспарлауда.

### Жүк тасымалы

Жүк тасымалына сұраныстың ғаламдық құлдырауына қарамастан, «Эйр Астана» әуекомпаниясының жүк тасымалынан кіріс өсімі 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 17% құрады. Қазақстанда тікелей сатулар туралы шешім жүк тасымалына жұмсалатын шығысты қысқартудан басқа, Қазақстан аумағында жүк тасымалынан кірісті 47% өсіруге жағдай туғызды. Сондай-ақ 2011 жылдың төртінші тоқсанында жүк тасымалы сапасын және барлық құрлық бойынша офлайн сатуларды жақсарту үшін Еуропадағы жүк тасымалы бойынша жаңа агент тағайындалған.

### Бренд туралы хабардарлық

Әуекомпания «Эйр Астана» және Қазақстан туралы хабардарлықты арттыру мақсатында түрлі көрмелерге қатысады. Хабардарлықты арттыруға жергілікті және халықаралық маркетингтік науқандар мен сауда іс-шаралары себепші болады.

2011 жылдың наурызында Берлиндегі ITB көрмесінде жаңа жатын бизнес-сыныпты іске қосу халықаралық науқаны өтті. Сонымен қатар 2011 жылғы көктемінде әуекомпания Алматыдағы KITF 11-ші халықаралық көрмесіне қатысты, онда «Боинг-757» әуе лайнерінің жатын бизнес-сыныптың жаңа моделі көрсетілген. Сондай-ақ бұл шара Тбилисиге, Грузияға жаңа маршруттық бағдардың ашуын қамтыды.

Жыл бойы «Эйр Астана» Бакудағы AITF, Бангкоктағы TAA, Малайзиядағы MATA, KIOGE, Samara Expo, Atyrau Oil & Gas, Mining 2011, Digital Communication, KazEnergy және тағы басқа іс-шараға қатысты.

«Эйр Астана» компаниясымен және серіктестерімен бірлесіп ұйымдастырылған бірқатар сауда іс-шаралардан басқа, әуекомпания туризм индустриясында сұранысты ынталандыру үшін Қазақстанның және басқа елдердің туроператорлары арасында семинарларды өткізуге жәрдемдесті. Мұндай айқын үлгілердің бірі Нью-Делиде өткен «Туризм және саяхат» 6-ші қазақстандық-үнді көрмесі болды. Қатысушылар және келушілер саны бойынша көрме әлемдегі ең ірілердің бірі болып саналатын 31 үнді халықаралық сауда жәрмеңкесіне (ITF) орайластырылған.

2011 жылдың басында Time, Economist, Newsweek, Herald Tribune және басқа бұқаралық ақпараттар құралдары қатысуымен халықаралық науқаны арқылы әуекомпания брендінің жаңарған визуалды тұжырымдамасы Қазақстанда және барлық маршруттық желісі бойынша енгізілді. Жаңа тұжырымдама барлық маршруттық желіде ТМД және Азия елдері арасында маршруттарды ұсынатын заманауи, қауіпсіз және қарқынды дамушы әуекомпания бейнесін қалыптастыру үшін көрсетілген. Брендтке ерекше білгіштігін беруге мүмкіндік жасайтын дизайнын әзірлеуі науқанның негізгі мақсаттарының бірі болды.

«Эйр Астана» қазіргі жүйелерге тұрақты техникалық қолдаумен қатар өзінің ақпараттық технологиялық платформасын тұрақты дамытуға ерекше көңіл аударады.

2011 жылы BAS (Business Applications Solutions) қазақстандық компаниясымен бірге «Эйр Астана» Oracle E-Business Suite және Oracle Hyperion платформалары арқылы кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйесін (ERP) енгізуді табысты аяқтады. Жоба 2010 жылы басталған және 9 айдан кейін платформаның негізгі



2007.  
"Эйр Астана" IOSA аудитік өткен  
алғашқы Орталық Азия әуекомпаниясы  
және IOSA сертификаттан өткізіп  
ілетпейіз алған ТМД-ның алғаш  
әуекомпанияларының бірі болды.

модульдері өндірістік пайдалануда болды. Бұл жобаны іске асыру нәтижесі компанияның әртүрлі атқарымдық салаларын қамтитын кең жүйісі болып табылады. Бұл, өз кезегімен, тиімділіктің, басқаруды бақылаудың және ашықтықтың арттыруына әкелді. Бұл жоба шеңберінде сатып алу, қаржы, адамдар ресурстарын басқару, қор басқару, бюджеттеу мен жоспарлау модульдері енгізілді. ERP платформасы әуекомпанияның бірқатар басқа операциялық жүйелерімен біріктірілген, соның ішінде, инженерлік-техникалық қамтамасыз етуде пайдаланатын жүйелер, экипаж, ұшулар, кіріс басқару жүйелері. Сатып алулар веб-сайты да жаңартылып, ERP жүйесімен біріктірілген. Қызметкерлерді жинау қызметі де Oracle iRecruitment толық қолдану үшін түрлендірілген. Сондай-ақ компаниямен ERP платформасын қолдану деңгейін арттыратын ERP Assistance арнайы қосымша әзірленген. Бұл қосымша түпкілікті пайдаланушыларға ERP-де операцияларды ыңғайлы түрде бақылауға, корпоративтік логинді пайдалану арқылы өзінің шоттарын оңай басқаруға мүмкіндік береді және шығын орталығының иегерлеріне басқару ақпараттың түрлі үлгілерін басқаруға және алуға мүмкіндік береді.

Компаниямен брондауды, төлемдерді және есепті қамтитын қызметті автоматтандыру және оңтайландыру үшін авиабилеттерді сату кеңселерге арналған сатуларды басқару жүйесі әзірленген.

Бұдан басқа компаниямен кредиттік карта арқылы басқа қолма-қол төлеу мүмкіндігі бар авиабилеттерді сату кеңселерінде жолаушылардың өзіне-өзі қызмет етуге арналған қосымша әзірленген. Қолма-қол төлемдер авиабилеттерді сату кеңселерінің сатуларды басқару жүйесімен біріктірілген. Бұл жаңалық билетті сатып алғанда жолаушылардың күту уақытын анағұрлым қысқарту мүмкін.

Нақты уақыт тәртіптемесінде рәсімделген билеттерді сатып алу және Қазақстандағы банктер арқылы брондау үшін төлемдерді жүзеге асыру үшін жолаушыларға арналған бағдарламалық шешім енгізілді. Бұл шешім компания жолаушыларына «Эйр Астананың» билеттерін сатып алуға ыңғайлы мүмкіндікті береді. Қазіргі уақытта бұл шешім Homebank «Казкоммерцбанк» АҚ қызметі арқылы төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді және билеттер автоматты түрде жазып беріледі.

Одан кейін компаниямен сыртқы компаниялармен құжаттарды алмасуды басқаруға арналған қосымша әзірленген. Бұл қосымша – келешекте кеңейтілетін құжаттарды басқарудың бюджеттік платформасы.

2011 жылы компаниямен «Эйр Астана» ұшақтарының батареяларына дербес қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін ABMS (Aircraft Battery Management System) жаңа бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілді. Бұл әуе кемелерінің батареяларына техникалық қызмет көрсетуінде қаражат үнемдеуіне әкелді. Бұдан басқа Алматыда және Астанада негізделетін «Эмбраер-190» флотының инженерлеріне оларды интерактивті техникалық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін бағдарламалық қосымша ұсынылған.

Одан кейін TechSupply инженерлік-техникалық жеткізілімдерді және логистиканы басқаруға арналған қосымша Oracle E-Business Suite-пен біріккен. TechSupply қосымшасы «Эйр Астананың» ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция департаментінің меншікті талдамасы.

iCargo қосымшасы «Эйр Астанамен» жүк тасымалы үшін қолданылады. Бұл бағдарлама ғаламдық брондауды, жүк тасымалын басқаруды және жүк кірісі есебін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 2011 жылы авиажүкқұжатының қазіргі есебіне қоса пошта тасымалынан кірісті есептеу үшін жаңа модуль қосылған.

Сондай-ақ экипажды басқару жүйесіне экипаждың жүйеге кіруін автоматты түрде өңдеуді қамтамасыз етуге арналған жаңа модуль қосылған. Бұл модуль «Эйр Астананың» барлық торапты әуежайларына енгізілген. Бұл экипаждың ұшу сағаттарын өңдегенде бақылауды, тиімділікті және ашықтықты жақсартты.

2011 жылы RTB жөнелтулерді басқару Тбилиси және Самара жаңа станциялары үшін енгізілген.

Бұдан басқа қауырт уақытта жолаушыларды тіркеудің тиімділігін арттыру үшін Алматы әуежайында жолаушыларды тіркеу шағын бағандарына арналған шешім жүзеге асырылған.

«Эйр Астанада» Алматыдағы деректерді өңдеу негізгі орталығын апатты қалпына келтіру құралы ретінде Астанада деректерді өңдеу орталығы бар. 2011 жылы деректерді өңдеу орталығы ресурстар және деректер қолжетімділігі жайында кеңейтілді. Брондау және ақпарат орталығы үшін қызметтер қолжетімділігін арттыруға арналған телефон станциясының кластерлік жүйесі енгізілген, сондай-ақ сауалдарды тиімдірек өңдеу үшін Астана мен Алматыда брондау және ақпарат орталықтары арасында қоңырауларды автоматты түрде табыстауы енгізілді.

АТ және электрондық коммерция департаменті де компания қызметкерлерінің оқыуына қатысады. 2011 жылы «АТ білімдерін жаңарту» жаңа оқу бағдарламасы іске қосылған. Ол АТ саласындағы қызметкерлердің білімдерін қолдауға арналған. Сондай-ақ 2011 жылы көптеген қосымша атқарымдарды қамтитын Интранет-платформа жаңартылған. Интранет-платформа білімді басқару үшін көбірек қолданылады.

## Электрондық коммерция

«Эйр Астана» компаниясының корпоративтік сайты компания байланыстарының негізгі құралы және тікелей сатуларға арналған қосымша арна болып табылады. Ол авиабилеттерді онлайн-брондау және сатып алу, онлайн-тіркеу, қонақүйлерді дүниежүзі брондау, рейстің ұшып келуін/ұшып кетуін тексеру, брондау мәртебесін тексеру және көптеген басқа қызметтері сияқты түрлі қызметтер ұсынады. «Эйр Астана»




компаниясының веб-сайты арқылы билеттерді әуекомпания және оның интерлайн-серіктестері орындайтын рейстеріге билеттерді алуға болады. 2011 жылы онлайн-сатуларды анағұрлым көбейткен бірнеше онлайн промо акциялар өткізілді. Сонымен қатар 2011 жылы корпоративтік веб-сайтта Chartis Travel Guard ірі халықаралық сақтандыру компаниясымен бірлесіп сапарды сақтандыру қызметі пайда болды.

HRS (Hotel Reservation Service) серіктестігі арқасында корпоративтік веб-сайтта 250 000 астам қонақүйді дүниежүзі бойынша 180 астам елдерде брондау мүмкін болды. 6 500 астам арнайы ұсыныстар қонақүйлерден айрықша бағалармен «Эйр Астана» компаниясының клиенттері үшін қол жетімді.

Nomad Club қатысушылары үшін жүлделі билеттерді брондау жаңа қызметі 2011 жылы енгізілген. Nomad Club қатысушылары өзінің Nomad Club балдарын жүлделі билеттерді онлайн сатып алу арқылы пайдалана алады, алымдар мен салық кредиттік картасы арқылы төленеді. Бұл жиі ұшатын жолаушылар үшін қолайлы құрал. Жүйе бірнеше ай бұрын бос орындар бар күндерді көрсетеді. Жүйе брондау жүйесімен, жиі ұшатын жолаушылар жүйесімен және төлем шлюздың жүйесімен біріккен.


Барынша жайлылықты қамтамасыз ету үшін «Эйр Астана» жолаушылары үшін өзінің сайтында онлайн-тіркеу қызметін (WCI) ұсынады. Бұл қызмет «Эйр Астана» компаниясы желісінің барлық әуежайларында қол жетімді. Онлайн-тіркеу үшін рейстердің жөнелуі жоспарланған уақытына 24 сағат және 60 минут бұрын ашық. Онлайн-тіркеу қызметін пайдаланған жолаушылар саны 2010 жылғы 319 398 жолаушымен салыстырғанда 2011 жылы 544 752 адамға дейін көбейді және 70% өсті.

#### WEB CHECK-IN ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ СТАТИСТИКАСЫ



«Эйр Астана» корпоративтік веб-сайтына кіру соңғы 4 жыл ішінде 3,2 есе ұлғайды. Күн сайын 15 мың жолаушы әлемнің 100 елінен компания сайтына кіреді.

#### КОМПАНИЯ САЙТЫНА КЕЛІП-КЕТУШІЛЕР САНЫ



«Эйр Астана» туралы БАҚ үшін ақпаратты берудің ашықтығын және тиімділігін арттыруға арналған 2011 жылы сайтта «Баспасөз қызметі» арнайы бөлімі қосылды. Осы бөлімде келіп-кетушілер компанияның ақпараттық саясаты, баспасөз хабарламаларды, компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жобалар туралы және компаниямен байланысты көптеген басқа ақпаратты таба алады.

## III ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«Эйр Астана» компаниясының қызметі өзге әуекомпаниялар сынды саяси, өндірістік, қаржы және салалық тәуекелдерге ұшырағыш. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, сонымен қатар олардың қаржы және операциялық көрсеткіштеріне ықпалды азайту мақсатында компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. «Эйр Астана» тәуекелдерін басқару үдерісінің мақсаты тәуекелдерді азайту және ысырапты алдын алумен ішкі үдерістерді оңтайландыру болып табылады.

Компанияда тәуекелдерді басқарудың үш деңгейлі жүйесі салынған.

Бірінші деңгей компанияның Директорлар кеңесімен көрсетілген. Ол тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесіне бақылау жүргізуінде, компания қызметінде мақсаттарды қоюында, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында құжаттарды бекітуінде, тәуекел тұрақтылығында және тәуекелге тәбетінде маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесі тұрақты түрде маңызды тәуекелдерді қарайды, осы маңызды тәуекелдерді басқаруды және тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларды бағалайды.

Екінші деңгей компания президентімен және тәуекелдер жөніндегі комитетімен көрсетілген. Өз


кезегімен, олар тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру үшін және корпоративтік саясатты орындауды және қолдануды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құру үшін жауапты.

Тәуекелдерді басқару үдерісіндегі үшінші деңгей компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметін үйлестіру, компанияның Директорлар кеңесі орнатқан және мақұлдаған бағдарламалар мен рәсімдер шеңберінде тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингі үшін жауапты компанияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдер меншіктенушілері) әрбір қызметкерде тәуекелдерді басқару үдерісінде маңызды рөл атқарады. Компания қызметкерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және әрбір бөлімшенің және жалпы компанияның қызметіне әлеуетті ықпалының мониторингін жүргізеді.

Тәуекелдерді басқару компания тәуекелдерін корпоративтік басқару жүйесінің ажыратылмайтын бөлігі болып табылады және мынадай компоненттерден тұратын тұрақты, қарқынды және үздіксіз үдеріс болып көрінеді:

### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



Тәуекелдерді азайту тәуекелдерді басқару үдерісінің негізгі элементтерінің бірі болып табылатынына байланысты, «Эйр Астана» тәуекелді азайту және бақылау, тәуекелді қаржыландыру және тәуекелден кету, тәуекел тұрақтылығының және тәуекелге тәбетінің деңгейімен қоса, тәуекелдерге әрекет жасау осындай әдістерді сақтайды және қолданады.

Төменде «Эйр Астана» АҚ басшылығы әуекомпания үшін негізгі тәуекелдер ретінде белгілеген тәуекелдер тізімі беріліп отыр. Дегенмен бұл тізім толық емес және болашақта күтпеген жағдайлар және/немесе факторлар компания қызметіне жағымсыз ықпал ету мүмкін.

### Негізгі тәуекелдер мыналар болып табылады:

- Төтенше жағдайлардың қорғау және қауіпсіздік жүйесінде пайда болуы;
- Экономикалық жағдайдың нашарлауы;
- Қазақстандық әуекомпанияларына Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды жүзеге асыруға тыйымның ұзартылуы;
- Контрагенттермен өзара әрекет;
- Авиаотынға бағаның өзгеруі;
- Жолаушы тасқынның кенет азаюы.

### Төтенше жағдайлардың қорғау және қауіпсіздік жүйесінде пайда болу тәуекелі

«Эйр Астана» жолаушылар мен компания қызметкерлерін қорғау және қауіпсіздік мәселелеріне жоғары дәрежелі назар аударады. Байыпты сипатқа ие төтенше жағдайға тиісті әрекеттің болмауы немесе оның алдын алуға қабілетсіздігі әуекомпанияның операциялық және қаржы қызметінің жағымсыз салдарына әкелу мүмкін.

Әуекомпанияда компания жолаушылары мен қызметкерлерінің қамын ойлауға бағытталған саясаттың, рәсімдердің және үдерістердің аудитін өткізумен қатар, қауіпсіздік бойынша тұрақты форумдар мен оқуларды өткізуді қамтитын сапа қорғау және кепілдігі, қауіпсіздіктің кешенді жүйесі әзірленген. Төтенше жағдай пайда болғанда әуекомпанияда төтенше әрекет ету орталығы құрылған. Оның мүшелері төтенше әрекеттерге және сыртқы үкіметпен үйлестікке машықтанған.

### Экономикалық жағдайдың нашарлау тәуекелі

«Эйр Астана» АҚ табысы компания ұшуларды орындайтын нарықтарда экономикалық жағдайға тәуелді. Атап айтқанда, ғаламдық және/немесе қазақстандық экономиканың нашарлауы әуе тасымалына сұраныстың құлдырауына әкелу мүмкін. Компания басшылығы табыс жорамалдарын үнемі қадағалайды және барлық қажет шараларды қолданады, маршруттық желіні оңтайландыру және шығынды қысқартуды қоса.

### Қазақстандық әуекомпанияларына Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды жүзеге асыруға тыйымның ұзартылу тәуекелі

2009 жылдың шілдесінде ICAO (Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы) ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі Еуропалық Одақтың Комитеті Қазақстанда ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мемлекеттік бақылауын ұйымдастыруында айқындалған бұзушылықтар болғандықтан қазақстандық әуекомпанияларына Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды орындауға тыйым салды. «Эйр Астана» әуекомпаниясын ұшуларды орындауға тыйымнан босатуға компанияның ұшулар қауіпсіздігінің ең жоғары халықаралық стандарттарына берілгендігі себепші болды. Оған қоса, әуекомпанияға Аруба (әуе кемелерін тіркеу мемлекеті) азаматтық авиация департаменті және Ұлыбританияның авиациялық

үкіметі (EASA бөлім 145 талаптарына сәйкестігіне компанияға аудит жүргізеді) бақылау жасайды.

Әуекомпания ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен мемлекеттік бақылау жүйесіндегі сәйкессіздіктерді жою бойынша белсенді қызмет істеуді жалғастырып келеді. 2011 жылғы мамырында «Эйр Астана» АҚ, «Prime Aviation» АҚ және «Бурундайавиа» АҚ қамтитын Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы коммерциялық емес ұйым құрылды. Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы ICAO айқындаған мемлекеттік бақылау жүйесіндегі сәйкессіздіктерді жою және Еуропалық Одақтың елдеріне ұшуларға тыйымды жою бойынша бақылау реформасын қолдау үшін құрылған.

### Контрагенттерге байланысты тәуекел

Өзінің операциялық қызметі барысында «Эйр Астана» компаниясы авиабилеттерді сату агенттіктер, тауарлар мен қызметтер жеткізушілері, сондай-ақ әртүрлі елдерде орналасқан банктер мен қаржы институттар сынды контрагенттермен өзара әрекет жасайды. Егер осы тараптардың біреуінде қиыншылық туындаса немесе олардың қызметі тоқтатылса, бұл компанияның қаржы және операциялық көрсеткіштеріне кері әсер ету мүмкін. Мұндай тәуекелдерді төмендету үшін әуекомпания көптеген шаралар қолданады, мыналарды қоса:

- Уақытша бос ақшалай қаражат орналасқан коммерциялық банктерде депозиттерге лимит белгілеу;
- Билеттерді сату агенттермен банктік кепілдемелерді белгілеу;
- Агенттерден және делдалдардан тәуелділікті азайту үшін әуекомпанияның тікелей сатулардың және интернет-сатулардың көлемін ұлғайту;

### Сақтандыру

«Эйр Астана» компаниясында қазіргі тәуекелдерге жауап берудің негізгі тәсілдерінің бірі сақтандыру болып табылады. Сақтандыру компаниясының қызметтерін пайдалануы әуекомпанияға өзінің тәуекелдерінің бөлігін сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы басқа контрагенттерге жүктеуге мүмкіндік береді. Компания сақтандыру қызметтерін жеткізушінің таңдауына жауапкершілікпен қарап, сақтандыру компаниялардың қызметтері сапасына және бизнесті жүргізу ашықтығына жоғары талаптарды қояды. «Эйр Астана» әуекомпаниясында сақтандырудың мынадай түрлері қарастырылған:

- Тауарлар мен қызметтер жеткізілімі арналарын әртараптандыру;
- Әуекомпания жеткізушілерін бақылауын және сенімділіктерін бағалауды жетілдіру.

### Авиаотынға бағаның өзгеру тәуекелі

«Эйр Астана» жыл сайын шамамен 217,000 тонна авиациялық отынды жұмсайды. Сондықтан мұнай және мұнай өнімдері бағасының өзгеруі компанияның қаржы көрсеткіштеріне едәуір ықпал жүргізу мүмкін. Отынды жергілікті нарықта сатып алғанда әуекомпания баға жайында қазақстандық жеткізушілерімен бәсекелес негізінде келіседі. Дегенмен мұнайөнімдері айналымы туралы заңның күшіне енгеннен кейін авиациялық отынға бағалар үкіметпен реттелмейтінімен 2011 жылдың тамызында авиациялық керосинге бағалар анағұрлым өсті. Отынды шетел нарығында сатып алғанда авиаотынға бағаның өзгеру тәуекелі мұнай және мұнайөнімдері нарығында туынды қаржы құралдары арқылы хеджирленеді.

### Жолаушы тасқынның кенет құлдырау тәуекелі

Орталық Азияның, Қазақстанның және «Эйр Астана» өз қызметін жүзеге асыратын және компанияның жолаушылар тасқыны оларға тәуелді басқа елдердің нарықтары, дамушы нарықтар деп сыныпталады. Сөйтіп, бұл нарықтар саяси және экономика тұрғысынан дамыған елдердің нарығына қарағанда тұрақсыздау. Бұл елдердегі кез келген саяси не экономикалық тұрақсыздық, сондай-ақ індет немесе басқа күтпеген жағдай компанияның қаржы және операциялық көрсеткіштеріне кері әсер ету мүмкін.

#### 1. Авиациялық сақтандыру

#### 2. Сақтандырудың басқа түрлері:

- Компания қызметкерлерін медициналық сақтандыру;
- Компания директорларын және лауазымды тұлғаларды сақтандыру;
- Мүлік сақтандыру;
- Компанияның көлік құралдарын толық сақтандыру;
- Еңбек міндеттерін атқарғанда жазатайым оқиғалардан қызметкерлерді сақтандыру;
- Зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- Кедендік органдар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.

### Авиациялық сақтандыру

«Эйр Астана» әуекомпаниясы авиациялық сақтандыру өтелімін ұйымдастыруына ерекше назар аударады, сондықтан қаржылық тұрақтылығы рейтингінің жоғары деңгейі бар сақтандырудың жетекші халықаралық нарықтарында көшбасшы брокерлердің қызметтері арқылы авиациялық тәуекелдерді орналастырады. Ағымдағы жылы компанияда бар сақтандыру өтелімінің түрлері:

1. Әуекомпанияның үшінші тұлғаларын алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және әуе кемесінің, қосалқы бөлшектердің және жабдықтың мүлдіктік зияны барлық тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
2. Әуе тәуекелдерінің мүлдіктік зиянын (франшиза сақтандыру) авиациялық сақтандыру;
3. Соғыс тәуекелдерінің әрекеттері, әуе кемесін заңсыз тартып алу (айдау) және олармен байланысқан тәуекелдер салдарынан үшінші тұлғалар алдында Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін авиациялық сақтандыру;
4. Соғыс тәуекелдерін және қосалқы бөлшектерді қоса әуе кемесінің мүлдіктік зиянның соғыс тәуекелдерімен байланысқан тәуекелдерді авиациялық сақтандыру.

2008.  
Әуекомпания өзінің барлық  
маршруттарында Интернеттегі  
билеттің 100% сүдіруін TMD-ға  
өзінің бағып жүзеге асырды.



## IV ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

### 4.1 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

2008.  
"Айр Астана" компаниясы авиация ұшығуында алғашқы дайындау бағдарламасын іске асырды.



Әлеуметтік жауапты компаниясы болғанымен «Айр Астана» компанияның ең маңызды ресурсы жоғары білікті мамандар командасы болып табылатындығын сезінеді, сондықтан қызметкерлерді тиімді басқару әуекомпания менеджментінің негізгі атқарымдарының бір болады.

Қызметкерлерді басқару саясатының негізгі міндеті қызметкерлердің тұрақты дамуы және көшбасшылардың жоғары кәсіби командасын мыналар арқылы қалыптастыру:

- Үздік кәсіпқойларды, сондай-ақ келешегі бар жас мамандарды іздеу және іріктеу;
- Сыртқы және ішкі көздер негізінде кадрлық резервті қалыптастыру;
- Жаңа қызметкерлерге арналған бейімделу бағдарламаларын құру және жүзеге асыру;
- Қызметкерлердің жоғары уәждемесін қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің жұмыс тиімділігін арттыру;
- Қызметкерлерге әлеуметтік шегерімдер мен кепілдемелерді беру.

2011 жылы қызметкерлер саны 3 500 астам адам құрады және 2010 жылдың іспеттес көрсеткішімен 12% көбейді.

Қызметкерлер саны, адам	2010 жыл	2011 жыл
Ұшқыштар	227	292
Борт жолсеріктер	872	980
Инженерлік-техникалық қызметкерлер	221	249
Әкімшілік қызметкерлер	1 835	2 029
<b>Жиыны</b>	<b>3 155</b>	<b>3 550</b>

Еңбекті тиімдірек ұйымдастыру және қызметкерлердің жоғары уәждемесін құру мақсатында 2011 жылы жүзеге асырылған негізгі жобалар:

- Кадрлық іс жүргізу, тізімдік есеп, шегерімдер, оқу, бағалау және рекрутинг бойынша жұмысты оңтайландыру үшін Oracle ERP жүйесін енгізу;
- Менеджерлердің үшінші корпоративтік форумын өткізу;
- Онлайн тәртіптемесінде қызметкерлер пікірі сауалнамасын жүргізу;
- Кадрлық резервті дамыту – «Айр Астана» дарындары бағдарламасын жүзеге асыру.

#### Қызметкерлерді іріктеу

«Айр Астана» компаниясы жоғары сапалы мамандарды тарту саласында белсенді жұмыс атқарады. Қызметкерді бос орынға іріктеу ішкі және сыртқы ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

2011 жылы мамырда қызметкерлерді іріктеу үдерісін автоматтандырған және үміткерлер

мен жұмыс беруші үшін көптеген мүмкіндіктер ашқан iRecruitment жүйесі табысты енгізілді. Енді үміткерлерде [www.airastana.com](http://www.airastana.com) сайтына кіргенде және тіркелгенде жаңа бос орындар туралы хабарламаларды көруге және алуға, сосын өзінің түйіндемесін жіберуге мүмкіндігі бар. Үміткерлер түйіндемесін қызметкерлерді іріктеу бойынша мамандардан басқа бос орынның тікелей бастамашысы, маманды қажетсінетін департаментінің жетекшісі көре алады. Сөйтіп бұл іріктеу жүйесін ашығырақ және оралымдырақ жасайды.

Сондай-ақ 2011 жылдан бастап үміткерлер компанияның бос орындарын [www.facebook.com](http://www.facebook.com) әлеуметтік желісінде таба алады.

Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық ойдағыдай жалғасуда. Қазіргі таңда «Айр Астана» әртүрлі ЖОО студенттерімен өндірістік практиканы өту туралы келісімшарттар жасады:

- «Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты»;
- «Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университет»;

- «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті»;
- «Азаматтық авиация академиясы»;
- «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті»;
- «Алматы энергетика және байланыс институты»;
- «Сулейман Демирель атындағы университет».

2011 жылы «Эйр Астана» АҚ-да 80 астам студент өндірістік практиканы өтті, оның нәтижесінде 10 түлекке компанияның әртүрлі департаменттеріне жұмысқа орналастыру ұсынылды.

Азаматтық авиация академиясымен бірлесіп, 2011 жылы Академияда инженерлік мамандығына оқитын төртінші курс студенттері арасында авиациялық механиктерді даярлау бойынша эксперименттік жоба іске қосылған. Бағдарлама мақсаты мамандардың даярлау деңгейін және жоғары білім сапасын арттыру, сондай-ақ жас механиктерді «Эйр Астана» әуекомпаниясының кадрлық құрамына тарту болып табылады. Осы бағдарлама шеңберінде он екі студент батыс техникасында практикалық дағдылар алу үшін инженерлік-техникалық департаментінің негізгі техникалық қызмет көрсету бөлімінде бірінші дәрежелі тәжірибе жинады. Студенттерге атаулы шәкіртақылар тағайындалды.

«Әлеуметтік жұмыс орындар 2020» бағдарламасы шеңберінде «Эйр Астана» компаниясына 10 астам қызметкер тартылды. Бұл бағдарлама «Алматы қаласының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен бірге өткізілген.

## Қызметкерлерді бағалау

Қарашада компания жұмыскерлер қызметінің жыл сайынғы бағалауын жүргізді. Оның негізгі мақсаттары қызметкерлерге кері байланысты беру, олардың қызметі тиімділігін бағалау және кәсіби даму мен мансаптық өсуді жоспарлау болып табыла-

ды. 2011 жылы қызметкерлерді бағалау алғашқы рет Oracle ERP онлайн жүйесі арқылы өткізілді.

Қызметкерлерді жыл сайынғы бағалау шеңберінде бағалау жасайтын басшылар үшін бірқатар көмекші семинарлар мен тренингтер өткізілді.

## Қызметкерлердің корпоративтік оқуы және дамуы

Кадрларды дайындау, кәсіби және еңбек оқу әуекомпания үшін қызметкерлермен жұмыс істегенде ең маңызды бағыттар болып табылады. Қызметкерлердің оқуына және біліктілігің арттыруына жұмсалатын шығыс «Эйр Астанамен» компанияның дамуына ұзақ мерзімді инвестициялар ретінде қаралады.

Әуекомпания өз қызметкерлеріне тиімді оқудың жүйесі арқылы кәсіби және мансаптық дамудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады:

- Қызметкерлерді оқытуға ішкі жаттықтырушылар, жергілікті және халықаралық тренингтік компаниялардан жетекші сарапшылар тартылады;
- 2009 жылы қызметкерлерді дамытуға арналған «Эйр Астана дарындары» бағдарламасы енгізілді. 2011 жылы бағдарлама алғашқы нәтижелерді берді: бағдарламаның оннан төрт қатысушыларының қызметі жоғарылады;
- Қызметті жыл сайынғы бағалау нәтижесінде не ол, не бұл дағдыларды жетілдіруге ұсынылған барлық қызметкерлерге «Шеберлікті жақсарту» оқу курсы өткізілді;
- 2009 жылдан бері «Басқарушылық шеберліктің негіздері» міндетті бағдарлама енгізілді. Оның шеңберінде «Air Astanology», «Қазіргі менеджер», «Команда ресурсын басқару», «Мониторинг және кері байланыс», «Тәлімгерлік және оқыту» сияқты тренингтер өткізіледі;
- «Іскерлік қазақ тілі», «Негізгі қазақ тілі» және «Сөйлеу қазақ тілі» қазақ тілінің күндізгі курстары ұйымдастырылды;



- 2011 жылы ағылшын тілін оқу бойынша қашықтан курс енгізілді.

Компанияның жаңа қызметкерлері компанияның міндеті, мақсаттары және құндылықтары, тарихы, жетістіктері, құрылымы, ішкі саясаты және ережелері туралы ақпаратты қамтитын бейімделу курсы өтеді. Ұсынылатын курстың шеңберінде қызметкерлер коммуникацияның негізгі дағдыларына үйретіледі, компания бойынша экскурсияларға қатысады, еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша міндетті нұсқауларды тыңдайды.

2011 жылдың қарашасында 130 қатысушылар мен қонақтарды жинаған желілік менеджерлерге

арналған Үшінші корпоративтік форум өтті. Форум қызметкерлерді басқару және шешімдерді бірлескен іздеу саласындағы ойландыратын мәселелерді талқылау үшін желілік менеджерлер, компанияның басшылар құрамы және қызметкерлерді басқару жөніндегі департаменттің өкілдері бас қосатын ерекше алаң.

Форумның негізгі міндеттері компанияның негізгі қозғайтын күші ретінде желілік менеджерлердің маңыздылығын арттыру, басқарушы мамандығын жетілдіруінде белсенді оқуға уәждеме болып табылды. Форумның негізгі идеясы басқарудағы тиімділік болды, ол форумның атында: «Жеке тиімділіктен – компания тиімділігіне. Жерден-жұлдыздарға!»

жазылған. Форум шеңберінде Қазақстанның үздік HR-кеңесшілерінің және бизнес-жаттықтырушының бірі, сондай-ақ Канададан шақырылған жаттықтырушы өзекті тақырыбында шеберлік сыныптарын өткізді. Форум шеңберіндегі маңызды оқиғалардың бірі PR-технологиялары саласындағы жетекші қазақстандық сарапшылар мен «Эйр Астана» әуекомпаниясының қызметкерлері қатысуымен өткізілген ток-шоу болды.

Қазіргі және енді ғана оқуды бастаған әуекомпания ұшқыштарын дайындау бағдарламасын жүзеге асыруы жалғасуда. Бұл бағдарлама «ab-initio» ұшқыштарды алғашқы дайындау жобаны жүзеге асыруды, әуе кемелерінің жаңа командирлерін сапқа қосуды, ұшқыштарды ұшақтың бір түрінен басқаға қайтадан квалификациялау сияқты бастамаларды қамтиды.

«Ab-initio» ұшқыштарды алғашқы даярлау бағдарламасы 2009 жылы басталған. Бүгінде бұл бағдарлама бойынша 110 астам кадет оқудан өтті, 30 астам ұшқыш оқуды табысты аяқтады және «Эйр Астана» ұшағының штурвалында өз орнын алды. 2009 жылдың аяғынан «ab-initio» бағдарламасын орындауына шамамен 10 миллион еуро жұмсалды.

## Кәсіподақпен жұмыс істеу

«Эйр Астана» әуекомпаниясы жауапты жұмыс беруші болғандықтан компания және оның қызметкерлері арасында ашық және жөнге салынған өзара әрекет жасаудың маңыздылығын түсінеді.

20 қыркүйекте 2010 жылы Ұжымдық келісімшартқа қол қойғаннан кейін Қызметкерлерді басқару және әкімшілік мәселелері жөніндегі департамент әрдайым (әр тоқсанда) ұжымдық келісімшартты орындау комиссиясына қатысады.

## Еңбек қорғау

«Эйр Астана» компаниясының еңбек қорғау саласындағы саясаты тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ әуекомпания қызметкерлерінің жазатайым оқиғалар және кәсіби аурулар санын қысқартуға бағытталған. Осы бағыттағы жұмысты еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімі үйлестіреді. «Эйр Астана» жұмыс орындарды жаңа техникамен жабдықтандыруға және жұмыс орындарды еңбек шарттарының сәйкестігіне аттестаттау үшін көп күш салуда. Қызметкерлер денсаулығына тұрақты бақылау жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау бойынша, соның ішінде, алғашқы көмек көрсету бойынша ерікті түрде оқу жүргізіледі. Сондай-ақ денсаулық қорғау және өндірістегі қауіпсіздік саласында нәтижелілік көрсеткіштерін тұрақты жақсарту мақсатында, компания BS OHSAS 18001:2007 қауіпсіздік стандартының сәйкестігіне еңбек қорғау және кәсіби қауіпсіздік менеджменті жүйесінің сертификатталған аудитін жүргізбек.

2011 жылы заңнамаға және компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жоспарлы іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің талаптары бойынша 2012 жылға өндірістік объектілердің жұмыс орындарын және еңбек шарттары бойынша жаңа объектілердің мерзімді аттестаттауы, сондай-ақ жаңа объектілердің және қайта құрудан кейін объектілердің міндетті аттестаттауы жоспарланған.

## Әлеуметтік сала

2011 жылы «Эйр Астана» компаниясы қызметкерлер пікірі сауалдамасын онлайн тәртіптемесінде іске қосты. Бұл сауалдаманың мақсаттары еңбек шарт-

тарын одан арғы дамыту және жақсарту үшін аспектілерді айқындау. Сауалдама қызметкерлердің белгілі санаттары бойынша әрбір санаты бойынша дәлірек ақпарат алу үшін өткізіледі. Сауалдама нәтижесінде қызметкерлермен фокус-топтар өткізіледі және нәтижелер On Air Extra корпоративтік газетінің арнайы шығарылымында жарияланады.

Әуекомпания қызметкерлеріне мыналарды қамтитын кеңейтілген әлеуметтік пакет ұсынады:

- Міндетті медициналық сақтандыру: компания қызметкерлеріне медициналық қызметтер, дәрі-дәрмектерге және стоматологиялық қызметтерге лимит;
- Жылдық бонус және компания кірісінен бонус;
- Компания және оның серіктестер авиабилеттеріне шегерімдер;
- «Fitnation», «Rakhat Fitness», «Fidelity», «FitCurves» спорттық клубтарға жеңілдікті абонемент бойынша баруға, жалданған алаңда футбол ойнауға мүмкіндік;
- Ауырғанда не жақын туыс қайтыс болғанда қызметкерлерге материалдық көмек;
- Банктермен төменгі пайыздық мөлшерлемелермен несиелерді беру;
- Жаңа жылғы сыйлықтар мен қызметкерлер балалары үшін іс-шаралар;
- Қызметкерлер мен отбасыларына арналған корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру.

Әуекомпания бірыңғай корпоративтік мәдениеттің нығаюына және командалық рухтың бірігуіне себепші болатын қызметкерлер арасында әуесқой спорттың дамуына көңіл аударады. 2011 жылы қызметкерлер әртүрлі сайыстарға қатысқан:

- Eurobak 7-ші жыл сайынғы World Monitor кубогына мини-футболдан чемпионаты;
- Алматы қ. мини-футбол лигасының қысқы және күзгі біріншіліктері;
- Рафтингтен жыл сайынғы чемпионат;
- World Airline Road Race 5 және 10 километрге жарыс, Грэйпвайн, Техас. Қаржы департаментінің қызметкері Әлімжан Қалдияров өз жас санатында 1-ші орынды алды.

## 4.2 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУПҚЕРШІЛІК

«Эйр Астана» қоғам алдындағы өз жауапкершілігін толығымен сезінеді. Әуекомпания құрылған сәтінен бастап әлеуметтік – бағытталған саясатты жүргізеді. Оның басым бағыттары халықтың әлеуметтік қорғалмаған әлеуметтік топтарына, білім беретін және медициналық мекемелерге, қоғамдық ұйымдарға көмек көрсету болып табылады.

### Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау

Өз қызметінің барысында әуекомпания Ұлы Отан Соғысының ардагерлеріне Қазақстан Республикасының кез келген жеріне және ТМД елдеріне ақысыз билеттер беріп жүр. Бұл шара 2008 жылға дейін әр жылдың 1 мамырдан 15 мамырға дейін өткізілген. 2009 жылдан бастап әуекомпания 100% шегерімді тұрақты қылды. Бұдан басқа жыл сайын ҰОС ардагерлерін алып жүруші адамдарға 50% шегерім 1 мамырда 30 шілдеге дейін беріледі. 2011 жылы 1 100 ардагер тасымалданған.

«Эйр Астана» бірнеше жыл қатар «Милосердие» Ерікті қоғамымен қызмет істейді. «Эйр Астана» ұшақтары онкологиялық және байыпты жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан балаларды Қазақстан аумағынан Мәскеудің және Еуропа елдерінің үздік клиникаларына емдеуге апарды. 2011 жылы 80 астам билет қатты ауыратын балалар мен олардың ата-анасына берілді.

Сондай-ақ «Эйр Астана» әуекомпаниясы мынадай қайырымдылық жобаларға қатысты:

- 11 тамыз – «BG Energy Challenge 2011 – Kazakhstan» шеңберіндегі Астана қ. балалар-мүгедектерді қолдау үшін қаражатты жинауға арналған қайырымдылық кеш;
- 14 қазан – №10 мектеп-интернатының тәрбиеленушілеріне, жеткілікті қамтамасыз етілмеген отбасылардың балаларына «Ұшақ» балалар алаңы берілді және балалар мейрамы өткізілді;
- 9 қараша – Халықаралық әйелдер клубымен, «Мирас» мектебімен және «Дара» қайырымдылық қорымен бірлесіп Қазақстанның балалар ауруханаларына «Мереке» көмек жобасы жүзеге асырылды. Оның шеңберінде Алматы қ. Онкология және радиология ҒЗИ педиатриялық бөлімінде балалар ойын бөлмесін жабдықтау іс-шарасы жүргізілді.

### Мәдениетті, ғылымды және спортты қолдау

«Эйр Астана» «Біз – бір командамыз!» Республикалық қоғамдық сыйлықтың ресми әуе тасымалдаушысы болды. Іс-шара ұйымдастырушысы Қазақстанның Азаматтық Альянсы болды. Сыйлыққа ақпараттық қолдау «КТК» телеарнасы және «Хабар» агенттігі көрсетті. «Біз-бір командамыз!» бұл адам өмірі үшін ерлік жасаған, Қазақстанның қоғамдық және әлеуметтік өміріне және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуға баға жетпес үлес қосқан кісілер туралы айту мүмкіндігі. Ұлттық әуе тасымалдаушы көмегі арқасында Қазақстан аймақтарынан сыйлықтың көптеген қатысушылары Алматы қаласында 2011 жылғы 3 наурызда болған марапаттау салтанатына келе алды.

2011 жылдың 18 мамырында «Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдаушы қолдауымен Қазақстанда алғашқы «Қазақстандағы қайырымдылық» тақырыбындағы бірінші халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үлкен концерттік залында болды.

Конференция мақсаты еліміздегі қайырымдылықты дамыту мәселелерін ұғыну және жетекші қайырымдылық қорлар және әлеуметтік саясат және қайырымдылық саласындағы халықаралық мамандар және ғалымдар арасында тәжірибе алмасу үшін пікірталас алаңын құруы болды.

2011 жылдың ішінде «Эйр Астана» мынадай демеушілік жобаларды қолдады:

- 15-17 сәуір – IT конференция BarCamp Central Asia 2011 (Алматы қ.);
- 7 мамырда – Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығына арналған концерт «Музыка шекарасыз» (Алматы қ.);
- 24-25 мамыр – Конференция «VII Халықаралық PR-Форум» (Алматы қ.);
- 3-4 қыркүйек – Коляскідегі спорттық билерден халықаралық турнир «Құрлықтар кубогі – 2011» (Санкт-Петербург қ.);
- 30 қыркүйек – Қайырымдылық арт-жоба «Тәуелсіздік өнері» (Алматы қ.);
- 11 қазан – Қазақстандағы Интернет апта «KIW-2011» (Алматы қ.);
- 31 қазан – Конференция «IV Республикалық «Медиа құрылтай» (Алматы қ.);
- 16 қараша – Бірінші кәсіби Интернет-конференция «iProf'2011» (Алматы қ.);
- 17 қараша – Ұлттық интернет-сыйлық «Award.kz-2011» (Алматы қ.).

2011.  
"Эйр Астана" "Милосердие" Альянсымен бірлесіп "Мереке" көмек жобасы жүзеге асырылды. Оның шеңберінде Алматы қ. Онкология және радиология ҒЗИ педиатриялық бөлімінде балалар ойын бөлмесін жабдықтау іс-шарасы жүргізілді.



## 4.3 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУПКЕРШІЛІК

Өзінің қоғам және келешек ұрпақтары алдындағы корпоративтік жауапкершілігін сезіне отырып, «Эйр Астана» өз қызметінің барлық салаларында тұрақты экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге ұмтылады.

«Эйр Астана» компаниясы көміртек және көмірқышқыл газ шығаруын қысқарту, өндіріс және тұтыну шығыстарын қысқарту екі негізгі аспектілеріне назар аударады.

### Көміртек шығаруларын қысқарту

«Эйр Астана» бағалауы бойынша көміртек шығарудың 99% авиациялық отынның жану нәтижесінде болады, ал қалған бөлік автомобиль көлігінен және жердегі техника мен жабдықтан атмосфералық ауаны ластаудың екінші көздерінен келеді. Халықаралық әуе көлігінің қауымдастығы деректері (IATA) бойынша авиациялық салада әуе кемелерінің шығаруынан қоршаған ортаны ластау деңгейі шамалы, дегенмен «Эйр Астана» компаниясы атмосфераға ластаушы заттар шығаруын төмендету бойынша міндеттемелерді алды.

Басқа әуекомпаниялар сияқты, «Эйр Астана» шығаруларды үш негізгі әдістер арқылы қысқартуға ұмтылады:

- Отынды тиімдірек тұтынатын ұшақтарды қолдану;
- Пайдаланатын әуе кемелері паркін түрлендіру;
- Ұшуларды тиімдірек орындау.

Төртінші әдіс баламалы отынды немесе көмір қышқыл газдың ең аз шығаруымен отынды іздеу болып табылады. Дегенмен бұл отынның түрі қазіргі таңда қол жетімді емес немесе коммерциялық тұрғысынан тиімсіз.

Сондай-ақ «Эйр Астана» компаниясы Еуропалық Одақтың парник газдардың шығаруына сауда квоталарын беру тәсімінде (ETS) қатысады. Әуекомпания мониторингі жоспары CO<sub>2</sub> лицензиялар саудасы бойынша неміс басқармасымен мақұлданған. Верификация үдерісі мыналарды қамтыған.

• Еуропалық әуе қозғалыстың қауіпсіздігі жөніндегі ұймы жинаған (EUROCONTROL) Әуе қозғалыстар басқармасының деректерімен рейстер және шығарулар туралы деректердің толықтығы және сәйкестігі;

• Әуе кемелерінің салмағы мен центровкасы туралы есептік деректер мен құжаттаманың сәйкестігі;

• Отынды тұтыну туралы жиынтық деректер мен са-тып алынған отын туралы деректердің сәйкестігі.

Қоршаған ортаға жағымсыз әсерді қысқартуы заманға сай және отын тиімді әуе кемелерін сатып алу арқылы компаниямен жүзеге асырылады. 2011 жылы әуекомпания «Эмбраер-190» заманға сай ұшақтарды сатып алды. Бұл әуе кемелері отын шығыны және зиянды шығарудың төмен деңгейімен, сондай-ақ өз сыныбындағы ең аз шуыл ізімен ерекшеленеді.

Ұшақтар аэродинамикасын жақсарту мақсатында «Боинг-757-200» уе кемелерінде қанаттың аэродинамикалық ұштары орнатылған. Компания пікірінше бұл отын тұтынуын 3-5% төмендетуге мүмкіндік береді және жылдық тұтынатын авиациялық отынның мөлшерін шамамен 1 800-3 000 тоннаға дейін азайтады.

Ұшақтардың авиациялық отынды тұтынуды төмендету үшін компания әуе кемелері салмағын төмендету бағдарламасын іске қосты. Бұл бағдарлама бойынша үлгілер ретінде бортта қызмет көрсетуге арналған жеңілдеу жабдықты пайдалану және әрбір ұшақ бортына тиелетін қосымша ауыз суды шығару.

Әуе кемелерін жаңарту мен аэродинамикасын жақсартумен қатар, «Эйр Астана» әуекомпаниясы ұшуларды одан да қысқа жолдармен орындау арқылы шығаруларды төмендетеді.

«Эйр Астана» компаниясы ұшуларды жоспарлау жүйесін жетілдірді, бұл отынның тұтынуын төмендету мақсатында ұшуларды оңтайландыруға, сондай-ақ маршруттар қауіпсіздігін барлық бағыттарда арттыруға мүмкіндік берді. Жаңа навигациялық жүйе де тиімдірек қонуға және ауа-райынан тоқтатылған рейстер санын қысқартуға себепші.



2011.  
"Эйр Астана" компаниясымен VII ұшуда  
Ауылдақ адамдардағы рәсім  
тасымағандығына.



Үздіксіз төмендеумен қону технологиясы (Continuous Descent Approach CDA) ұшақты қону кезінде көмір қышқыл газдың шығаруын және шуылды төмендетуге мүмкіндік береді. «Эйр Астана» компаниясының барлық ұшқыштары ауа-райы жағдайы, ұшақ қауіпсіздігі және әуежай бақылаушыларының нұсқауы қону тәсілдемесін ауыстыруды талап ету оқиғалардан басқа, ұшақ қонуында оңтайландырылған тәсілдемені (Optimised Profile Descent, OPD) қолдану тиіс.

Қоршаған ортаға әуе кемелерінің мұздануына қарсы өңдеу рәсімі елеулі ықпал етеді. «Эйр Астана» компаниясы ұшақ қанаттарын тазалауды және мұздануға қарсы өңдеуді тиімді орындауға, сондай-ақ мұздануға қарсы сұйықтықты тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін «Таза қанат» бағдарламасын енгізді.

«Эйр Астана» компаниясының қызметкерлері және әуежайларда химиялық өнімдермен жұмыс істейтін компаниялар-мердігерлер қызметкерлері қоршаған ортаны қорғау бойынша міндетті жыл сайынға тренингтерден өтеді. Оқу қалдықтарды басқару негізгі қағидаттары, су ресурстарының ластауын болдыр-

мау, зиянды және қауіпті заттармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері, зиянды заттардың кеміп қалуын болдырмау және әрекет ету сынды тақырыптарды қамтиды.

### Өндіріс және тұтыну қалдықтарын қысқарту

Авиациялық отынды тұтыну және CO<sub>2</sub> шығарулары «Эйр Астананың» экологиялық саясатының негізгі міндеті болғанымен, компанияның өндірістік бақылаудың маңызды міндеті өндіріс және тұтыну қалдықтарын қысқарту болып табылады.

Электрондық билеттер мен онлайн тіркеу жүйесін енгізуі қағаз билеттер көлемін анағұрлым қысқартады. Бұдан басқа, компания баспа материалдар санын қысқартуды жалғастыруда. Ақпараттық технологиялар департаментінің ағымдағы бастамалар әуекомпанияның барлық қызметі үшін қағазсыз жүйелерді құруға бағытталған. Әуекомпания, сонымен қатар, тауарлар мен қызметтерді сатып алғанда ресурстарды орынды пайдалану саясатын енгізу мүмкіндігін зерттеуде.



## V КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### 5.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Эйр Астана» корпоративтік басқаруға Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және онымен капиталды тартуға шығынды төмендету құралы ретінде қарайды. Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі үнемі жетіледі және Қоғамды басқарудың көбірек ашықтығын қамтамасыз ету және Қоғамның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын қолданудың өзгермес әзірлігін растау мақсатында дамып келеді.

Қоғам қызметі қалыптасатын негіз қалаушы корпоративтік құндылықтары оның қызметкерлерінің инабаттылығы, сенімділігі мен кәсіпқойлығы, еңбектерінің тиімділігі, бір-бірін, мүдделі тұлғаларды және жалпы қоғамды құрметтеу болып табылады.

Қоғам ақпараттық ашықтықты арттыруға елеулі күш салады. Басқару және бақылау органдардың

қызметін реттейтін компанияның корпоративтік және ішкі құжаттары, сондай-ақ ақпараттық саясат компанияның [www.airastana.com](http://www.airastana.com) сайтында орналасқан.

2008 жылдан Қоғамның корпоративтік басқару деңгейі Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігімен жыл сайын бағаланады. 2011 жылы «Эйр Астана» қызметінің аудитін өткізгеннен кейін, Standard & Poor's Қоғамның корпоративтік басқару рейтингі «GAMMA-6» деңгейінде құптады. Қоғамның «Корпоративтік басқару, есеп берушілік және менеджмент тиімділігін талдау және бағалау» (Governance, Accountability, Management Metrics and Analysis – GAMMA) рейтингі бүгінде Қазақстанда ең жоғары болып табылады. Жыл сайынғы қайта қарау аяқталғаннан кейін «GAMMA» рейтингі Standard & Poor's бастамасымен Standard & Poor's корпоративтік

басқаруды «GAMMA» әдістемесі бойынша қызметтерді дүниежүзі бойынша тоқтату шешімімен байланысты қайтарып алынды.

Қоғамның корпоративтік басқарудың негіз қалаушы қағидаттарына мыналар қарайды:


- **Акционерлер құқықтарын және мүдделерін қорғау қағидаттары** – заңнамамен ескерілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу; Қоғамның тиімді қызметі, соның ішінде Қоғам активтерінің өсімі және Қоғамның қаржы тұрақтылығы мен пайдалылығын қолдау. Қоғамның дивидендтік саясаты жеткілікті ашық және акционерлерге, әлеуетті инвесторларға және Қазақстан Республикасының жалпақ еліне зерттеуге ашық болу тиіс.
- **Директорлар кеңесінің тиімді басқаруы** – акционерлер және Қоғам мүдделерін барынша сақтау және жүзеге асыру; акционерлер алдында өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; Қоғам қызметі үшін жауапкершілік;
- **Атқарушы органның тиімді басқаруы** – Қоғам міндеттерін және стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметін басқару.

Атқарушы органның қызметі адалдық, ақ ниеттілік, ақылдылық, сақтық және жүйелілік қағидаттарында жүзеге асырылады. Акционерлер, Директорлар кеңесінің мүшелері және атқарушы органның арасындағы қатынастар өзара сенімде, құрметтеуде, есеп берушілікте және бақылауда қалыптасады;

• **Қоғам қызметі туралы ашықтығы және ақпаратты ашу әділдігі қағидаттары** – акционерлер мен мүдделі тұлғалар алдында Қоғам туралы анық ақпаратты уақытында ашуды қамтамасыз ету, соның ішінде оның қаржы жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және басқаруы;

• **Жауапкершілік қағидаты** – Қоғам қызметкерлерінің заңнамен ескерілген құқықтарын қорғау; Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік қорғау нормаларын сақтау; қызметкерлерді іріктегенде ашықтықты қамтамасыз ету; қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға көмектесу; заңнама талаптарына сәйкес қоршаған ортаға ұқыпты және оңтайлы қарау; демеушілік қолдау көрсету және/немесе қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз ету.

### 5.2 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ



2011.  
Ағашқа "Либраер 190"  
үшіне Алматы аэрожайында  
қонды.



## 5.3 АКЦИОНЕРЛЕР

### 51% – «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

«Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» – АҚ мемлекеттік активтерді басқаруға арналған Қазақстан Республикасы үкіметі бақылауындағы холдинг. Қор Қазақстан Республикасы Президентінің 13 қазанда 2008 жылғы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметі 17 қазанда 2008 жылғы Қаулысымен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыру, дүниежүзілік нарықтардағы мүмкін жағымсыз өзгерістердің ел экономикасы өсіміне ықпал факторларын алдын алу мақсатында құрылған.

Тіркелген мекенжай:  
Қазақстан Республикасы,  
010000 Астана қ.,  
Қабанбай батыр даңғ., 23

### 49% – BAE Systems (Kazakhstan) Limited

BAE Systems (Kazakhstan) Limited – Қару-жарақ, ақпараттық қауіпсіздік және әуеде, жерде, теңізде және ғарышта пайдаланатын аэроғарыштық салаларында жүйелерді даярлаумен, жеткізумен және қолдаумен айналысатын BAE Systems plc британдық корпорациясының еншілес компаниясы.

Тіркелген мекенжай:  
Warwick House, PO Box 87  
Farnborough Aerospace Centre  
Farnborough, Hampshire  
GU14 6YU  
United Kingdom

### Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам қызметіне қатысты барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға өкілетті Қоғамның жоғары органы болып табылады. Оның атқаралымдары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Жарғы ережелерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген.

### Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер қарайды:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің сандық құрылымын және өкілеттік мерзімін анықтау;
- Қоғам президентінің, өндіріс жөніндегі вице-президенттің және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенттің өкілеттік мерзімін, өкілеттікті сайлауды және тоқтатуды анықтау;
- Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын бекіту;
- Орта мерзімді және қысқа мерзімді бизнес-жоспарларды бекіту (даму және жылдық бюджет жоспары);
- Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабын бекіту;
- Қоғаммен ірі келісімшарттарды және Қоғамда қызығушылығы бар келісімшарттарды және акционерлердің жалпы жиналысының заңнамаға сәйкес бекітуді талап ететін өзге де келісімшарттарды жасау туралы шешімдер бекіту;
- Меншікке, қаржы лизингке не жалдауға кез келген ұшақты алу.

### 2011 жылы акционерлердің жалпы жиналысымен қаралған мәселелер

Жалпы 2011 жылы акционерлердің 10 жалпы жиналысы өтті, соның ішінде 9 бетпе-бет, онда мынадай негізгі бағыттар бойынша шешімдер қаралып, қабылданды:

#### Стратегиялық даму:

- 2011-2020 жылдарына Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын бекіту;
- 2011-2015 жылдарына Қоғамның бизнес-жоспарын (даму жоспары) бекіту;
- Ережеге Түркия Республикасында Қоғам Өкілдігі туралы өзгерістерді енгізу;

- Қоғамның «Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігін құруына қатысу туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның Embraer компаниясымен 2012 жылдың мамырында және маусымында жеткізілу жайғасымдарымен «Эмбраер-190» үлгідегі екі әуе кемесі және әуе кемелерін сатып алуға екі қосымша опциондар бойынша ірі келісімшарт жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғаммен ILFC (International Lease Finance Corporation) компаниясымен «Боинг-767-300» екі әуе кемесінің лизингі келісімшарттарды ұзарту бойынша ірі келісімшарттар жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғамның Macquarie Aircraft Leasing Services (Ireland) Limited компаниясымен «Боинг-757-200» бір әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғамның Air Lease Corporation компаниясымен «Эмбраер-190» үлгідегі екі әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғамның Air Lease Corporation компаниясымен «Эрбас-А320» бір әуе кемесінің лизингі келісімшартына қосымша келісім жасау туралы шешім бекіту;
- Airbus S.A.S. компаниясымен сатып алу-сату шарты бойынша «Эрбас-А319» әуе кемелерін айырбастау.

#### Қаржы-шаруашылық қызмет:

- Қоғамның 2011 жылға жылдық бюджетін бекіту;
- Қоғамның инвестициялық саясатын бекіту;
- Қоғамның Сатып алуды жүзеге асыру ережелеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу;
- Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- Қоғаммен «Петро Казахстан» Сауда Үйі» ЖШС авиациялық отынды жеткізуге ірі келісімшартты жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғамның AJ Walter Aviation Ltd компаниясымен «Эрбас-А320/А321» және «Боинг-757-200/767-300» үлгідегі әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер қорын пайдалануға мүмкіндікті беру бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешімдер бекіту;

- Қоғамның Fokker Services B.V. компаниясымен «Фоккер-50» үлгідегі әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер қорын пайдалануға мүмкіндікті беру бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім бекіту;
- Қоғамның 2010 жылғы жылдық қаржы есеп-қисабын бекіту;
- Қоғамның 2010 жылғы таза табысты бөлу ретін бекіту, жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау және 2010 жылғы дивиденд мөлшерін Қоғамның бір жай акциясын есептегенде бекіту;
- Меншікті капиталы мөлшерінен он және одан да көбірек пайызды құрайтын немесе 5 000 000 астам АҚШ доллары сомасына Қоғамның ірі келісімшарттар жасауына байланысты Қоғам міндеттемелерін көбейту туралы шешімдер қабылдау;
- 1 000 000 астам АҚШ доллары сомасына өтелген аккредитивтерді ашуға кредиттік желіні орнату жөніндегі Қоғаммен келісімшартты жасауды мақұлдау;
- 1 000 000 астам АҚШ доллары сомасына шығарылған аккредитивтердің орнын толтыру есебіне ақша кепілі туралы келісімшартты жасау туралы Қоғаммен шешім қабылдау.

#### Басқару және сыйақы:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау. Бектуров Азат Фаббасұлы 2011 жылғы 8 тамызынан Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылды. («Директорлар кеңесі құрамы» бөлімін қарау);
- Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы саясатын бекіту;
- Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақы мен өтемақыны төлеудің мөлшері мен шарттарын бекіту;
- 2010 жылдың жұмыс нәтижесінде Қоғам президентіне жылдық сыйлықақылы сыйақы мөлшерін бекіту;
- Қоғамның инженерлік-техникалық мәселелер жөніндегі аға вице-президенттің өкілеттік мерзімін сайлау және анықтау;
- Қоғамның өндіріс жөніндегі вице-президенттің өкілеттігін тоқтату;
- Қоғамның инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенттің өкілеттігін тоқтату.

## 5.4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

### Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының шоғырландырмалы дауыс беруімен сайланатын 6 мүшесінен тұрады. Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тағайындайтын Директорлар кеңесінің екі мүшесінен, BAE Systems тағайындайтын Директорлар кеңесінің екі мүшесінен және екі тәуелсіз директордан тұрады.

Директорлар кеңесінің сандық құрылымы акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен белгіленеді.

### Директорлар кеңесінің төрағасы

#### Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы

Байдәулетов Н.Т. 2008 жылдан бері «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады, Тағайындау жөніндегі комитеттің мүшесі. Қазіргі таңда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директор лауазымында. 2006 жылдан «Қазақстан теміржолы» ҰҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Нұржан Тәліпұлының Қазақстанның көлік саласындағы жұмыс тәжірибесі жиырма жылдан астам құрайды. «Құрмет» орденімен марапатталды.

#### БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ

2008 жылдан	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры
2006-2008	«Самұрық» Холдинг АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі директор
2004-2006	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің байланыстар жолдары комитетінің төрағасы
2003-2004	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі
1998-2003	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің темір жол көлігі департаментінің директоры
1997-1998	«Қазақстан теміржолы» РМК Ақмола теміржолы бастығы
1997	Ақмола теміржолы бастығының орынбасары, Павлодар теміржолы бөлімінің бастығы
1996-1997	Павлодар Тың теміржолы бөлімше бастығының бірінші орынбасары
1990-1996	Павлодар станциясының бастығы, Павлодар қ.
1989-1990	Павлодар Тың теміржолы бөлімшенің тасымалдау бөлімі бастығының орынбасары
1988-1989	Павлодар-Солтүстік ст. бас инженері, Павлодар қ.
1986-1988	Екібастұз, ст. инженер-технологі, Екібастұз ст. Тың теміржолы кезекшісі

### Директорлар кеңесінің мүшелері

#### Адимола Радильбек Окенұлы (2011 жылдың 8 тамызына дейін)

Адимола Р.О. 2011 жылдың 8 тамызына дейін Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде Азаматтық авиация комитетінің төрағасы лауазымында болды.

#### БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ

2009 жылдан	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің төрағасы
2005-2009	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің төраға орынбасары
2005	«Азаматтық авиацияның авиажөндеу зауыты» ААҚ бірінші вице-президенті, Ақтөбе қ.
2004-2005	Орталық-азиялық авиаөнеркәсіптік қауымдастығының авиациялық жобалар сарапшысы, Алматы қ.
2002-2004	«Алатау Эйрлайнз» әуекомпаниясының директоры, Астана қ.
2001-2002	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің басқарма бастығы, төраға орынбасары
1998-2000	«Казэронавигация» РМК әуе қозғалысы негізгі орталығының бөлім бастығы, бастық орынбасары, бастығы
1985-1998	Диспетчер, аға диспетчер, кешенді ауысымның бастығы, жетекші инженер, қызмет бастығының орынбасары, Алматы қ. Халықаралық әуежай агенттігінің бастығы

Халықаралық сертификаттар иегері:

IATA: «Азаматтық авиацияның жоғары буындағы басшы» (Мәскеу, 2004 жыл)

EASA: тренинг-курстар «Авиациялық техникалық регламенттер» (Астана қ., 2007 жыл)

#### Бектуров Азат Ғаббасұлы (8 тамыздан 2011 жылы)

Бектуров А.Ф. 2011 жылдың 8 тамызынан Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі лауазымында. Азат Ғаббасұлының «Экономика және басқару теориясы» мамандығы бойынша ғылымдар докторының ғылыми дәрежесі (PhD) бар.

#### БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ

2006 жылдан	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі
2004-2006	«Эйр Астана» АҚ вице-президенті, Алматы қ.
2002-2004	«Қазтрансгаз» АҚ корпоративтік даму департаментінің бас менеджері, басқарма бастығы, директор орынбасары, директоры, Астана қ.
2001-2002	«Шеврон» корпорациясының электрондық бизнес жобаларының талдаушысы, Сан-Рамон қ., АҚШ

**Найджел Брэдли**

Найджел Брэдли 2001 жылдан Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Сонымен қатар ол Тағайындау жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылады. Қазіргі таңда ол «Бағдарламалар және халықаралық клиенттерді қолдау» бөлімшесінің (BAE Systems) коммерция және сатып алу директоры қызметін атқарады; «Ұлыбритания және басқа елдер» тобының Директорлар кеңесінің мүшесі және Коммерциялық мәселелер кеңесінің төрағасы (BAE Systems). Бұрын (BAE Systems) компанияларында әртүрлі басшы қызметін атқарған, заң практикасында зор тәжірибесін бар.

**БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ**

2007-2009	«Ұлыбритания және басқа елдер» тобының коммерция жөніндегі директор, BAE Systems
2002-2007	«Қолдау және клиенттер үшін шешімдер» тобының коммерция жөніндегі директор, BAE Systems
2000-2002	«Халықаралық бағдарламалар» бөлімшесінің коммерция жөніндегі директор, BAE Systems
1995-2000	British Aerospace Military Aircraft заң департаментінің директоры
1990-1995	British Aerospace Military Aircraft заң мәселелері жөніндегі кеңесші
1989-1990	Kellogg's заң мәселелері жөніндегі аға кеңесші
1987-1989	Costain Group коммерциялық мәселелер жөніндегі заңгер – кеңесші
1981-1987	Адвокаттық қызмет

**Дэвид Брент**

Дэвид Брент 2008 жылдан Директорлар кеңесінің мүшесі. 1995 жылдан BAE Systems тобының қазынашысы. 30 астам жыл ішінде BAE Systems компанияларында басшы қаржы қызметтерін атқарған.

**БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ**

1992-1995	British Aerospace, корпоративтік қаржы жөніндегі қазынашы
1990-1992	Ballast Nedam BV бухгалтерлік есеп және бақылау жөніндегі директор
1988	Қазынашы ассистенті, British Aerospace,
1987	Бас ішкі аудитор, British Aerospace,
1982	Қазынашы ассистенті, British Aerospace,
1979	Валюталық менеджер, British Aerospace,
1979	Қаржы бухгалтер, British Aircraft Corporation

Дэвид Брент Англия және Уэльсте сертифицирталған бухгалтерлер институтының мүшесі (1975 жылы квалификацияланған), сондай-ақ корпоративтік қазынашылар қауымдастығының мүшесі.

**Тәуелсіз директорлар****Ларионов Дмитрий Владимирович**

Ларионов Д.В. 2008 жылдан Қоғамның тәуелсіз директоры болып табылады, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындау жөніндегі комитеттің төрағасы, Сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі. Қазіргі уақытта «BDO Қазақстан аудит» ЖШС халықаралық байланыстар серіктесі, бухгалтерлік есеп және қаржы есеп-қисабы саласындағы жетекші сарапшы болып табылады.

**БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ**

2009 жылдан осы шаққа дейін	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Бухгалтерлік есеп және аудит Консультациялық кеңесінің мүшесі
2008 жылдан осы шаққа дейін	«Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі
2008-2010	Дамушы ұлттар жөніндегі комитеттің мүшесі, Халықаралық бухгалтерлер федерациясы
2003-2010	Қазақстан Республикасының кәсіби Бухгалтерлер мен аудиторлар палатасы, Кеңес мүшесі, төраға орынбасары
2004-2005	Бухгалтерлік есеп және қаржы есеп-қисабы жөніндегі жергілікті сарапшы, Азияның даму банкі
2001-2004	Бухгалтерлік есеп жөніндегі аға сарапшы, бухгалтерлік есептің реформасы жөніндегі департамент, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ЮСАИД жобасы (EDP/USAID), Прага корпорациясы
1999-2001	Бухгалтерлік есеп және қаржы жөніндегі оқытушы, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЭП)

**Лорд Томас Александер Хескет**

Лорд Томас Александер Хескет 2007 жылдан Қоғамның тәуелсіз директоры болып табылады, Сыйақы жөніндегі Комитеттің төрағасы, Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі. Лорд Хескет халықаралық бизнес саласындағы мемлекеттік қызметте ұзақ және табысты мансабын құрды. 1997 жылы Лорд Хескетке «Британдық Империясының ордені иегері» марапаты табысталған.

**БІЛІКТІЛІК ПЕН ТӘЖІРИБЕ**

1993-2010	Төрағаның атқарушы емес орынбасары, Babcock International
1994-2007	British Mediterranean Airways әуекомпаниясының төрағасы
2004-2005	Ұлыбритания Консервативтік партияның қазынашысы
1991-1993	Парламенттің лорд палатасының бас партиялық ұйымдастырушысы, Ұлыбританияның Жасырын кеңесінің мүшесі
1991-1993	Ханымның құрметті қарауыл капитаны
1990-1991	Индустрия министрі, Сауда және индустрия департаменті

Директорлар кеңесі – Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асыратын басқару органы. Директорлар кеңесі Қоғамның басқа органдарының ерекше құзыретіне қарайтын мәселелерден басқа, Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

**Директорлар кеңесінің құзыреті**

Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай өкілеттіктер қарайды:

- Қоғам қызметінің (дамудың) басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғам дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын алдын-ала мақұлдау және Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару;
- Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабын алдын-ала бекіту;

- Заңнама және (немесе) Жарғы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданатын мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға және шешім қабылдауға ұсыну;

- Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, соның ішінде Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында президентпен қабылданатын құжаттардан басқа, қоғамның құнды қағаздарға қол қоюы және аукциондарды өткізу тәртібін және шарттарын орнататын ішкі құжатты бекіту;

- Заңнамамен және Жарғымен орнатылған тәртібімен ірі келісімшарттарды жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғам тіркеушісін таңдау және бұрынғы тіркеушімен келісімшартты бұзу туралы шешім қабылдау;
- Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, президент ұсынысымен ішкі аудит қызметі қызметкерлердің еңбекақысын төлеу шарттарын және мөлшерін анықтау; Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысымен, және президент ұсынысын есепке алумен, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйлықақы беру; сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне біліктілік талаптарды бекіту;
- Орта мерзімді және қысқа мерзімді бизнес-жоспарларды (даму және жылдық бюджет жоспары) және оған кейбір өзгерістерді, соның ішінде бекітілген бизнес-жоспарларда ескерілмеген капиталды жұмсаумен қоса, алдын-ала мақұлдау және Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару.

## 2011 жылы Директорлар кеңесімен қаралған мәселелер

2011 жылы барлығы Директорлар кеңесінің 15 отырысы, соның ішінде 4 бетпе-бет, болды. Онда мынадай негізгі бағыттар қаралып, шешімдер қабылданды:

### Стратегиялық даму:

- 2012-2016 жж. Қоғам бизнес-жоспарын (даму жоспары) алдын-ала мақұлдау;
- Қоғам президентінің Қоғамның 2011-2020 жж. Стратегиялық даму жоспары бойынша Қоғамның әуе кемелері паркі бойынша жоспарды орындау туралы есебі;
- Қоғаммен Boeing компаниясымен «Боинг-787-8» үлгідегі үш кең фюзеляжды әуе кемелерін сатып алу және әуе кемелерін сатып алуға үш қосымша құқығы, сондай-ақ тоғыз әуе кемесін сатып алуға ауыспалы құқықтарды алу жөнінде ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен Boeing компаниясымен «Боинг-767-300» үлгідегі төрт әуе кемесін сатып алуға ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен Embraer компаниясымен «Эмбраер-190», үлгідегі екі әуе кемесін сатып алуға, сондай-ақ әуе кемелерін сатып алуға екі қосымша опционға ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;

- Гонконг қ. (Қытай Халық Республикасы) Қоғамның Қазақстаннан тыс ұшуларды орындаудың жаңа мекені ретінде мақұлдау;
- Гонконг қ. (Қытай Халық Республикасы) Қоғам Өкілдігін құру туралы шешім қабылдау;
- Тбилиси қ. (Грузия Республикасы) Қоғамның Қазақстаннан тыс ұшуларды орындаудың жаңа мекені ретінде мақұлдау;
- Тбилиси қ. (Грузия Республикасы) Қоғам Өкілдігін құру туралы шешім қабылдау;
- Улан-Батор қ. (Монғолия) және Қазан қ. (Ресей Федерациясы) Қоғамның Қазақстаннан тыс ұшуларды орындаудың жаңа мекендері ретінде мақұлдау;
- Улан-Батор қ. (Монғолия) Қоғам Өкілдігін құру туралы шешім қабылдау;
- Самара қ. (Ресей Федерациясы) Қоғамның Қазақстаннан тыс ұшуларды орындаудың жаңа мекені ретінде мақұлдау;
- Қоғаммен Air Lease Corporation компаниясымен «Эрбас-А320» бір әуе кемесі лизингі бойынша келісімшартқа қосымша келісім жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен Air Lease Corporation компаниясымен «Эмбраер-190» бір әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен ILFC (International Lease Finance Corporation) компаниясымен «Боинг-767-300» екі әуе кемесі лизингі бойынша келісімшартты ұзарту туралы ірі мәміле жасау;
- «Эрбас-А319» әуе кемелерін Airbus S.A.S. компаниясымен сатып алу-сату шарты бойынша айырбастау. Airbus S.A.S. компаниясымен Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы бұрын мақұлдаған ірі келісімшарт бойынша Қоғам міндеттемелердің сомасын ұлғайту жайында алдын-ала шешім;
- Қоғамның Macquarie Aircraft Leasing Services (Ireland) Limited компаниясымен «Боинг-В757-200» бір әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның «Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы» заңды тұлғалар қауымдастығын құруына қатысу мәселесі.

### Қаржы-шаруашылық қызметі:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2012 жылға жұмыс және отырыстар кестесінің жоспарын бекіту;
- Қоғамның 2011 жылға жылдық бюджетін алдын-ала мақұлдау;
- Қоғамның AJ Walter Aviation Ltd компаниясымен «Эрбас-А320/А321» үлгідегі әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер қорын пайдалануға мүмкіндік беру бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның AJ Walter Aviation Ltd компаниясымен «Боинг-757-200/767-300» үлгідегі әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер қорын пайдалануға мүмкіндік беру бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның Fokker Services B.V. компаниясымен «Фоккер-50» үлгідегі әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер қорын пайдалануға мүмкіндік беру бойынша ірі келісімшартты жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғаммен «Петро Казахстан» Сауда Үйі» ЖШС және «Синойл» ЖШС авиациялық отынды жеткізуге ірі келісімшарттарды жасау туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның 12 ай ішіндегі (маусым 2010 – маусым 2011 жж.) пайдалану қауіпсіздігіне шолу. Ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалаумен байланысты жағдай бойынша баяндама (Еуропалық Одақтың Ұшу қауіпсіздігі комитетінің шешімі және ICAO аудиті);
- Қоғамның пайдалану қауіпсіздігі туралы есебі. Ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалаумен байланысты жағдай бойынша баяндама (Еуропалық Одақтың ұшу қауіпсіздігі Комитетінің шешімі және ICAO аудиті);
- СВА қызметі туралы Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысының есебі (СВА);
- Қоғамның ішкі аудит қызметінің штатындағы өзгеріс;
- Қоғамның инвестициялық саясатын алдын-ала бекіту;
- Қоғамның 2010 жылдың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша есебі;
- Қоғам президентімен Еңбек келісімшартына өзгерістерді және қосымшаларды бекіту;

- 2012 жылға ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарды бекіту;
- Қоғамның Сатып алуды жүзеге асыру ережелеріне өзгерістер мен қосымшаларды бекіту;
- Қоғамның сақтандыру үдерісінің өзгеруін және Қоғамның сақтандыруын ұйымдастыру бойынша ережелерді бекітуді қарау;
- Қоғамның 2010 жылғы таза табысты бөлу реті және Қоғамның 2010 жылғы бір жай акциясы есебімен дивидендтің мөлшері туралы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар;
- Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінен он және одан да көбірек пайызды құрайтын немесе 5 000 000 астам АҚШ доллары сомасына Қоғамның ірі келісімшарттар жасауына байланысты Қоғам міндеттемелерін көбейту туралы алдын-ала шешімді қабылдау;
- Қоғам президентінің Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері туралы есебі;
- Қоғам президентінің «Банк Республика» АҚ (Грузия Республикасы) есеп айыру шоттарын ашу туралы шешімді бекіту;
- Қоғаммен 1 000 000 астам АҚШ доллары сомасына банк несиесін алуды алдын-ала мақұлдау;
- Аудиторлық ұйымы қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- Іс-сапарға жіберілетін Қоғам қызметкерлеріне жұмсалатын шығысты өтеу реті мен шарттарын, қызмет жеңіл автокөлікке құқықтығы нормативтерін және Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыруға арналған көлемнің нормаларын, қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын бергенде Қоғам қаражатының есебіне өтелетін шығыс лимиттерін және өкілдіктік шығыс лимиттерін жыл сайынғы бекіту.

### Басқару және сыйақы:

- 2010 жылдың нәтижесінде Қоғамның ішкі аудит қызметі басшының және қызметкерлердің сыйлықақылы сыйақы мөлшерін анықтау;
- 2011 жылдың нәтижесінде Қоғамның ішкі аудит қызметі басшының және қызметкерлердің сыйлықақылы сыйақы мөлшерін анықтау;
- Қоғам президентіне 2010 жылғы жұмыс нәтижесі бойынша жылдық сыйлықақылы сыйақыны төлеу жөнінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар;

- Қоғамның инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі аға вице-президентті тағайындау және Қоғамның өндіріс жөніндегі вице-президенттің өкілеттігін тоқтату жайында Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің Сыйақы жөніндегі комитетінің Қоғам президентіне сыйақы және өтемақы төлеу мөлшерінің және шарттарының өзгеруі жайында талдау мен ұсыныстар бойынша ақпарат;
- Қоғам қызметкерлерінің төлеу жүйесін, еңбекке ынталандыру және еңбекақы төлеу тәсімін жыл сайын бекіту.

#### Тәуекелді басқару:

- Қоғамның тәуекел картасын бекіту;
- Қоғамның Тәуекелді басқару саясатын жаңа редакцияда бекіту. Қоғамның Тәуекелін сәйкестендіру мен бағалау ережелерін бекіту.

#### Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу өлшемдері

- Директорлар кеңесі үміткерлерінде және мүшелерінде кез келген азаматтық және (немесе) бодандық болу мүмкін;
- Директор лауазымына үміткерлерде Қоғам және акционерлер мүдделерінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға және өз міндеттерін орындауға қажет тиісті еңбек тәжірибесі, білімі, біліктілігі, жетістіктері және іскерлік әрі салалық ортада мінсіз беделі болуы керек.

Директор лауазымына мынадай тұлға сайлана алмайды:

- Өтелмеген немесе заңмен белгіленген ретімен соттылығы алынбаған;
- Белгіленген ретімен банкрот боп танылған басқа заңды тұлғаны тоқтатып қоюына немесе мәжбүрлі түрде тарату не акцияларды мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешімді бір жыл бұрыннан аса емес бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген ретімен банкрот боп танылған басқа заңды тұлғаны тоқтатып қоюына немесе мәжбүрлі түрде тарату не акцияларды мәжбүрлі түрде сатып

алу туралы шешімді қабылдау күнінен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

«Эйр Астана» АҚ тәуелсіз директоры қызметіне үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары, мыналарды қамтиды:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкестігі (тәуелсіз директор – акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы емес және оны директорлар кеңесіне сайлауға дейін үш жыл бұрын болмаған (осы акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры лауазымында болған оқиғаны қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары жөнінде үлестес тұлға емес; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары – ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен бағынушылықпен байланысты емес; мемлекеттік қызметші емес; осы акционерлік қоғамның және оны Директорлар кеңесіне сайлауға дейін үш жыл ішінде аудитору болған емес; осы акционерлік қоғамның аудитында аудиторлық ұйымның құрамында істеген аудитор ретінде қатыспайды және ол Директорлар кеңесіне сайлауға дейін үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

- Акционерлік қоғамның негізгі қызметіне сәйкес саласында артығырақ жоғары білімі болуы;
- Акционерлік қоғамның негізгі қызметіне сәйкес саласында артығырақ бес жылдан кем емес басшы жұмысы тәжірибесі болуы (заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасары, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі).

#### Қоғамның Директорлар кеңесі және атқарушы орган мүшелерінің сыйақысы

Сыйақы Қоғам акционерлері атынан тағайындалған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді. Сыйақы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді, бұл ретте сыйақы мөлшері Директорлар кеңесі және Сыйақы жөніндегі комитеттің ұсынысымен акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады. Атқарушы органның сыйақы мөлшері де Сыйақы жөніндегі комитетімен әзірленетін Директорлар кеңесінің ұсыныстары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады.

Қоғамның тәуелсіз директорлары мен атқарушы органына олардың 2011 жылғы жұмыс нәтижесі бойынша төленген сыйақының жалпы мөлшері 32 235 мың теңгені, салықты есептегенде, құрады.

## 5.5 АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет 7 наурызда 2008 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен құрылған.

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық – кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесінің атқарымдарын тиімді орындауға көмектесу мақсатында құрылған. Комитет акционерлер мүддесінде әрекеттенеді және Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесі, ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету және тәуекелді басқару, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету үдерісі үшін жауапты.

#### Комитет құрамы

Аудит жөніндегі комитет тәуелсіз директорлар болып табылатын екі адамнан тұрады.

Аудит жөніндегі комитет құрамын анықтау, төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін тоқтату туралы шешім Директорлар кеңесімен қабылданады және Акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

2011 жылы комитет мынадай құрамында істеді:

Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы	Ларионов Дмитрий Владимирович тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Лорд Томас Александер Хескет тәуелсіз директор

#### Аудит жөніндегі комитеттің құзыреті

##### Комитет құзырына мынадай атқарымдар қарайды:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау және ауыстыру бойынша, сыртқы аудиторға төлем мөлшерін анықтау бойынша, сыртқы аудитор қызметтерінің сапасын бағалау, сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алу бойынша ұсыныстарды жасап шығару;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметі басшысын тағайындау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату бойынша ұсыныстарды жасап шығару;
- Қоғам басшылығы өкілдерінің қатысуысыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер жүргізу;
- Комитет қарауындағы мәселелер бойынша кез келген тексерулерді бастау немесе жүргізу.

#### 2011 жылы Аудит жөніндегі комитетпен қаралған мәселелер

2011 жылы өзінің отырыстарында Комитетпен мынадай мәселелер қаралды:

##### Қаржы есеп-қисабы бойынша:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның 2010 жылғы жылдық қаржы есеп-қисабын алдын-ала мақұлдау мәселесі бойынша ұсыныстар.

##### Ішкі аудит бойынша:

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшының Қоғамның ішкі аудит қызметінің 2010 жылғы жұмысы туралы есебі;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшының Қоғамның ішкі аудит қызметінің 2011 жылғы 1,2, және 3 тоқсанның жұмысы туралы есебі;

## 5.6 ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2012 жылға жылдық аудиторлық жоспарын алдын-ала мақұлдау;
- Аудит жөніндегі комитетімен 1 қарашада 2011 жылы алдын-ала мақұлданған Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2012 жылға жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістерді енгізу;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысына және қызметкерлеріне Қоғамның ішкі аудит қызметінің 2010 жылдың нәтижесінде сыйлықақылы сыйақы (пайдадан түскен бонус) мөлшерін алдын-ала мақұлдау;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысына және қызметкерлеріне Қоғамның ішкі аудит қызметінің 2011 жылдың нәтижесінде сыйлықақылы сыйақы (пайдадан түскен бонус) мөлшерін алдын-ала мақұлдау;
- Қоғамның операциялық аудиті жөніндегі менеджер қызметіне тағайындау және өкілеттігін тоқтату бойынша ұсыныстар;
- Қоғамның қаржы аудиті жөніндегі менеджер қызметіне тағайындау бойынша ұсыныстар.

### Сыртқы аудит бойынша:

- 2010 жылғы Қоғамның жылдық қаржы есеп-қисабының өткізілген аудит нәтижесі бойынша Қоғам басшысына тәуелсіз аудитордың хатын қарау;
- Қоғам аудитін 2011-2013 жж. жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау және оның қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау жөнінде ұсыныстар;
- «Делойт» ЖШС Қоғамның 2010 жылғы қаржы есеп-қисабының сыртқы аудитінің нәтижелері туралы ақпарат;
- «Делойт» ЖШС Қоғамның 2011 жылғы қаржы есеп-қисабының сыртқы аудитін өткізудің қазіргі мәртебесі туралы ақпарат.

### Тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару бойынша:

- 2011 жылдың желтоқсанына Қоғамның Тәуекелдердің жаңарған картасын қарау;
- Қоғам тәуекелдерін басқару саясаты жаңа редакциясында және Қоғам тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау ережелері жөнінде ұсыныстар.

### Басқа мәселелер:

- Қоғамды сақтандыру үдерісінің өзгеру мәселесін қарау;
- Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлерін 2012 жылға тұрақты кәсіби дамытуға және оқытуға арналған бюджетті алдын-ала мақұлдау;
- Мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамның сот тәртібімен қараулар және әртүрлі тексерістер мен инспекциялар нәтижелерінің мәртебесі туралы есепті тыңдау.

Тағайындау жөніндегі комитет 7 наурызда 2008 жылы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен құрылған.

Тағайындау жөніндегі комитет Директорлар кеңесі үшін Директорлар кеңесінің құрамына, Қоғамның атқарушы органына білікті мамандарды және басқа қызметкерлерді тарту бойынша ұсыныстарды жасап шығару мақсатында құрылды.

### Комитет құрамы

Тағайындау жөніндегі комитет үш адамнан тұрады, кем дегенде солардың біреуі тәуелсіз директор болу тиіс. Тағайындау жөніндегі комитеттің құрамын анықтау, төрағаны және мүшелерді сайлау және өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім Директорлар кеңесімен қабылданады және Акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

2011 жылы Комитет мынадай құрамынды істеді:

Тағайындау жөніндегі комитеттің төрағасы	Ларионов Дмитрий Владимирович тәуелсіз директор
Комитет мүшелері	Байдәулетов Нуржан Талипұлы Директорлар кеңесінің төрағасы Найджел Брэдли Директорлар кеңесінің мүшесі

### Тағайындау жөніндегі комитеттің құзыреті

Комитет құзырына мынадай атқарымдар қарайды:

- Тәуелсіз директорлар, атқарушы орган, Ішкі аудит қызметінің басшысы және Қоғамның корпоративтік хатшысы лауазымдарына үміткерлер үшін біліктілік талаптарды дайындау;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысы әзірлеген және ұсынылған Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрамына үміткерлер үшін біліктілік талаптарға ұсыныстарды жасап шығару және оларды қарау;
- Тәуелсіз директорлар, атқарушы орган, Ішкі аудит қызметінің басшысы және Қоғамның корпоративтік хатшысы лауазымдарына үміткерлерді сайлау және тағайындау бойынша ұсыныстар. Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзыретіне сайлау (тағайындау) қарайтын лауазымдарға үміткерлер Комитетпен Қоғамның ішкі құжаттарының тиісті нормалары және/немесе Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының жүгінуі (тапсырмасы) негізінде қаралады;
- Қоғамның Акционерлері кеңесінің қайта сайланған мүшелері үшін Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері және Қоғам

туралы ақпарат көрсетілген нұсқауды (қызметке енгізу бағдарламаны) әзірлеу;

- Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің, атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басқарушысының және корпоративтік хатшысының сабақтастығын жоспарлау саясатын әзірлеу.

### 2011 жылы Тағайындау жөніндегі комитет қараған мәселелер

2011 жылы Комитет өз отырыстарында мыналарды қарады:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындау жөніндегі комитеттің 2011 жылға жұмыс жоспары;
- Қоғамның инженерлік-техникалық мәселелер жөніндегі аға вице-президентті тағайындау жөнінде ұсыныстар;
- Қоғамның өндіріс жөніндегі вице-президенттің өкілеттігін тоқтату жөнінде ұсыныстар.

## 5.7 СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Сыйақы жөніндегі комитет 7 наурызда 2008 жылы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен құрылған.

Сыйақы жөніндегі комитет Директорлар кеңесімен және акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғам директорлардың, атқарушы органның және басқа қызметкерлердің сыйақысы мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылды.

### Комитет құрамы

Сыйақы жөніндегі комитет тәуелсіз директорлар болып табылатын екі адамнан тұрады.

2011 жылы Комитет мынадай құрамда істеді:

Сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы	Лорд Томас Александер Хескет тәуелсіз директор
Комитет мүшесі	Ларионов Дмитрий Владимирович тәуелсіз директор

### Сыйақы жөніндегі комитеттің құзыреті

Комитет құзырына мынадай атқарымдар қарайды:

- Директорлар кеңесінің, атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының және Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғамның басқа қызметкерлерінің сыйақы саясаты мен құрылымы Қоғамның ішкі құжаттары бойынша ұсыныстар;
- Директорлар кеңесінің, атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының және Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғамның басқа қызметкерлерінің жеке сыйақысының жыл сайынғы негізінде Қоғамның ішкі құжаттары бойынша, еңбек келісімшарттар және өтемақылар төлеуін қолдануға мүмкін жерде тоқтатуды қосқанда, ұсыныстарды көрсету;
- Директорлар кеңесінің, атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының және Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғамның басқа

қызметкерлерінің сыйақылар мөлшерін өзгерту бойынша Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстарды енгізу;

- Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғам қызметкерлерінің жыл соңында сыйақысын төлеу Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес мәселені қарау;
- Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғам қызметкерлеріне төленетін сомаларды көрсетілген тұлғалардың өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда оңтайландыру бойынша шараларды әзірлеу;
- Директорлар кеңесінің, атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Қоғамның корпоративтік хатшысының және Директорлар кеңесімен/акционерлермен сыйақы келісуі жүзеге асырылатын Қоғамның басқа қызметкерлерінің сыйақылары деңгейінің салыстырмалы талдауын және саясатын қазақстандық және шетелдік, қызмет көлемі және түрі бойынша іспеттес компанияларда жүргізу және Қоғамның Директорлар кеңесіне хабарлау.

### 2011 жылы Сыйақы жөніндегі комитет қараған мәселелер:

2011 жылы Комитет өз отырыстарында мыналарды қарады:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Сыйақы жөніндегі комитеттің 2011 жылға жұмыс жоспары;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне және акционерлеріне Қоғам президентіне төленетін сыйақы және өтемақы мөлшерін өзгерту бойынша ұсыныстар;

• 2010 жылғы жұмысы нәтижесінде Қоғам президентіне жылдық сыйлықақылы сыйақыны төлеу жөнінде ұсыныстар;

• 2010 жылғы жұмысы нәтижесінде Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысына және қызметкерлеріне сыйлықақылы сыйақыны төлеу жөнінде ұсыныстар;

• 2011 жылғы жұмысы нәтижесінде Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысына және қызметкерлеріне сыйлықақылы сыйақы (жылдық бонус) мөлшерін анықтау бойынша ұсыныстар.

## 5.8 ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қоғамның ішкі аудит қызметі 6 желтоқсанда 2007 жылы Қоғам Директорлары кеңесі шешімімен құрылған. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және есеп беруші және Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингін іске асыратын Қоғамның органы болып табылады. Қызмет жұмысына Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

Қоғам Жарғысы бойынша ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды немесе президент бола алмайды.

### Атқарымдар

Ішкі аудит қызметі мынадай атқарымдарды орындайды:

- Ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін және тиімділігін бағалайды;
- Тәуекелді басқару жүйесінің сенімділігін және тиімділігін бағалайды;
- Қоғамдағы корпоративтік басқару үдерісін жетілдіруді бағалайды;
- Бухгалтерлік есептің дұрыстығын, толықтығын және әділдігін және қаржы есеп-қисабын қалыптастыру сенімділігін бағалайды;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына

рын Қоғаммен сақтауын, осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданатын жүйелердің және рәсімдердің баламалылығын бағалайды (комплаенс-бақылау);

• Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, халықаралық нормативтерді, Қоғамның ішкі құжаттардың сақтауына, өкілетті және бақылаушы органдардың нұсқауын орындауына тексеріс жүргізеді;

• Қоғам ресурстарын пайдаланудың және Қоғам мүлiгi сақталушылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын тәсілдер (әдістер) тиімділігін және орындылығын бағалайды.

### Ішкі аудит қызметінің басшысы

#### Хегай Валентина Васильевна

Ішкі аудит қызметінің басшысы қызметі 7 желтоқсанда 2007 жылы Директорлар кеңесі шешімімен енгізілген. Басшы қызметіне Хегай Валентина Васильевна тағайындалған.

«Эйр Астана» компаниясына келгенше 2006 жылы Валентина КПМГ аудиторлық компаниясында жұмыс істеді. Аудит, қаржы және бухгалтерлік есеп саласында зор тәжірибесі бар. 1996 жылға дейін әртүрлі өндірістік компанияларда бас бухгалтер және қаржы директоры қызметтерін атқарған. Экономикалық ғылымының кандидаты, сертификатталған аудитор және кәсіби бухгалтер (CAP, CPA және кәсіби бухгалтер сертификаттары).



## 5.9 КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

### Кондачкова Елена Викторовна

Корпоративтік хатшы қызметі 6 желтоқсанда 2007 жылы Директорлар кеңесі шешімімен енгізілген. Корпоративтік хатшы қызметіне Кондачкова Елена Викторовна тағайындалған.

Елена Қоғам қалыптасуының ерте кезеңінде жұмыс істей бастаған Қоғам қызметкері болып табылады. «Эйр Астана» компаниясында Корпоративтік даму жөніндегі маманы, кейін Стратегиялық жоспарлау департаментінің корпоративтік даму менеджері қызметін атқарған. 2011 жылдың қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының корпоративтік хатшыларды сертификаттау бағдарламаны алғашқы түлектер қатарында табысты аяқтады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің атқарушы органы арасындағы сұхбатында маңызды рөл атқарады, Қоғам органдары арасында өзара іс-

қимылын, Қоғам органдарымен заңнамалық және корпоративтік талаптарды орындауды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы Қоғамның тиісті органдарымен акционерлер жүгінулерін тиісті қарауын және акционерлер құқықтарын бұзушылықпен байланысты жанжалдарды шешуді қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының міндеттеріне Директорлар кеңесінің, оның Комитеттері көлемінде, атқарушы орган мен Директорлар кеңесі арасында ақпараттың бірқалыпты ағынын және директорлар лауазымына енгізу барысында көмек көрсетуді қамтамасыз етуі кіреді.

Корпоративтік хатшының лауазымына тағайындау және босату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

## 2012 ЖЫЛҒА ҚАРЖЫ КҮНТІЗБЕСІ

2011 жылғы шоғырланған қаржы есеп-қисабы бойынша тәуелсіз аудитордың есебі	27 наурыз 2012 жыл
Директорлар кеңесімен 2011 жылғы қаржы есеп-қисабын алдын-ала бекіту	26 сәуір 2012 жыл
2011 жылғы қаржы есеп-қисабын Директорлар кеңесімен бекіту	29 мамыр 2012 жыл
2011 жылғы қаржы есеп-қисабын жариялау	4 маусым 2012 жыл
2011 жылғы дивидендтерді жариялау	7 маусым 2012 жыл

### Тәуелсіз аудитор

«Делойт» ЖШС  
Мекенжай:  
Қазақстан, 050059, Алматы қ.,  
Әл-Фараби дңғ., 36,  
Алматы қаржы орталығы, ғимарат «Б»  
Телефон: +7 (727) 258 13 40,  
Факс: +7 (727) 258 13 41

### Тәуелсіз тіркеуші

АҚ «Қор орталығы»  
Тіркелген мекенжай:  
Қазақстан, 050012, Алматы қ.,  
Мәуленов к., 92  
Мекенжай: Қазақстан, 050091,  
Алматы қ., Желтоқсан к., 79а,  
Телефон: +7 (727) 250 89 60/61,  
Факс: +7 (727) 250 16 96

## VI АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ИНВЕСТИОРЛАРҒА

«Эйр Астананың» дивидендтік саясаты туралы ереже қазіргі заңнамаға, Қоғам жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Дивидендтік саясаттың негізгі мақсаты акционерлер және Қоғам мүдделерінің теңгерімін және дивиденд мөлшері мен оларды төлеу шарттарын анықтағанда ашықтық тәсілдемесін қамтамасыз ету болып табылады.

Дивидендтік саясат Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруында және оның капиталдануында, қазіргі заңнамамен, Қоғам жарғысымен және ішкі құжаттарымен ескерілген акционерлер

құқықтарын қатал сақтауында және құрметтеуінде негізделеді.

Қоғамның Дивидендтік саясаты бойынша дивиденд төлеуге жұмсалатын қаражат сомасы Қаржы есеп-қисабының халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес қаржы есеп-қисабы негізінде анықталатын таза табыстың 25% құрайды, дивидендтер төлемі туралы шешімді акционерлермен қабылдаған сәтінде Қоғамның инвестициялық жоспарларын және қаржы жағдайын, нақты жағдайларды ескеруімен акционерлермен басқа шешім қабылдаған жағдайлардан басқа.

### Дивидендтік тарих

	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Бір жай акцияға есебімен есептелген дивидендтер мөлшері (теңге)	59 369	63 708	30 208	145 722	167 064	158 504



## VII ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

### 7.1 2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Басшылығы 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы есептілігін, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілерінде дұрыс көрсететін қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық келесі жауапкершіліктерге ие:

- есеп саясаты принциптерінің дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға.

Басшылық сондай-ақ, келесі жауапкершіліктерге ие:

- Компанияның барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;


- есептіліктің Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржы есептілігінің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- бухгалтерлік есептіліктің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізілуіне;
- Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қисынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерінің анықтауға және олардың алдын алуына.

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл үшін бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы 2012 жылдың 27 наурызында мақұлдады және бекітті.

Компания Басшылығының атынан:

  
Питер Фостер  
Президент

27 наурыз 2012 жыл  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

  
Алима Заманбекова  
Бас бухгалтер

27 наурыз 2012 жыл  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## 7.2 ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Эйр Астана» Акционерлік қоғамының Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Біз қоса берілген 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай жөніндегі есептілікті және сол күні аяқталған жыл іші жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есептіліктерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі принциптерінің ашылуын және өзге түсіндірме ақпараттарды қамтыған «Эйр Астана» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Компания») қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

### Қаржы есептілігі үшін басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық осы қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындалуы және тиісті ұсынылуы үшін, сондай-ақ басшылық алаяқтық немесе қателіктердің салдарынан болатын елеулі бұрмалауларсыз қаржы есептілігінің дайындалуы үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін құруға жауапты.

### Аудиторлар жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудиттің негізінде осы қаржы есептілігінің сенімділігі туралы пікір білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың этикалық нормаларды сақтауын, сондай-ақ аудитті қаржы есептілігінде елеулі бұрмалаулардың жоқтығына жеткілікті сенімділікті алуға болатындай етіп жоспарлауды және өткізуді талап етеді.

Аудит сандық көрсеткіштерге және қаржы есептілігіне ескертулерге қатысты аудиторлық дәлелдерді алу үшін қажетті рәсімдердің жүргізілуін қамтиды. Рәсімдерді таңдау аудиторлардың кәсіби пайымдамасына, соның ішінде жауапсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауға негізделеді. Осындай тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, аталған жағдайларда қолданылатын аудит рәсімдерін әзірлеу, қаржы есептілікті дайындау мен сенімділігіне және ішкі бақылау жүйесін қарастыру мақсатында жасалған. Аудитке сондай-ақ қолданылған есеп саясатының орындылығы және басшылық алған болжамдардың негізділігінің бағалануы, сондай-ақ тұтастай қаржы есептілігін бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіздеме болып табылады деп санаймыз.

Наименование «Делойт» относится к одному либо любому количеству юридических лиц, входящих в «Делойт Туш Томацу Лимитед», частную компанию с ответственностью участников в гарантированных ими пределах, зарегистрированную в соответствии с законодательством Великобритании; каждое такое юридическое лицо является самостоятельным и независимым юридическим лицом. Подробная информация о юридической структуре «Делойт Туш Томацу Лимитед» и входящих в нее юридических лиц представлена на сайте [www.deloitte.com/about](http://www.deloitte.com/about). Подробная информация о юридической структуре «Делойта» в СНГ представлена на сайте [www.deloitte.com/ru/about](http://www.deloitte.com/ru/about).

Member of Deloitte Touche Tohmatsu Limited

### Пікір

Біздің пікірімізше, қаржы есептілігі «Эйр Астана» акционерлік қоғамының 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелерін және ақша қаражаттары қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

Эндрю Вике  
Тапсырма жөніндегі серіктес  
Дипломды бухгалтер  
Қоғамдық практика жөніндегі  
сертификаты 78586,  
Австралия

Николай Демидов  
Сертификатталған аудитор  
2004 жылғы 20 желтоқсанда берілген біліктілік  
куәлігі №0000573,  
Қазақстан Республикасы

«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасы бойынша аудит  
жүргізу құқығына лицензиясы №0000015, түрі  
МФЮ - 2, Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген.

Нұрлан Бекенов  
«Делойт» ЖШС  
Бас директоры



27 наурыз 2012 ж.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## 7.3 2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК  
(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	ЕСКЕРТУ	2011 Ж.	2010 Ж.
<b>Табыстар</b>			
Жолаушылар тасымалы	5	107,961,679	92,251,329
Жүк және пошта	5	3,180,833	2,734,917
Өзге табыстар	5	2,177,602	2,483,491
<b>Барлық табыстар</b>		<b>113,320,114</b>	<b>97,469,737</b>
<b>Операциялық шығыстар</b>			
Жанармай		(26,181,837)	(15,583,689)
Персонал жөніндегі шығыстар	6	(12,535,970)	(10,180,270)
Әуежайлық қызмет көрсету және навигация	6	(12,440,480)	(10,312,850)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	6	(12,417,976)	(12,582,771)
Ұшақтардың операциялық лизингі бойынша шығыстар	6	(10,701,283)	(10,796,047)
Жолаушыларға қызмет көрсету	6	(10,054,919)	(7,729,011)
Сату жөніндегі шығыстар	6	(7,968,906)	(7,198,760)
Экипажға байланысты шығыстар	6	(6,061,229)	(4,842,079)
Табыс салығынан басқа салықтар		(972,492)	(683,413)
Тозу және амортизация	11	(868,645)	(807,418)
Сақтандыру	6	(779,471)	(781,879)
Мүлік жалдау жөніндегі шығыстар		(728,949)	(773,915)
Ақпараттық технологиялар		(391,507)	(343,043)
Консультациялық, заңды және кәсіби қызметтер		(388,618)	(243,949)
Өзгелер		(669,552)	(1,146,334)
<b>Барлық операциялық шығыстар</b>		<b>(103,161,834)</b>	<b>(84,005,428)</b>
<b>Операциялық пайда</b>		<b>10,158,280</b>	<b>13,464,309</b>
Қаржылық кірістер	7	1,523,469	1,098,523
Қаржылық шығыстар	7	(266,244)	(140,549)
Бағам айырмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде		(60,704)	(111,454)
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>11,354,801</b>	<b>14,310,829</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	8	(2,372,907)	(2,950,460)
<b>Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс</b>		<b>8,981,894</b>	<b>11,360,369</b>
<b>Акцияға келетін негізгі және тоғытылған пайда (теңгеммен)</b>	<b>20</b>	<b>528,347</b>	<b>668,257</b>

90-125-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 84-85 беттерде келтірілген.

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ  
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК  
(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	ЕСКЕРТУ	31 ЖЕЛТОҚСАН 2011 Ж.	31 ЖЕЛТОҚСАН 2010 Ж.
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	9	5,060,584	4,648,572
Материалдық емес активтер	10	467,801	456,422
Берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер	14	10,189,968	2,419,960
Кепілдікті салымдар	12	2,567,635	2,216,619
Кейінге қалдырылған салық активтері	8	1,184,826	849,538
Банктердегі депозиттер	18	17,440,412	16,720,243
		<b>36,911,226</b>	<b>27,311,354</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлы-материалдық босалқы қорлар	13	4,325,974	3,055,655
Берілген алғытөлемдер	14	4,715,529	3,104,071
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		474,384	544,456
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	5,211,612	7,363,845
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	17	633,341	408,928
Кепілдікті депозиттер	12	209,299	173,442
Банктердегі депозиттер	18	1,208,335	887,055
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	19	3,560,862	6,123,788
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері	16	132,176	161,583
		<b>20,471,512</b>	<b>21,822,823</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>57,382,738</b>	<b>49,134,177</b>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	20	2,501,550	2,501,550
Қосымша төленген капитал		48,996	48,996
Бөлінбеген пайда		33,648,267	27,506,465
<b>Капитал жиыны</b>		<b>36,198,813</b>	<b>30,057,011</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	22	1,793,500	2,039,365
		<b>1,793,500</b>	<b>2,039,365</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Болашақ кезеңдердің табыстары	21	9,063,471	9,060,879
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	22	2,406,994	1,606,096
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	23	7,802,232	6,353,284
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер	16	117,728	17,542
		<b>19,390,425</b>	<b>17,037,801</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>21,183,925</b>	<b>19,077,166</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>57,382,738</b>	<b>49,134,177</b>

90-125-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 84-85 беттерде келтірілген.

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК  
(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	ЕСКЕРТУ	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ	ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ	БӨЛІН- БЕГЕН ПАЙДА	КАПИТАЛ ЖИЫНЫ
<b>2010 жылдың 1 қаңтарына</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>18,623,378</b>	<b>21,173,924</b>
Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс	-	-	-	11,360,369	11,360,369
Жарияланған дивидендтер	20	-	-	(2,477,282)	(2,477,282)
<b>2010 жылдың 31 желтоқсанына</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>27,506,465</b>	<b>30,057,011</b>
Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс	-	-	-	8,981,894	8,981,894
Жарияланған дивидендтер	20	-	-	(2,840,092)	(2,840,092)
<b>2011 жылдың 31 желтоқсанына</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>33,648,267</b>	<b>36,198,813</b>

90-125-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 84-85 беттерде келтірілген.

2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІЛІК  
(МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

	ЕСКЕРТУ	2011 Ж.	2010 Ж.
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Салық салуға дейінгі пайда		11,354,801	14,310,829
Түзетулер:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мен материалдық емес активтердің тозуы және амортизациясы	11	868,645	807,418
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың шығуынан түскен табыстар		(18,892)	(151,481)
Күмәнді қарыздар бойынша есептелген резервтер	14, 15	6,966	427,101
Өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларға есептелген резервтер	13	19,283	-
Бағам айырмасынан шеккен залал		60,704	111,454
Қаржылық табыстар	7	(1,225,561)	(1,098,523)
Қаржылық жалдау бойынша пайыздық шығыстар	7	-	179
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза іске асырылмаған залал	7	188,241	56,807
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		11,254,187	14,463,784
Дебиторлық берешектің өзгеруі		2,159,128	(2,093,153)
Өзге дебиторлық берешектердің және болашақ кезеңдер шығыстарының өзгеруі		(1,970,710)	(719,503)
Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі		(2,022,278)	(60,379)
Саудалық кредиторлық берешектің, есептелген шығыстардың және өзге ағымдағы міндеттемелердің өзгеруі		1,922,037	3,354,839
Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі		(5,872)	2,512,353
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары		11,336,492	17,457,941
Төленген табыс салығы		(2,613,144)	(3,245,713)
Төленген сыйақы		-	(1,642)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары		8,723,348	14,210,586
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Әуе кемелері үшін алдын ала төлем		(7,843,466)	(1,313,315)
Жабдықтарды сатып алу	9	(989,513)	(2,803,278)
Жабдықтарды сату		449,083	1,724,033
Материалдық емес активтерді сатып алу	10	(38)	(224,896)
Мерзімдік банк депозиттерін орналастыру		(19,469,460)	(12,933,092)
Мерзімдік банк депозиттерін өтеу		18,498,158	6,036,053
Алынған сыйақы		886,250	553,000
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(8,468,986)	(8,961,495)
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Дивидендтерді төлеу	20	(2,840,092)	(2,477,282)
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		-	(44,676)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(2,840,092)	(2,521,958)
<b>АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (АЗАЮЫ)/ ҰЛҒАЮЫ</b>		<b>(2,585,730)</b>	<b>2,727,133</b>
Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбас бағамдары өзгерістерінің әсері		22,804	131,604
<b>ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ</b>	<b>19</b>	<b>6,123,788</b>	<b>3,265,051</b>
<b>ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ</b>	<b>19</b>	<b>3,560,862</b>	<b>6,123,788</b>

90-125-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 84-85 беттерде келтірілген.

## 2011 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕҢГЕМЕН)

### 1. ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компанияның негізгі қызметі жолаушыларға ішкі және халықаралық авиатасымалдары бойынша қызметтер көрсету болып табылады сондай-ақ, өзге қызмет жүк және пошта әуе тасымалдарын қамтиды.

Компания өзінің алғашқы рейсін 2002 жылдың 15 мамырында Боинг-737 ұшағымен Алматы қаласынан Қазақстанның елордасы Астана қаласына ұшуды жүзеге асыру арқылы орындады. 2011 жылдың 31 желтоқсанында Компания қысқа бағыттарға тасымалдарды жүзеге асыратын 6 турбиналы-винтті әуе кемелерінен, қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 3 әуе кемесінен және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 17 әуе кемесінен тұратын 26 әуе кемесі кіретін паркпен жұмыс істеді (2010 ж.: қысқа бағыттарға тасымалдарды жүзеге асыратын 6 турбиналы-винтті әуе кемелері, және ұзын бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 16 әуе кемесі).

2009 жылы Компания өз офисін Қазақстан Республикасының Астана қаласынан Қазақстан Республикасының Алматы қаласына Закарпатская көшесі, 4А мекен-жайы бойынша қайта тіркеуді жүргізді, өйткені Компаниямен негізгі әрекеттесуші әуежай Алматы қаласының Халықаралық Әуежайы болып табылады.

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51% және 49% иелік етеді.

### 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

#### Ағымдағы кезеңде қолданылатын Стандарттар мен Түсіндірмелер:

Компания Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары жөніндегі Комитет және Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары бойынша түсіндірмелер Комитеті (бұдан әрі – «ХҚЕСТК») шығарған, 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші Компанияның жылдық қаржы есептілігіне қатысты күшіне енген келесі жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолданды:

- ХҚЕС 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – 2010 жылғы мамырда «ХҚЕС жыл сайынғы жақсартуларын» шығару нәтижесінде қабылданған түзетулер: қайта құрылымдалған заемдарға қатысты ақпараттың ашылуына түсіндірмелер;
- ХБЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» – (2010 жылы қайта қаралған) байланысты тараптың анықтамасын өзгертеді және мемлекетпен байланысты ұйымдар үшін ақпараттың ашылуын оңайлатады.

Жаңа немесе қайта қаралған стандарттардың қолданылуы Компанияның қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне ықпал еткен жоқ. Жаңа және қайта қаралған стандарттар ХБЕС 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателіктер» талаптарына сәйкес ретроспективті түрде қолданылды.

### Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген

Осы қаржы есептілігін бекіту күні Компания мерзімінен бұрын қолданбаған келесі жаңа стандарттар мен түсіндірмелер шығарылды, бірақ әлі күшіне енбеді:

- ХҚЕС 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» – қаржы активтерінің берілуі туралы ақпаратты ашу талаптарын ұлғайтатын түзетулер <sup>1</sup>;
- ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары» <sup>6</sup>;
- ХҚЕС 10 «Шоғырландырылған қаржы есептілігі» <sup>3</sup>;
- ХҚЕС 11 «Бірлескен қызмет туралы келісімдер» <sup>3</sup>;
- ХҚЕС 12 «Басқа кәсіпорындарға қатысу туралы ақпараттың ашылуы» <sup>3</sup>;
- ХҚЕС 13 «Әділ құнды бағалау» <sup>2</sup>;
- ХБЕС 1 «Қаржы есептілігін ұсыну» – өзге жиынтық табысты ұсыну әдістеріне қатысты түзетулер <sup>4</sup>;
- ХБЕС 12 «Пайдаға салынатын салық» – қолданыс аясы шектелген түзетулер (базалық активтерді шектеу) <sup>5</sup>;
- ХБЕС 27 ХБЕС 27 «Жеке қаржы есептілігі» ретінде қайта шығарылған (2011 жылғы мамырда қайта қарау нәтижесінде) <sup>3</sup>;
- ХБЕС 28 ХБЕС 28 «Тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға салулар» ретінде қайта шығарылған (2011 жылғы мамырда қайта қарау нәтижесінде) <sup>3</sup>;
- ХБЕС 32 «Қаржы құралдары: ақпаратты беру» және ХҚЕС 7 өзара есепке алу ережелерін және талап етілетін ашық көрсетулерді қолдануды нақтылайтын түзетулер <sup>7</sup>.

<sup>1</sup> 2011 жылғы 1 шілдеден басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады.

<sup>2</sup> 2005 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады.

<sup>3</sup> Бес стандарттардың әрқайсысы стандарттардың «бес пакетінен» тұратын барлық стандарттарды қолдану жағдайында рұқсат етілген, 2013 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады (тек ХҚЕС 12 өз бетінше мерзімінен бұрын қолданыла алады).

<sup>4</sup> 2012 жылғы 1 шілдеден басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады.

<sup>5</sup> 2012 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады.

<sup>6</sup> 2015 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен қолданылады.

<sup>7</sup> ХБЕС 32-ге түзетулер 2014 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. ХҚЕС 7-ге ақпаратты ашып көрсетуге қатысты тиісті түзетулер – 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

ХБЕС 12 Пайдаға салынатын салықтарға түзетулер – кейінге қалдырылған салықтарды есептеу мақсаттары үшін ХБЕС 40 сәйкес әділ құны бойынша бағаланатын жылжымайтын мүліктерге инвестициялардың баланстық құнының өтемі сату жолымен жүргізілетіні жөніндегі презумпцияны белгілейді.

ХБЕС 8-ге сәйкес түзетулерді ретроспективалы түрде қолдану талап етіледі. Компания бұл түзетудің қаржы есептілігіне мүмкін ықпалына бағалауды жүргізеді және бұл түзетуді қолдану оның қолданысы кезеңінде Компанияның қаржы есептілігіне ықпал етпейді деп күтіледі.

Компания тиісті жаңа, қайта қаралған және толықтырылған стандарттар мен жаңа түсіндірмелерді олар күшіне енген күн басталғаннан бастап қабылдайтын болады. Компания Басшылығы осы стандарттардың және түсіндірмелердің қолданылуы болашақ кезеңдерде Компанияның қаржылық жағдайына және ақша қаражаттарының қозғалысына елеулі қаржылық ықпал етпейді деп күтеді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

#### Сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

#### Қаржы есептілігін дайындаудың принциптері

Бұл қаржы есептілігі, төменде түсіндірілетіндей бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілетін кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес дайындалды. Тарихи құн әдетте активтерге айырбасталып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген.

#### Функционалдық валюта және қаржы есептілігін ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі «теңге») болып табылады, ол Компанияның функционалдық валютасы болып табылады, өйткені Компанияда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге сондай-ақ осы қаржы есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

#### Табыстар

##### *Жолаушылар тасымалынан түскен табыстар*

Сатылған билеттер тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде табыс болып танылады. Сатылған, бірақ әлі пайдаланылмаған авиабилеттердің құны Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетілген. Қаржылық жағдай жөніндегі есептіліктің бұл жолы жолаушылардың тасымалдануына қарай, не жолаушы билетті қайтарған кезде азайтылады. Олар бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілмейтін сатылған билеттер мерзімі аяқталатын кезеңде негізгі қызметтен алынған табыс болып танылады. Билеттің қолданысының ең ұзақ мерзімі бір жыл болады.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстар басқа авиакомпаниялармен жасалған "code-share" шарттары бойынша түсетін табыстарды қамтиды. Бұл шарттар бойынша Компания осы авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатады және бұл авиакомпаниялар да Компанияның рейстеріндегі орындарды сатады. Басқа авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатудан алынған табыстар Компанияның пайдаларының немесе залалдарының құрамында таза мөлшерінде көрсетіледі. Компанияның рейстеріне басқа авиакомпаниялардың билеттерін сатуынан түскен табыстар жолаушылар тасымалынан түскен табыстардың құрамында пайдаларда немесе залалдарда көрсетіледі.

##### *Жүк тасымалдарынан түскен табыстар*

Компанияның жүк тасымалдарынан түскен табыстары тасымалдау жөніндегі қызметтердің көрсетуіне қарай табыстар болып танылады. Ол бойынша қызмет көрсетілмеген жүк тасымалдарын сату болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі.

##### *Мемлекеттік көмекқаржылар*

Жұмсалған шығындарды, шығыстарды өтейтін немесе қаржылық көмек түрінде берілген, болашақ шығындармен байланысты емес мемлекеттік көмекқаржылар оларды алу құқығы туындайтын кезеңнің табыстарына жатқызылады.

#### Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

Сатылатын билеттер бойынша Nomad Club ұпайларын беру, болжамды марапат пен көрсетілетін қызмет арасалмағы арасынан алынатын, марапаттың әділ құны бойынша бірнеше элементтерді құрайтын табыс операциялардың элементі ретінде есептеледі. Болжамды марапат ретінде түскен сыйақының әділ құны – осы марапаттың жекелеген сату құны бойынша бағаланады. Мұндай сыйақы бастапқы сату кезінде табыс болып саналмайды және болашақ кезеңнің табысы ретінде көрсетіледі. Алайда, марапат берілгеннен соң және Компания өз міндеттерін толығымен орындаған соң, ол табыс ретінде танылады.

#### Туристік агенттіктердің комиссиялары

Туристік агенттіктердің авиабилеттерді сатудан алатын комиссиялары жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде шығыс болып танылады.

#### Жалдау

Жалдау, егер жалдау шарттары бойынша активке иеленумен байланысты елеулі тәуекелдер мен игіліктер жалгерге берілетін болса, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

##### *Компания жалгер ретінде*

Қаржылық жалдау шарттары бойынша жалданған активтер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалданған мүліктің әділ құны мен ең аз жалдық төлемдердің дисконтталған құнының қайсысы төмен болса сол құн есепке алынады. Жалға берушінің алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте қаржылық жалдау жөніндегі міндеттемелер ретінде көрсетіледі. Жалдау төлемінің сомасы қаржылық шығыстар мен жалдау жөніндегі міндеттемелердің азайтылуының арасында міндеттемелердің қалдығына пайыздың тұрақты мөлшерлемесін алуға болатындай етіп бөлінеді. Қаржылық шығыстар, егер олар жіктелетін активтерге тікелей жатқызылмайтын болса, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі. Соңғы жағдайда ол заемдар жөніндегі шығындарға қатысты Компанияның жалпы саясатына сәйкес капиталдандырылады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тиісті жалдау мерзімінің ішінде тікелей әдіс бойынша шығыстар болып танылады. Әуе кемелерін жалдау ұшу сағаттары мен циклдеріне байланысты өзгеретін елеулі қаржылық және айнымалы жалдау төлемдерін қамтиды және өздері туындаған кезеңде шығыстар болып танылады. Операциялық жалдауды жасасу кезінде сыйақы алынған жағдайда, мұндай сыйақылар міндеттемелер болып танылады. Мұндай сыйақылардан алынған жиынтық игілік, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тікелей әдіс бойынша жалдау жөніндегі шығыстардың азайтылуы ретінде танылады.

##### *Лизинг шарттары бойынша кепілді депозиттер*

Әуе кемелерін жалдау жөніндегі кепілді депозиттер жасалған қаржылық және операциялық жалдау шарттарының талаптарына сәйкес әуе кемелерін жалға берушілерге төленген соманы білдіреді. Бұл депозиттер жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін Компанияға қайтарылады. Операциялық жалдау шарттары бойынша кепілді депозиттер қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте активтер ретінде көрсетілген. Бұл депозиттердің сыйақылары жоқ және 8.2% орташа нарықтық табыстылық деңгейімен амортизацияланатын құны бойынша көрсетілген (2010 ж.: 8.2%)

## Шетелдік валютадағы операциялар

Қаржы есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада («шетелдік валюталар») көрсетілген мәмілелер мәміле жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай баптар есептілік жасалған күнгі тиісті валюталық бағам бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген әділ құны бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күні қолданылатын айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетелдік валютада көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Төменде 31 желтоқсандағы және осы күні аяқталған жылдар үшін теңгенің айырбас бағамдары келтірілген:

	Орташа бағам		Жыл соңындағы бағам	
	2011 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2010 ж.
АҚШ доллары	146.62	147.35	148.40	147.40
Евро	204.11	195.67	191.72	195.23
Ағылшын фунт стерлингі	235.10	227.86	228.80	228.46

### Қаржылық табыстар мен шығыстар

Қаржылық табыстар инвестициялар бойынша пайыздардан түскен табыстардан тұрады. Қаржы активтері бойынша пайыздық табыстар, егер Компанияның экономикалық игілік алуының және табыстардың деңгейінің дұрыс анықталуының жоғары ықтималдығы бар болса, танылады. Пайыздық табыстар қаржы активінің баланстық құнына (пайыздарды есепке алмастан) және қаржылық активті өтеуге дейінгі күтілетін мерзімнің ішінде күтілетін болашақ ақшалай түсімдердің дисконтталуын қамтамасыз ететіндей болып есептелетін тиімді пайыздық ставкаға орай бұл активті тану кезінде оның баланстық құнына дейін есептеп шығарылады.

Қаржылық шығыстар сыйақы шығыстарынан, банк комиссияларынан және өзге шығыстардан тұрады. Жоғары пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін біршама уақыт қажет ететін активтердің сатып алынуымен, құрылысымен немесе жасалуымен тікелей байланысты заемдар бойынша шығындар осындай активтердің құнына олар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін қосылады. Заемдар бойынша барлық өзге шығындар өздерінің туындауына қарай пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

## Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар бойынша міндеттемелер тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде пайдалардың немесе залалдардың құрамында шығыстар болып танылады.

Резерв, егер Компанияның қызметкердің жұмысының салдарынан осындай сыйақы төлеу жөніндегі ағымдағы заңдық міндеттемесі болса және бұл сыйақының мөлшері жеткілікті дәрежеде сенімді бағалана алатын болса, болжалды қысқа мерзімді бонустар және Компанияның пайдасынан түскен бонустар мөлшеріне құрылады.

## Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады. Ағымдағы табыс салығы есепті жылдың салық салынатын пайдасына негізделеді. Салық салынатын пайда жиынтық табыс жөніндегі есептілікте көрсетілген таза пайдадан ерекшеленеді, өйткені соңғысы басқа жылдары салық салуға немесе шегеруге жататын табыстар мен шығыстарды қамтиды, ол сондай-ақ салық салынбайтын, не шегерілмейтін баптарды да қамтиды. Компанияның ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемесі есепті кезеңге күнге қолданылатын немесе негізінен қолданылатын салық мөлшерлемелерін пайдаланумен жыл үшін салық салынатын табыстан төленетін, болжалды салықты білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық алынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректерінің арасындағы уақытша айырмаларға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері бұл уақытша айырмаларды пайдалану үшін жеткілікті болашақ салық салынатын пайданы алудың жоғары ықтималдығы болған кезде барлық шегерілетін уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Салық активтері мен міндеттемелері, егер уақытша айырмалар салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер шеңберінде туындайтын болса, қаржы есептілігінде көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер бұл активтерді толықтай немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алу ықтималдығы бұдан әрі жоғары болып табылмайтын болса, азайтылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге қолданыста болған салық ставкаларына (салық заңына) негізделі отырып, міндеттеме өтелген немесе актив өткізілген есепті кезеңде қолданылатын салық ставкалары бойынша өлшенеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің есебі Компанияның есепті күнге өзінің салық активтерін немесе міндеттемелерін тиісінше іске асыруды немесе өтеуді күтуі нәтижесінде туындайтын салықтық салдарларды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ағымдағы салық активтерін ағымдағы бар салық міндеттемелерін өтеу есебіне ескерудің заңды негізделген құқығы бар болған және олар бір ғана салық органы есептеген табыс салығына жатқызылған және өзінің салық міндеттемелері мен активтерін таза негізде есепке алуға ниеттенген кезде өзара есепке алынады.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, олар өзге жиынтық табыстың немесе капиталдың құрамына тікелей жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар да тиісінше өзге жиынтық табыста немесе тікелей капиталда танылады.

## Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Қызметтер ұсыну және әкімшілік мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте, жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегергеннен кейін, өзіндік құны бойынша көрсетілген.

Құн активтерді сатып алуға тікелей жатқызылатын шығындарды қамтиды. Компанияның өз күштерімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және пайдалануға арналған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты кез келген басқа шығындарды және жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жою мен жылжыту және олардың орналасқан жерін қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындау үшін ажырамас бөлік болып табылатын сатып алынған бағдарламалық қамсыздандыру осы жабдықтың бөлігі ретінде капиталдандырылады.

Егер жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісі пайдалы қызмет мерзімдері әртүрлі болатын бірнеше құрамдық бөліктерден тұратын болса, мұндай құрамдық бөліктер жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың жекелеген объектілері (негізгі құрамдық бөліктері) ретінде ескеріледі.

Негізгі қосалқы бөлшектер және қолдануға дайын жабдық Компания оларды бір есепті кезеңнен астам уақыт пайдалануға ниетті болғанда мүліктер, машиналар және жабдықтар ретінде жіктеледі. Дәл сол секілді, негізгі құралмен бірге пайдалануға мүмкін болатын қосалқы бөлшектер мен көмекші жабдықтар, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар ретінде ескеріледі.



Мүліктер, машиналар және жабдықтар объектісінің құрамдық бөліктерін ауыстырумен байланысты шығындар, егер бұл объектіні пайдаланудан болашақ экономикалық пайданы Компанияның алу ықтималдығы бар болса және оның құны сенімді түрде анықталатын болса, осы құрамдық бөліктің баланстық құны бойынша ескеріледі. Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын барлық ағымдағы шығыстар пайдалардың немесе залалдың құрамына кезеңнің шеккен шығыстары ретінде қосылады.

Негізгі құрал объектілерінің тозуы осы объектілер қызметінің пайдалы мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және пайдалардың немесе залалдардың құрамында көрсетіледі.

Төменде ағымдағы және салыстырмалы кезеңдер үшін жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімдері келтірілген:

Үйлер мен ғимараттар	14-50 жыл
Авиақозғалтқыштар	14 жыл
Айналымдық қосалқы бөлшектер	5-10 жыл
Офис жабдығы және жиһаз	3-7 жыл
Көлік құралдары	7 жыл
Өзгелер	5-10 жыл

Қаржы лизингінде бар активтер олардың пайдалы мерзімінің ішінде меншікте тұрған активтер секілді әдіспен немесе, егер жалдау мерзімі қысқа болса, онда осындай активті жалдау мерзімінің ішінде амортизацияланады.

Амортизация жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың (жер учаскелерін және аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда) құнын-жою құны шегерілгеннен кейін пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару үшін есептеледі. Пайдалы қолданудың болжалды мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі.

Негізгі құрал объектісі актив шығарылған немесе оны одан әрі пайдаланудан экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құрал объектілерін сатудан немесе өзгеше шығуынан түскен табыс немесе залал осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және пайдада немесе залалда танылады.

## Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегерілгеннен кейін өзіндік құны бойынша көрсетілген. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісінің негізінде есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері бағалаудағы кез келген өзгерістердің әсерін тану мүмкіндігімен есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Ағымдағы және салыстырмалы кезең үшін бағдарламалық қамсыздандырудың пайдалы қызмет мерзімдері 7 жылдан 10 жылға дейін болды.

## Активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания өз активтерінің ағымдағы құнын активтердің құнсыздану белгілерінің туындауын анықтау үшін қайта қарастырады. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда, егер мұндай анықталған болса, құнсызданудан болған залалдардың есебі мақсатында бұл активтің өтеу құны анықталады. Жекелеген активтің өтеу құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Компания актив тиесілі болатын бірліктің ақша ағындарын шоғырландыратын өтеу құнын анықтайды. Сөйтіп, салыстыруды негізді және қисынды түрде жүргізу мүмкін болатын жерде, Компания корпоративтік активтердің қандай да бір шоғырландырушы бірліктердің топтарына тиістілігін анықтайды, өйтпеген жағдайда, мұндай активтер ең аз құнмен шынайы және сенімді түрде анықталуы мүмкін шоғырландырушы бірліктердің ең аз тобына жатқызылады.

Пайдалы қызмет мерзімі анықталмаған материалдық емес активтер, сондай-ақ әлі пайдалануға енгізілмеген материалдық емес активтер жыл сайын, не активтің құнсыздану мүмкіндігінің белгілері болған кезде құнсыздануға тестіленеді.

Өтелетін құн, сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергенде, әділ құн мен пайдалану құнының арасындағы ең үлкені болып табылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары олардың ағымдағы құнына дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және олар бойынша ақша қаражаттарының болашақ ағындарын бағалау түзетілмеген активтерге тән тәуекелдерді көрсететін, салықтарды шегергенге дейін дисконт ставкасын пайдаланумен дисконтталады.

Егер активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) өтелетін құны активтің ағымдағы құнынан кем бағаланатын болса, онда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның шамасына дейін азайтылады. Құнсызданудан болған залал, тиісті актив қайта бағаланып қойылған жағдайды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі, мұндай жағдайда құнсызданудан болған залал қайта бағалау резервін азайту жолымен ескеріледі.

Құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілген жағдайда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның қайта қаралған шамасына дейін ұлғаяды, бірақ, егер алдыңғы кезеңдерде активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) құнсыздануы болмағанда болуы мүмкін ағымдағы құнның шамасынан аса алмайды. Құнсызданудан болған залалдың өзгеруі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

## Тауарлы-материалдық босалқы қорлар

Тауарлы-материалдық босалқы қорлар сатып алудың нақты құны мен сатуға боларлық таза бағасының ең азы бойынша көрсетіледі. Тауарлы-материалдық босалқы қорларды есептен шығарудың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады, бұған есептен шығару құны орташа өлшенген құн әдісі бойынша анықталатын жанармай кірмейді. Сатуға мүмкін боларлық таза бағасы пысықтауға жұмсалатын барлық болжамды шығындар мен сатуға жұмсалатын шығыстарды шегере отырып, босалқы қорлардың есептік сату бағасын білдіреді.

Материалдарды сатып алу кезінде жұмсалатын, кеден баждары, тасымалдау, брокерлік қызметтер және басқалар секілді үстеме шығыстар материалдардың жекелеген шоттарында көрсетіледі және тиісті материалдардың пайдаланылу шамасына қарай есептен шығарылады. Үстеме шығыстар жанармайды және мұздануға қарсы сұйықтықты қамтымайды (13-қосымша).

## Резервтер

Резервтер Компания өткен оқиғаның нәтижесінде міндеттемесі (заңдық немесе келісімшарттық) болатын және Компания осындай міндеттемені өтеуге міндетті ықтимал болатын, оның үстіне осындай міндеттеменің мөлшері шынайы бағалана алатын жағдайда, қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте танылады.

Резерв танытын сома осы жағдайдан туындайтын барлық тәуекелдер мен белгісіздіктерді назарға ала отырып, есепті күнге бар міндеттемелерді өтеу жөніндегі ең жақсы баға болып табылады. Резервтер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті ақша ағындарын пайдаланумен бағаланған жағдайда, олардың баланстық құны осындай ақша ағындарының ағымдағы құны болып табылады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық игіліктердің бір бөлігі немесе барлығын үшінші тарап өтеген жағдайда, Компания дебиторлық берешекті өтемнің алынуының және өтемнің мөлшерін жетерліктей дәл анықтаудың ықтималдығының жоғары дәрежесі болғанда актив ретінде таниды.

### Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв

Компания әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсетуді Компания жасаған операциялық жалдау шарттарының талаптарына және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Операциялық жалдау шарттары да әуе кемелерін жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін лизинг берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруды талап етеді, мұның өзі қайтарудың алдында белгілі бір рәсімдерді орындауды талап етуі мүмкін. Компанияның әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсету бағдарламасы әуе кемесін қайтару кезінде шығыстардың туындауын азайтуға арналған. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің негізгі нысандары ұшақтың корпусына (сондай-ақ С-чек бағдарламалары деп аталады) және қозғалтқышына қатысты болады. С-чек әрбір 18 ай сайын немесе әрбір 5,000-6,000 ұшу сағаттары сайын, қайсысының ерте басталуына және әуе кемесінің тұрпатына байланысты жүргізіледі. Қозғалтқышты жөндеу ұшу сағаттарының немесе циклдерінің белгіленген саны өткеннен кейін жүргізіледі. Операциялық лизингтің шарттары қозғалтқышқа жөндеу жүргізгеннен кейін Компанияға жалға беруші өтеуге тиісті жалдық төлемнің айнымалы бөлігін қамтиды. Жалдаудың айнымалы бөлігі бойынша шығыстар олар жұмсалған кезде пайдалар немесе залалдар құрамында шығыстар ретінде танылады. С-чек жөндеуі бойынша резервтер Компания басшылығының жөндеу жөніндегі нақты шығыстарды нақты бағалауларының негізінде көрсетіледі және ұдайы есептеледі. Қозғалтқышты жөндеу жөніндегі резервтер Компания басшылығының жөндеу жөніндегі нақты шығыстардың жалға беруші өтейтін сомандан асуы жөніндегі бағасының негізінде көрсетіледі және ұдайы есептеледі. Жөндеу жөніндегі күтілмейтін шығыстар олар туындаған кезде пайдалар немесе залалдар құрамында көрсетіледі.

### Қаржылық құралдар

Қаржы активтері мен міндеттемелері Компания тиісті қаржылық құрал бойынша шарттық қатынастардың тап-рапы болатын кезде танылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен міндеттемелерін (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерін қоспағанда) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәміле жөніндегі шығындар бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей жатқызылатын мәміле жөніндегі шығындар тікелей пайдаға немесе залалға жатқызылады.

### Қаржы активтері

Қаржы активтері мынадай санаттар бойынша жіктеледі: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын; өтеуге дейін ұсталынатын; сату үшін қолда бар; сондай-ақ заемдар мен дебиторлық берешек. Қаржы активтерін қандай да бір санатқа жатқызу олардың ерекшеліктеріне және сатып алу мақсаттарына байланысты болады және оларды есепке алу кезінде орын алады. Қаржы активтерін сатып алу немесе сату жөніндегі барлық стандартты мәмілелер мәміле жасалған күні танылады. Сатып алу немесе сату жөніндегі стандартты мәмілелер активтерді нормативтік актілермен немесе нарықтық тәжірибемен белгіленген мерзімдерде жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алуды немесе сатуды білдіреді.

#### Тиімді пайыздық ставка әдісі

Тиімді пайыздық ставка әдісі борыштық құралдың амортизацияланатын құнын есептеп шығару және пайыздық табыстарды тиісті кезеңге бөлу үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық ставка – бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) борыштық құралды өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) неғұрлым қысқа мерзімге борыштық құралды есепке қабылдау кезіне дейінгі баланстық құнына дейін дисконттау ставкасы.

Табыс пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде белгіленген қаржылық активтерден ерекшеленетін қарыз алу құралдары үшін тиімді пайыздық ставканың негізінде танылады.

Қаржылық актив, егер ол саудаға арналса, не есепте бастапқы көрсету кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде жіктелген болса, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде жіктеледі. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері қайта бағалауды пайдада немесе залалда көрсетумен әділ құны бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе залал қаржы активі бойынша алынған дивидендтерді және пайыздарды қамтиды және жиынтық табыстар жөніндегі есептіліктің қаржылық табыстар жолы бойынша көрсетіледі. Әділ құн 24-ші Ескертуде ашып көрсетілген тәртіппен анықталады.

#### Дебиторлық берешек

Заемдар және дебиторлық берешек – бұл актив нарығында бағаланбайтын, тіркеулі немесе анықталатын төлемдермен туынды емес қаржы активтері. Заемдар мен дебиторлық берешек құнсыздануды шегергенде тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланумен амортизацияланатын құны бойынша ескеріледі.

#### Қаржылық активтердің құнсыздануы

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін активтерді қоспағанда, қаржы активтері әрбір есепті күнге құнсызданудың мәніне бағаланады. Қаржы активтері қаржылық активті есепке қабылдаудан кейін болған, бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде бұл актив бойынша болжамды болашақ ақша ағындарының азаюын куәландыратын объективті деректердің болуы кезінде құнсызданған болып саналады.

Барлық өзге қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті куәлігі мыналар болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе контрагенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарттың бұзылуы, мысалы, пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтарту; немесе
- қарызгердің банкроттығының немесе қаржылық қайта ұйымдастырылуының жоғары ықтималдығы; немесе
- қаржылық қиындықтардың себебі бойынша бұл қаржы активі үшін активті нарықтың жоғалуы.

Саудалық дебиторлық берешек, жекелей құнсызданған болып танылмаған активтер секілді қаржылық активтердің жекелеген санаттары үшін қоржын бойынша тұтастай құнсыздануы бойынша бағаланады. Дебиторлық берешек қоржынының құнының төмендеуінің объективті белгісі оның өтелуі туралы тарихи деректер, 45 күннен тұратын орта мерзімнің ішінде берешекті өтеу жөніндегі кешіктірулер санының ұлғаюы, сондай-ақ дебиторлық берешек бойынша дефолттардың деңгейіне әсер етуі мүмкін экономикадағы елеулі өзгерістер болуы мүмкін.

Амортизацияланатын құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болатын залалдардың құны, активтің баланстық құны мен қаржылық активті бастапқы тану кезінде анықталған тиімді пайыз ставкасын пайдаланумен есептелген, болжанатын болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады.

Сатып алу құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болатын залал, активтің баланстық құны мен ұқсас қаржы активі үшін ағымдағы нарықтық пайыздық ставканы пайдаланумен дисконтталған, болжанатын болашақ ақша ағындарының келтірілген құнының арасындағы айырма ретінде анықталады. Құнсызданудан болған мұндай залалдар болашақ кезеңдерде қалпына келтіруге жатпайды.

Құнсызданудан болатын залал, құнының төмендеуі резервтің есебінен жүзеге асырылатын саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, барлық қаржылық активтердің баланстық құнын тікелей азайтады. Үмітсіз деп танылған жағдайда, саудалық дебиторлық берешек сондай-ақ резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен өтеуден алынған өтемдер резерв есебінен кредиттеледі. Резервтің өзгеруі пайдада немесе залалда көрсетіледі.

Егер «сату үшін қолда бар» санатындағы қаржы активі құнсызданған болып танылса, онда өзге жиынтық табыста жинақталған табыстар немесе шығыстар кезең үшін пайдаға немесе залалға қайта жіктеледі.

Егер келесі кезеңде қаржы активінің құнсыздануынан болатын залалдың мөлшері азайтылатын болса және мұндай азайту құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға объективті байланыстырылуы мүмкін болса, онда бұрын көрсетілген құнсызданудан болған залал пайда немесе залал арқылы қалпына келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру күніне қаржылық активтердің баланстық құны, егер құнсыздану танылмаған жағдайда көрсетілетін баланстық құннан аса алмайды.

#### *Қаржы активтерін тануды тоқтату*

Компания қаржы активтерін олар бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтатылған жағдайда немесе қаржы активі және тиісті тәуекелдер мен игіліктер басқа кәсіпорынға берілген жағдайда ғана тануын тоқтатады. Егер Компания активтерді иеленудің барлық тәуекелдері мен игіліктерін бермейтін және мүлдем сақтамайтын болса, онда ол бұл активтегі өзінің үлесін және онымен байланысты мүмкін міндеттемелерін көрсетуді жалғастыратын болады. Егер Компания берілген қаржылық активті иеленудің барлық тәуекелдері мен игіліктерін іс жүзінде сақтап қалса, ол бұл қаржылық активті ескеруін жалғастыратын болады, ал беру кезінде алынған қаражаттарды қамсыздандырылған заем түрінде көрсетеді.

Қаржы активін тану толықтай тоқтату кезінде активтің баланстық құны мен алынған және алынбауға тиіс сыйақының арасындағы айырма, сондай-ақ бұрын өзге жиынтық табыста танылған және капиталда жиналған табыс немесе шығыс пайда мен залалға жатқызылады.

Егер қаржы активі толықтай есептен шығарылмайтын болса (мысалы, кәсіпорын берілген активтің бір бөлігін сатып алу мүмкіндігін өзінде сақтап қалса немесе иеленумен байланысты тәуекел мен игіліктердің бір бөлігін (бірақ «іс жүзінде барлық» тәуекелдер мен игіліктер емес) сақтап қалса), бұл ретте кәсіпорынның активті бақылауы сақтап қалынса), Компания бұл қаржы активінің баланстық құнын ұстап қалынатын және есептен шығарылатын бөліктерінің арасында беру күніндегі осы бөліктердің әділ құнына бара-бар бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөлік үшін алынған сыйақы сомасының арасындағы айырма, сондай-ақ өзге жиынтық табыста танылған табыстарға немесе шығыстарға кез келген жинақталған бөліктер пайда мен залалға жатқызылады. Өзге жиынтық табыста танылған табыстар немесе шығыстар ұстап қалынатын және есептен шығарылатын әділ құнға бара-бар бөлінеді.

## Компания шығарған қаржы міндеттемелері және үлестік құралдар

### *Міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеу*

Компания шығарған борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржылық міндеттеменің және үлестік құралдың анықтамаларына орай қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеледі.

### *Үлестік құралдар*

Үлестік құрал – бұл кәсіпорынның барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін оның активтер үлесіне құқығын растайтын кез келген шарт. Компания шығарған үлестік құралдарды шығаруға тікелей шығындарды шегергеннен кейінгі түсімдерден мөлшерінде көрсетіледі.

### *Қаржы міндеттемелері*

Қаржы міндеттемелері не пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері ретінде, не өзге қаржы міндеттемелері ретінде жіктеледі.

«Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржылық міндеттемелердің құрамына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер, сондай-ақ есепте бастапқы көрсету кезінде «пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» ретінде белгіленген міндеттемелер кіреді.

Қаржы міндеттемесі, егер ол:

- таяу болашақта кері шығарудың негізгі мақсатымен қабылданатын болса, немесе
- есепке бастапқы қабылдау кезінде олар бойынша қысқа мерзімді сатып алулар мен қайта сатулардың таяуда болған тарихы бар бірегей қоржын ретінде Компания басқаратын қаржылық құралдар қоржынының бөлігі болып табылса; не
- тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде белгіленбеген туынды құрал болып табылса, саудаға арналған ретінде жіктеледі.

Сатуға арналған қаржылық міндеттеме болып табылмайтын қаржылық міндеттеме, егер:

- мұндай жіктемені қолдану кері жағдайда туындауы мүмкін бағалаудағы немесе есептегі теңгерімсіздікті жойса немесе біршама қысқартса; немесе
- қаржылық міндеттеме басқарылуы және бағалануы тәуекелдерді басқарудың құжатпен ресімделген стратегиясына немесе кәсіпорынның инвестициялық стратегиясына сәйкес әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржылық активтер, қаржы міндеттемелері тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелері тобының бір бөлігі болып табылса және мұндай топ туралы ақпарат басшылыққа осының негізінде берілсе; не
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше кіріктіріме деривативтерді қамтитын құралдың бір бөлігі болып табылса және ХБЕС 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» құралды пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде тұтастай (актив немесе міндеттеме) белгілеуге рұқсат етсе, «пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржылық міндеттеме ретінде белгіленуі мүмкін.

«Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржы міндеттемелері қайта бағалауды пайдаға немесе залалға жатқызумен әділ құны бойынша көрсетіледі. Қаржылық міндеттеме бойынша төленген пайыздар жиынтық табыс жөніндегі есептіліктің «қаржылық шығыстар» жолы бойынша көрсетіледі. Әділ құны 24-ші Ескертуде ашып көрсетілген тәртіппен анықталады.

### *Өзге қаржылық міндеттемелер*

Өзге қаржы міндеттемелері бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланумен амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Тиімді пайыздық ставка әдісі қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және пайыздық шығыстарды тиісті кезеңге бөлу үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық ставка – бұл болжалды болашақ ақшалай төлемдерді (пайыздың тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконтты қоса алғанда) қаржылық міндеттемені өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) оны есепке қабылдау кезіне баланстық құнға дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау ставкасы.

#### Туынды құралдар

Компания туынды құралдарды пайыздық ставканың өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекелді басқару үшін пайдаланады. Туынды құралдар туралы бұдан арғы ақпарат 16-шы және 24-ші Ескертулерде келтірілген.

Туынды құралдар бастапқыда есепке шарт жасалған күнгі әділ құны бойынша қабылданады және кейіннен әрбір есепті күнге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде белгіленген туынды қаржылық құралдарды қоспағанда, айырма нәтижесінде туындайтындар бірден пайдаға немесе залалға жатқызылады. Хеджирлеу құралдары бойынша пайданы немесе залалды тану мерзімдері хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің мәніне байланысты болады.

Оң мәндегі әділ құны бар туынды құрал қаржы активі ретінде танылады; теріс мәндегі әділ құны бар туынды құрал қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды құрал, егер құралды өтеуге дейінгі қалған уақыт 12 айдан асатын болса және ол 12 айдың ішінде сатылады немесе өтеледі деп күтілмейтін болса, ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктеледі. Қалған туынды құралдар ағымдағы активтер және міндеттемелер ретінде жіктеледі.

#### Дивидендтер

Дивидендтер жарияланған кезеңінде міндеттеме болып танылады.

#### Қаржылық міндеттемелерді есепке алудың тоқтатылуы

Компания қаржы активтерін олар өтелген, жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана қаржылық міндеттемелерді есептен шығарады. Есептен шығарылған қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге тиісті сыйақының арасындағы айырма пайдада немесе залалда танылады.

## 4. СЫНИ БУХГАЛТЕРЛІК ТҰЖЫРЫМДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ ӨЗЕКТІ КӨЗДЕРІ

3-ші Ескертуде ашып көрсетілген Компанияның есеп саясатына толықтыруда басшылықтан шамалары басқа көздермен анықталмаған активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнының мәселесі бойынша бағалау, тұжырымдар және жорамалдар жасау талап етіледі. Бағалаулар мен тиісті жорамалдар тарихи тәжірибеге және басқа факторларға негізделген. Нақты нәтижелердің бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар мен жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралып отырады. Есептік бағалаулардың өзгерістері, егер олар осы кезеңге қатысты болса, осындай өзгертулер болған кезеңде, не осындай өзгерістер ағымдағы және болашақ кезеңдерге ықпал еткен жағдайда өзгерістер кезеңінде және болашақ кезеңдерде танылады.

### Есеп саясатын және бағалауларды қолданудағы сыни тұжырымдар

Төменде Компанияның есеп саясатын қолдану барысында жасаған және қаржы есептілігіне неғұрлым көп әсер ететін сыни тұжырымдар мен бағалаулар келтірілген.

#### Резервтер

Резервтер жоғалтудың кез келген мүмкін және бағаланатын тәуекелі бар болған кезде есептеледі. Резервтер негізінен ұшақтарға техникалық қызмет көрсетулерге резервтерді қамтиды (22-ші Ескерту).

## Болашақ техникалық қызмет көрсетумен байланысты айнымалы жалдық төлемдердің өтелімділігі

Ұшақтарды операциялық жалдау шарттарына сәйкес Компания жалға берушілерге қозғалтқыштардың, қозғалтқыштың шектеулі қызмет мерзімдері бар бөліктерінің және қосымша қуаттылық қондырғыларының ұшу сағаттарының негізінде есептелген айнымалы жалдау төлемдерін төлейді. Бұл сомаларды жалға берушілер жөндеу жүргізу кезінде (қозғалтқышты жөндеу, қозғалтқыштың шектеулі қызмет мерзімдері бар бөліктерін ауыстыру) өтейді. Өтеу Қазақстан Республикасының Азаматтық Авиация Комитетімен («ААК») келісілген Компанияның техникалық қызмет көрсету бағдарламасының кестесіне енгізілген жөндеулер мен ауыстырулар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Кесте бойынша жоспарланған жөндеуден кейін, бірақ қайтару алдындағы шарттардың орындалу қажеттілігі пайда болғанға дейін ұшақ қайтарылған жағдайда, жалға берушілерге төленген айнымалы жалдау төлемдерінің сомалары өтелмейтін болып табылады және ұшақтың келесі жалдаушысына беру үшін депозит ретінде жалға берушіде қалады. Компания басшылығы 2011 жылдың 31 желтоқсанында 17,366,920 мың теңге (2010 ж.: 10,127,707 мың теңге) сомаға айнымалы жалдық төлемдердің жарналарын ұшақтарды жалға берушілер жөндеуден кейін өтеуге тиіс деп санайды. Басшылық Компания төлеген өтелетін айнымалы жалдық төлемдердің өтелімділігін ұдайы бағалайды.

## Салық заңнамасына сәйкестік

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы әртүрлі түсіндірмелерге жол береді және жиі өзгеріп отырады. Бұл ретте басшылықтың Компанияның қызметіне қатысты салық заңнамасының ережелерін түсінуін айыппұл салуға және өсімпұл есептеуге заңды құқығы бар тиісті аймақтық билік органдарының даулауы мүмкін. Бұрын күмән туғызбаған мәмілелердің салық есебі болашақта даулануының ықтималдығы бар. Салық кезеңі келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде салық органдарының тексеруі үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Компания басшылығы салық заңнамасын өзінің түсінуіне негізделе отырып салықтар жөніндегі міндеттемелер толықтай көлемде көрсетілді деп тұжырымдауына қарамастан, жоғарыда айтылған фактілер Компания үшін қосымша салық тәуекелдерінің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

## Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімдері

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды көрсету кезінде активтердің пайдалы қызмет мерзімін бағалау жүргізіледі, сондай-ақ жылына кем дегенде бір рет құнсыздандудың болуын анықтауға бағалау жүргізіледі.

## Қаржы құралдарының әділ құны

24-ші Ескертуде көрсетілгендей, қаржы құралдарының белгілі түрлерінің әділ құнын бағалау үшін Компания айғақты нарықтық деректерге негізделмеген факторларды ескеретін бағалау әдістерін пайдаланады. 24-ші Ескертуде қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған басты жорамалдар туралы толық ақпарат, сондай-ақ осы жорамалдарға қатысты сезімталдылықтың толық талдауы келтірілген.

Басшылықтың пікірі бойынша, бағалаудың таңдалған әдістері мен пайдаланылған жорамалдар қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін лайықты болып табылады.

## Бағалау резервтері

Компания күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер есептейді. Елеулі тұжырымдар күмәнді дебиторлық берешекті бағалау үшін пайдаланылады. Күмәнді дебиторлық берешекті бағалау кезінде тарихи тәжірибені және клиенттерден күтілетін тәртіптерін қарастыру пайдаланылады. Экономикадағы өзгерістер, не клиенттерден ерекше шарттары осы қаржы есептілігінде есептелген күмәнді борыштар бойынша резервтерге түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін. 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанында тиісінше 555,984 мың теңге және 591,422 мың теңге мөлшерінде күмәнді қарыздар бойынша резервтер есептелді (14-ші және 15-ші Ескертулер).

Компания жыл сайын есепті күнге жүргізілген түгендеу деректерінің негізінде өтімді емес тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтер есептеу қажеттілігіне бағалау жүргізеді. 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания 69,154 мың теңге (2010 ж.: 49,871 мың теңге) мөлшерінде өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорлар бойынша резерв есептеді (13-ші Ескерту).

## Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржы есептілігінде танылмайды. Олар, экономикалық игіліктерді қамтитын ресурстардың ағыны айқын және көз жетерлік болған жағдайларды қоспағанда, қаржы есептілігіне ескертулерде ашып көрсетіледі.

Шартты активтер де қаржы есептілігінде көрсетілмейді. Экономикалық игіліктердің ағыны ықтимал болған кезде, олар қаржы есептілігіне ескертулерде ашып көрсетіледі.

## 5. ТАБЫСТАР

Жолаушылар тасымалдары	2011 ж.	2010 ж.
Жолаушылар тасымалдары	94,312,040	81,377,097
Жанармай алымы	7,840,191	6,669,563
Әуежай алымдары	4,919,972	3,438,257
Мөлшерден тыс багаж	889,476	766,412
	107,961,679	92,251,329
<b>Жүк және пошта</b>	<b>2011 ж.</b>	<b>2010 ж.</b>
Жүк тасымалдары	3,088,556	2,653,217
Пошта жөнелтімдері	92,277	81,700
	3,180,833	2,734,917
<b>Өзге табыстар</b>	<b>2011 ж.</b>	<b>2010 ж.</b>
Агенттік шарттар бойынша айыппұлдар	992,133	880,706
Үкіметтік көмекқаржылар	376,513	678,399
Жарнамадан түскен табыстар	215,802	174,506
Жерде қызмет көрсету	118,563	122,808
Қосалқы бөлшектер мен өзге активтердің шығуы	33,230	171,567
Тегін алынған қосалқы бөлшектер	3,147	-
Өзгелер	438,214	455,505
	2,177,602	2,483,491

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы № 915 қаулысына сәйкес Мемлекет Астана қаласынан Семейге, Павлодарға және Жезқазғанға пайдалы емес бағыттар бойынша әуемен жолаушылар тасымалдау қызметтерін көрсету бойынша компанияларға көмекқаржылар береді.

2010 жылдың ішінде Мемлекет Астана қаласынан Семей, Жезқазған, Павлодар, Петропавл, Орал және Ақтөбе бағыттары бойынша көмекқаржылар берді. 2011 жылдың ішінде Мемлекет Астана қаласынан Петропавлға, Оралға және Ақтөбеге рейстерді жапты.

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудан түсетін табыс төмендегі бағыттардан алынды:

	2011 ж.	2010 ж.
Ішкі бағыттар	43,767,653	38,828,959
Еуропа	44,867,372	37,142,236
Азия	22,507,487	19,015,051
Жолаушылар мен жүк тасымалдарынан түскен барлық табыс	111,142,512	94,986,246

## 6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	2011 ж.	2010 ж.
Техникалық қызмет көрсету – айнымалы жалдық төлемдер	6,775,008	6,125,148
Техникалық қызмет көрсету – құрамдық бөліктер	2,551,293	1,790,871
Қосалқы бөлшектер	1,634,728	1,645,532
Техникалық қызмет көрсету – резервтер (22-ші Ескерту)	1,156,868	2,725,305
Техникалық инспекция	300,079	295,915
	12,417,976	12,582,771

Ұшақтардың операциялық лизингі бойынша шығыстар	2011 ж.	2010 ж.
Тіркелген қаржылық төлемдер	10,505,431	10,328,697
Ұшақтар мен қозғалтқыштардың айналымдық қосалқы бөлшектерін жалдау	195,852	232,113
«Қанаттағы» қозғалтқыш лизингі бойынша шығыстар	-	235,237
	10,701,283	10,796,047

Әуежайлық қызмет көрсету және навигация	2011 ж.	2010 ж.
Техникалық қызмет көрсету	4,124,524	3,379,702
Аэронавигация	4,021,889	3,296,561
Ұшу-қону	3,914,975	3,350,370
Метеоқамсыздандыру	258,709	199,533
Өзгелер	120,383	86,684
	12,440,480	10,312,850

Персонал жөніндегі шығыстар	2011 ж.	2010 ж.
Өндірістік персоналдың жалақысы	8,478,286	6,816,751
Әкімшілік персоналдың жалақысы	1,849,774	1,606,463
Әлеуметтік салық	884,378	704,880
Сату жөніндегі персоналдың жалақысы	727,565	649,406
Өзгелер	595,967	402,770
	12,535,970	10,180,270

Қызметкерлердің орташа саны 2011 жылдың ішінде 3,358 (2010 ж.: 3,032) құрады.

Жолаушыларға қызмет көрсету	2011 ж.	2010 ж.
Әуежайлардың қызметтері	4,425,269	3,087,123
Тамақтану	4,101,893	3,499,633
Ұшу кезінде жолаушылар үшін ойын-сауықтар	317,880	254,181
Қауіпсіздік	314,823	242,037
Өзге қызмет көрсетулер	895,054	646,037
	10,054,919	7,729,011

Сату жөніндегі шығыстар	2011 ж.	2010 ж.
Комиссиялық сыйақы	4,905,475	4,061,086
Брондау жүйелері бойынша шығыстар	1,869,201	2,232,101
Жарнама	760,550	620,768
Интерлайн-келісімдер бойынша комиссиялар	129,963	159,292
Өзгелер	303,717	125,513
	7,968,906	7,198,760

Экипаждарға жұмсалатын шығыстар	2011 ж.	2010 ж.
Келісімшарттық экипаждар	2,333,874	1,612,982
Орналастыру және марапаттау	1,941,882	1,781,399
Оқыту және тренингтер	1,785,473	1,447,698
	6,061,229	4,842,079
Сақтандыру	2011 ж.	2010 ж.
Ұшақтарды сақтандыру	322,775	367,731
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	297,565	314,075
Медициналық сақтандыру	123,768	78,309
Өзгелер	35,363	21,764
	779,471	781,879

## 7. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫСТАР

Қаржылық табыстар	2011 ж.	2010 ж.
Банк депозиттерінен сыйақы бойынша табыстар	1,206,615	1,066,751
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерден іске асырылған табыс (16-шы Ескерту)	297,908	-
Өзгелер	18,946	31,772
	1,523,469	1,098,523
Қаржылық шығыстар	2011 ж.	2010 ж.
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерден таза іске асырылмаған залал (16-шы Ескерту)	188,241	56,807
Банктердің комиссиялары	78,003	83,563
Қаржылық жалдау бойынша сыйақы жөніндегі шығыстар	-	179
	266,244	140,549

## 8. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін Компанияның табыс салығы бойынша шығыстары төменде айтылғандай:

	2011 ж.	2010 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	2,516,272	3,338,232
Пайдаға салынатын ағымдағы салықты өткен жылдардың пайдасына салынатын салықтың сомасына түзетулер	191,923	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша үнем	(335,288)	(387,772)
	2,372,907	2,950,460

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржы есептілігінің мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құндарының уақытша айырмашылығынан алынатын таза салықтық әсерді және салық салу мақсаттары үшін пайдаланылатын шамаларды көрсетеді. 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанында кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелердің құрамында көрсетілетін негізгі уақытша айырмашылықтардан алынатын салықтық әсер төменде көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
Кейінге қалдырылған салық активтері		
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резерв	840,099	729,093
Есептелген сыйақылар бойынша берешек	158,991	210,355
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	95,044	138,208
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	318,648	75,998
Материалдық емес активтер	7,806	2,085
Жиыны	1,420,588	1,155,739
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың баланстық құнындағы айырмашылықтар	(184,326)	(216,891)
Алдын ала төленген шығыстар	(51,436)	(89,046)
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	-	(264)
Жиыны	(235,762)	(306,201)
<b>Таза салық активтерінің жиыны</b>	<b>1,184,826</b>	<b>849,538</b>

Компания орналасқан Қазақстанда қолданылатын табыс салығының ставкасы 2011 және 2010 жылдары 20% құрады. Жыл ішінде есептелген салықтың мөлшері салық салуға дейінгі пайдаға табыс салығының ставкасын қолданумен алынатын салық сомасынан ерекшеленеді. Төменде табыс салығының 20% (2010 ж.: 20%) ставкасын және Компанияның жиынтық табыс жөніндегі есебінде ескерілген табыс салығының нақты сомасының салыстырылуы келтірілген:

	2011 ж.	2010 ж.
Салық салуға дейінгі пайда	11,354,801	14,310,829
Белгіленген ставка бойынша табыс салығы	2,270,960	2,862,166
Шегерілмейтін шығыстардан салықтық әсер	101,947	88,294
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>2,372,907</b>	<b>2,950,460</b>

## 9. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	АЙНА- ЛЫМДЫҚ ҚОСАЛ- ҚЫ БӨЛ- ШЕКТЕР	ОФИС ЖАБ- ДЫҒЫ ЖӘНЕ ЖИҢАЗ	ҮЙЛЕР МЕН ҒИМА- РАТТАР, ЖЕР	КӨЛІК ҚҰРАЛ- ДАРЫ	ӨЗГЕЛЕР	ОРНА- ТЫЛА- ТЫН ЖАБ- ДЫҚТАР	БАРЛЫҒЫ
<b>Құны</b>							
2010 жылдың 1 қаңтарында	3,605,618	654,072	809,888	396,971	541,510	21,462	6,029,521
Түсулер	45,585	149,321	-	41,905	-	2,566,467	2,803,278
Шығулар	(1,774,183)	(15,301)	-	(29,525)	-	-	(1,819,009)
Материалды емес активтерден аудару (10-шы Ескерту)	-	-	-	-	-	28,376	28,376
Материалдарға аудару	-	-	-	-	-	(138,692)	(138,692)
Материалдардан аудару	-	-	-	-	-	247,211	247,211
Ішкі ауыстырулар	2,680,747	296,221	-	14,255	(541,510)	(2,449,713)	-
2010 жылдың 31 желтоқсанында	4,557,767	1,084,313	809,888	423,606	-	275,111	7,150,685
Түсулер	-	-	-	-	-	989,513	989,513
Шығулар	(717,837)	(25,611)	-	(27,600)	-	-	(771,048)
Материалды емес активтерден аудару (10-шы Ескерту)	-	-	-	-	-	19	19
Материалды емес активтерге аудару (10-шы Ескерту)	-	-	-	-	-	(129,430)	(129,430)
Материалдарға аудару	(132)	(595)	-	-	-	(230,451)	(231,178)
Материалдардан аудару	132	595	-	-	-	963,127	963,854
Ішкі ауыстырулар	1,072,713	181,735	-	68,172	-	(1,322,620)	-
2011 жылдың 31 желтоқсанында	4,912,643	1,240,437	809,888	464,178	-	545,269	7,972,415
<b>Есептелген тозу</b>							
2010 жылдың 1 қаңтарында	1,233,210	368,619	77,963	140,621	196,404	-	2,016,817
Жыл үшін есептеу (11-ші ескерту)	486,896	162,403	29,314	52,943	-	-	731,556
Шығулар	(207,924)	(12,869)	-	(25,664)	-	-	(246,457)
Материалды емес активтерден аудару (10-шы Ескерту)	197	-	-	-	-	-	197
Ішкі ауыстырулар	254,536	(58,041)	-	(91)	(196,404)	-	-
2010 жылдың 31 желтоқсанында	1,766,915	460,112	107,277	167,809	-	-	2,502,113
Жыл үшін есептеу (11-ші ескерту)	452,631	204,396	27,396	66,152	-	-	750,575
Шығулар	(295,771)	(22,715)	-	(22,371)	-	-	(340,857)
2011 жылдың 31 желтоқсанында	1,923,775	641,793	134,673	211,590	-	-	2,911,831
<b>Баланстық құн</b>							
2011 жылдың 31 желтоқсанында	2,988,868	598,644	675,215	252,588	-	545,269	5,060,584
2010 жылдың 31 желтоқсанында	2,790,852	624,201	702,611	255,797	-	275,111	4,648,572

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдаланудағы толықтай тозған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың бастапқы құны 201,828 мың теңгені (2010 ж.: 192,053 мың теңге) құрайды.

## 10. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Бағдарламалық қамсыздандыру
<b>Құны</b>	
2010 жылдың 1 қаңтарында	553,066
Түсулер	224,896
Шығулар	(8,509)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарға аудару (9-шы Ескерту)	(28,376)
2010 жылдың 31 желтоқсанында	741,077
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардан аудару (9-шы Ескерту)	129,430
Түсулер	38
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарға аудару (9-шы Ескерту)	(19)
2011 жылдың 31 желтоқсанында	870,526
<b>Жинақталған амортизация</b>	
2010 жылдың 1 қаңтарында	217,499
Амортизацияны есептеу (11-ші Ескерту)	75,862
Шығулар	(8,509)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарға аудару (9-шы Ескерту)	(197)
2010 жылдың 31 желтоқсанында	284,655
Амортизацияны есептеу (11-ші Ескерту)	118,070
2011 жылдың 31 желтоқсанында	402,725
Баланстық құндың	
2011 жылдың 31 желтоқсанында	467,801
2010 жылдың 31 желтоқсанында	456,422

## 11. ТОЗУ ЖӘНЕ АМОТИЗАЦИЯ

	2011 ж.	2010 ж.
Есептелген тозу (9-шы Ескерту)	750,575	731,556
Амортизацияны есептеу (10-шы Ескерту)	118,070	75,862
	868,645	807,418

## 12. КЕПІЛДІКТІ САЛЫМДАР

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
<b>Ұзақ мерзімді кепілдікті салымдар</b>		
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар	2,490,219	2,071,894
Өзге кепілдікті салымдар	77,416	144,725
	2,567,635	2,216,619
<b>Ағымдағы кепілдікті салымдар</b>		
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар	81,620	29,480
Өзге кепілдікті салымдар	127,679	143,962
	209,299	173,442
	2,776,934	2,390,061

Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті депозиттер Компанияның лизинг төлемдері жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ашылған әуе кемелерін операциялық жалдау шарттары бойынша депозиттерді қамтиды. Кепілдікті салымдар, негізінен, АҚШ долларымен деноминацияланған.

Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар төменде айтылғандай өтелуі тиіс:

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Бір жылға дейін	81,620	29,480
Бір жылдан бес жылға дейін	2,123,683	2,001,692
Бес жылдан астам	409,074	117,920
	2,614,377	2,149,092
Әділ құнына дейін түзету	(42,538)	(47,718)
	2,571,839	2,101,374

## 13. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ БОСАЛҚЫ ҚОРЛАР

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Қосалқы бөлшектер	2,544,172	1,848,508
Жанармай	842,284	422,713
Жолдағы тауарлар	296,917	115,392
Ыдыс	249,838	162,317
Жарнамалық материалдар	141,539	201,667
Мұз қатуға қарсы сұйықтық	103,717	126,651
Қатаң есептілік бланкілері	84,156	145,594
Бірыңғай формалы киімдер	43,890	28,011
Өзгелер	88,615	54,673
	4,395,128	3,105,526
Өтімді емес тауарлы-материалдық босалқыларға резервтерді шегергенде	(69,154)	(49,871)
	4,325,974	3,055,655

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларға резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
Жыл басына өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларға резервтер	(49,871)	(49,871)
Жыл ішінде есептелгені	(19,283)	-
Жыл соңына өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларға резервтер	(69,154)	(49,871)

## 14. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстар	10,189,968	2,419,960
Қызметтер көрсетуге берілген аванстар	228,046	228,046
	10,418,014	2,648,006
Минус: Өтелмейтін аванстар бойынша резерв	(228,046)	(228,046)
	10,189,968	2,419,960
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Қызметтер көрсетуге берілген аванстар	2,272,495	1,668,488
Тауарлар жеткізуге берілген аванстар	1,678,162	1,350,461
Операциялық жалдау бойынша алдын ала төлемдер	1,019,162	350,927
	4,969,819	3,369,876
Минус: Өтелмейтін аванстар бойынша резерв	(254,290)	(265,805)
	4,715,529	3,104,071

Ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстар жеткізу мерзімі 2012 жылы басталатын жаңа алты ұшақты жеткізу үшін төлемнің бір бөлігі ретінде Airbus-қа берілген аванстарды және жеткізу мерзімі 2012 жылдың мамыр-маусым айларында басталатын жаңа екі ұшақты сатып алу үшін Embraer-ға төлемдерді қамтиды.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өтелмейтін аванстар бойынша резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
Жыл басына	(493,851)	(316,903)
Жыл ішінде есептелгені	(5,112)	(358,527)
Бұрын құрылған резервтерге қарсы есептен шығарулар	16,627	181,579
Жыл соңына	(482,336)	(493,851)

Өтелмейтін аванстар бойынша резервтер олардың міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігіне байланысты қазіргі кезде заңдық талқылауға түскен кредиторлар бойынша алдын ала төлемдерді қамтиды.



## 15. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Саудалық дебиторлық берешек	2,814,481	5,399,428
Жалға берушілердің берешегі – жалдық төлемдердің айнымалы бөлігін өтеу	1,882,707	1,769,232
Қызметкерлердің берешегі	494,871	255,220
Алынуға тиіс көмекқаржылар (26-шы Ескерту)	65,805	37,536
Өзгелер	27,396	-
	5,285,260	7,461,416
Күмәнді борыштар бойынша резерв	(73,648)	(97,571)
	5,211,612	7,363,845

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша IATA Bank Settlement Plans (BSP) қоса алғанда, сегіз дебиторлар – бүкіл әлем бойынша туристік агенттіктерден түсімдер жинауды орындайтын компаниялар – саудалық және өзге дебиторлық берешектің 29%-ын құрады (2010 ж.: сегіз дебитор 73%-ын құрады).

Жалға берушілердің берешегі есепті күнге дейін жүргізілген жөндеу нәтижелері бойынша Компанияға жалға берушілер өтеуге тиіс болатын жалдық төлемдердің айнымалы бөлігінің сомасымен көрсетілген.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның саудалық және өзге дебиторлық берешегі төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
АҚШ доллары	2,765,194	3,384,554
Теңге	982,655	2,703,172
Евро	704,980	745,421
Ресей рублі	153,742	128,128
Өзгелер	678,689	500,141
	5,285,260	7,461,416

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін күмәнді борыштар бойынша резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
Жыл басына	(97,571)	(37,933)
Жыл ішінде есептелгені	(1,854)	(68,574)
Бұрын құрылған резерв есебінен есептен шығарулар	25,777	8,936
Жыл соңына	(73,648)	(97,571)

## 16. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТИЛЕТІН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелер 2009 жылы басталған авиациялық жанармайға бағаларды хеджирлеу жөніндегі Компания қызметінің нәтижесінде туындайды. Компания әртүрлі қаржылық институттармен шарттарға қол қойды және авиациялық жанармайға бағалардың елеулі өзгерістерін басқару жөніндегі транзакцияларды бастады. Бұл активтер мен міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша танылады, өйткені туынды құралдар хеджирлеу жөніндегі есеп үшін арналмаған болатын.

	Колл-опцион	Пут-опцион	Таза әсер
2010 жылдың 1 қаңтарында	201,852	(50,057)	151,795
Опционды бастапқы бағалау	31,122	-	31,122
Авиациялық жанармайдың хеджирлеуден табылған пайда	18,715	-	18,715
Шетелдік валютаны қайта есептеуден (залал)/ табыс	(1,074)	290	(784)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза іске асырылмаған (залал)/табыс (7-ші Ескерту)	(89,032)	32,225	(56,807)
2010 жылдың 31 желтоқсанында	161,583	(17,542)	144,041
Опционды бастапқы бағалау	(242,073)	2,807	(239,266)
Авиациялық жанармайды хеджирлеуден іске асырылған пайда	297,908	-	297,908
Шетелдік валютаны қайта есептеуден табыс/(залал)	394	(388)	6
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза іске асырылмаған залал (7-ші Ескерту)	(85,636)	(102,605)	(188,241)
2011 жылдың 31 желтоқсанында	132,176	(177,728)	14,448

Келісімдердің шарттары 24-ші Ескертуде сипатталған.

## 17. ӨЗГЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

	2011 ж.	2010 ж.
Өтелуге тиіс қосылған құн салығы	588,467	362,266
Резидент еместердің жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	2,848
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлемдер	44,874	43,814
	633,341	408,928

Қосылған құн салығы бойынша алдын ала төлем ағымдағы активтердің құрамында танылады, өйткені Компания салық комитетінен осы сомалардың өтелуіне жыл сайын өтінім береді.

## 18. БАНКТЕРДЕГІ ДЕПОЗИТТЕР

	2011 ж.	2010 ж.
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Кепілдікті салымдар	3,964	3,049
Есептелген сыйақы	1,204,371	884,006
	1,208,335	887,055
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Өтеудің бастапқы мерзімі 1 жылдан асатын қазақстандық банктердегі ұзақ мерзімді депозиттер	17,440,412	16,720,243
	18,648,747	17,607,298

Мерзімді депозиттер қазақстандық банктердегі депозиттерден (өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан астам болатын және бір жылдан кем болатын), олардың сыйақы ставкалары жылына 3.5%-дан 8.2%-ға дейін болады (2010 ж.: 5%-дан 8.7%-ға дейін). Банк депозиттерінің мерзімінен бұрын алуға қойылған шектеулері жоқ.

Қазақстандық заңнаманың шетелдік жұмыс күші бөлігіндегі талаптарына сәйкестендіру мақсатында аударылған кепілді салымдар теңгемен көрсетілген және оның сыйақы ставкасы жылына 4.5% шектерінде болады (2010 ж.: 4.5%).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк депозиттері төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	2011 ж.	2010 ж.
АҚШ доллары	17,604,287	17,181,207
Евро	1,040,403	415,157
Теңге	4,057	10,934
	18,648,747	17,607,298

## 19. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Қазақстандық банктердегі ағымдағы шоттар	1,346,511	2,530,104
Өтеудің бастапқы мерзімі 3 айдан кем қазақстандық банктердегі мерзімді депозиттер	1,182,640	3,000,000
Шетелдік банктердегі ағымдағы шоттар	1,019,011	584,713
Кассадағы ақша қаражаттары	12,700	8,971
	3,560,862	6,123,788

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ағымдағы шоттардың сыйақы ставкалары 0.2%-дан 2%-ға дейін болды (2010 ж.: 0.2%-дан 2%-ға дейін). Банктердегі қысқа мерзімді депозиттердің (овернайттардың) сыйақы ставкалары жылына 0.08%-дан 2.5%-ға дейін болды (2010 ж.: 0.75%-дан 3.35%-ға дейін).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары төменде айтылған валюталарда көрсетілді:

	2011 ж.	2010 ж.
Теңге	1,059,291	3,085,524
АҚШ доллары	842,760	1,950,127
Өзбек сомы	715,636	-
Евро	438,352	488,234
Ағылшын фунт стерлингі	182,050	207,592
Ресей рублі	157,204	86,370
Қытай юані	77,246	114,289
Үнді рупийі	50,299	72,167
Өзгелер	38,024	119,485
	3,560,862	6,123,788

## 20. КАПИТАЛ

2011 және 2010 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал бір акциясының номинал құны 147,150 теңге тұратын бекітілген, шығарылған және толықтай төленген 17,000 жай акциялардан тұрады.

Компания 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл қорытындылары бойынша дивидендтер туралы әлі жариялаған жоқ. Жай акциялар бойынша төленуге тиісті дивидендтер акционерлердің жыл сайынғы жиналысында анықталады.

2011 жылы акционерлер 2010 жыл үшін салық салудан кейінгі таза пайданың 25% мөлшеріндегі дивидендтер төленетіні туралы жариялады. Дивидендтердің жалпы сомасы 2,840,092 мың теңгені құрады және қатысу үлестеріне сәйкес толықтай төленді және бөлінді (2010 ж.: 2,477,282 мың теңге).

Акцияға табыстылықтың есебі жыл ішінде айналыста жүрген 17,000 жай акциялардың таза пайдасына және орташа өлшенген санына негізделген (2010 ж.: 17,000 акция). Компанияның потенциалды тоғытылған жай акциялары жоқ.

	2011 ж.	2010 ж.
Пайда:		
Таза пайда	8,981,894	11,360,369
Жай акциялар саны	17,000	17,000
Акцияға келетін пайда – негізгі және тоғытылған (теңге)	528,347	668,257

## 21. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ ТАБЫСТАРЫ

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Тасымалдаудан алынатын болашақ кезеңдердің табыстары	7,079,255	7,559,754
Клиент ниеттестігі бағдарламасы	1,984,216	1,501,125
	9,063,471	9,060,879

Болашақ кезеңдердің табыстары сатылған, бірақ әлі пайдаланылмаған, қолданыс мерзімі әлі аяқталмаған жолаушылар авиабилеттерінің құнын көрсетеді.

Клиенттердің ниеттестігі бағдарламасы бойынша болашақ кезеңдердің табыстары да Nomad Club бағдарламасы бойынша есептеулерді қамтиды.

## 22. ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ РЕЗЕРВ

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Қозғалтқыштар бойынша резерв	3,508,775	3,254,665
С-чекке резерв	396,279	390,796
F50, қайтару жөніндегі провизия	295,440	-
	4,200,494	3,645,461

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге есептелген резервтің қозғалысы төменде көрсетіледі:

	2011 ж.	2010 ж.
1 қаңтарға	3,645,461	2,444,248
Жыл ішінде есептелгені (6-шы Ескерту)	2,127,085	2,725,305
Жыл ішінде есептен шығарылғаны (6-шы Ескерту)	(970,217)	-
Жыл ішінде пайдаланылғаны	(601,835)	(1,524,092)
31 желтоқсанға	4,200,494	3,645,461

Операциялық жалдаудың шарттарына сәйкес Компания әуе кемелерінің пайдаланылуына қарай жөндеу және ұстау жөніндегі стандартты рәсімдерді жүргізуге және төлеуге, әуе кемесін жалдау мерзімінің соңында жалға берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруға міндетті. Резервті есептеу үшін пайдаланылатын жөндеудің құны АҚШ долларымен көрсетілген.

Бұл резервтерді төменде айтылғандай пайдалану жоспарланған:

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Бірінші жылдың ішінде	2,406,994	1,606,096
Екінші жылдың ішінде	1,090,618	1,260,631
Үшінші жылдың ішінде	365,909	596,581
Үшінші жылдан кейін	336,973	182,153
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резервтің жиыны	4,200,494	3,645,461
Минус: ағымдағы бөлік	(2,406,994)	(1,606,096)
Ұзақ мерзімді бөлік	1,793,500	2,039,365

Әуе кемелерін жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге резервтерді анықтау кезінде елеулі тұжырымдар орын алады. Басшылық техникалық қызмет көрсету жұмыстарының мүмкін уақыт аралықтарын және құндарын анықтау үшін тәуелсіз мамандарды тартты. Тәуелсіз мамандардың бағалары ұшақтардың ағымдағы техникалық жағдайының, тарихи орындалған ұшу сағаттары мен циклдерінің, әуе кемелерін болашақ кәдеге жаратылуының күтілетін деңгейінің негізінде жалдау мерзімдерін ескере отырып, сондай-ақ жалға берушіге қайтарулы тиіс әуе кемелерінің жағдайы бойынша шарттарды ескере отырып дайындалды. Бағалаулар төменде айтылған негізгі болжамдардың негізінде жасалды:

- ұшу сағаттары мен циклдерін пайдаға асырудың күтілетін коэффициенті тарихи деректерге негізделген;
- ұқсас қызметтер мен қосалқы бөлшектерге нарықтық бағалар пайдаланылған;
- ұшақтар стандартты жағдайларда және стандартты нормалар бойынша пайдаланылады деп жорамалданады; және
- жоспарланбаған техникалық қызмет көрсетуге резерв жасалмаған.

## 23. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Саудалық кредиторлық берешек	4,699,260	3,568,961
Демалыстар және есептелген сыйақылар бойынша берешек	1,270,047	1,383,943
Операциялық жалдау бойынша берешек	655,549	468,279
Қызметкерлер алдындағы берешек	492,739	343,091
Алынған аванстар	269,572	209,924
Төленуге тиіс салықтар	94,793	119,156
Өзгелер	320,272	259,930
	7,802,232	6,353,284

Компанияның кредиторлық берешегі төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Теңге	3,475,243	3,070,057
АҚШ доллары	2,666,870	1,893,749
Евро	1,068,597	1,054,019
Фунт стерлинг	229,533	81,002
Ресей рублі	98,588	125,889
Өзгелер	263,401	128,568
	7,802,232	6,353,284

## 24. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Компания әдеттегі қызметінің барысында кезігетін негізгі тәуекелдер кредит тәуекеліне, сыйақы ставкаларының және айырбас бағамдарының және тауар бағаларының өзгеру тәуекеліне жатқызылады. Компания, төменде сипатталғандай тауар бағалары тәуекелдерінің өзгеруін қоспағанда, мұндай тәуекелдердің ықпалын хеджирлемейді.

### Капиталды басқару

Компания таяу болашақта үздіксіз қызметін қамтамасыз ету және сонымен бірге заемдық және меншікті қаражаттарының қатынасын оңтайландыру есебінен акционерлердің пайдасын барынша арттыру үшін капиталды басқаруды жүзеге асырады. 2010 жылмен салыстырғанда Компанияның жалпы стратегиясы өзгерген жоқ.

Компания капиталының құрылымы Компанияның таза заемдық қаражаттарын және меншікті капиталын қамтиды (шығарылған капиталды, бөлінбеген пайданы қамтитын, 20-шы Ескертуде ашып көрсетілген).

Компанияның капиталының минималды мөлшеріне қойылатын міндетті талаптар жоқ.

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындамауының және осымен байланысты Компанияда залалдардың туындауымен байланысты тәуекел. Компанияның саясаты кредитке қабілетті контрагенттермен ғана жұмыс істеуді және қажет болған кезде міндеттемелердің орындалмауынан залал тәуекелдерін төмендету үшін жеткілікті қамсыздандыруды алуды көздейді. Компания инвестициялық рейтингтен төмен емес кредит рейтингі бар кәсіпорындармен ғана мәмілелер жасайды. Толық ақпаратты тәуелсіз рейтинг агенттіктері береді. Мұндай деректер болмаған жағдайда Компания негізгі клиенттеріне рейтингтер тағайындау үшін басқа жалпы қол жетімді қаржылық ақпаратты және өзінің коммерциялық құжаттамасын пайдаланады. Компания өз тәуекелдеріне және контрагенттерінің кредиттік рейтингтеріне үнемі мониторингті жүзеге асырып отырады. Мәмілелер тәуекелдердің шоғырлануын болдырмау үшін бекітілген контрагенттердің арасында үлестіріледі. Кредиттік тәуекел тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жыл сайын қайта қарастыратын және бекітетін кредиттік лимиттерді белгілеу есебінен бақыланады.

Саудалық дебиторлық берешек сатып алушылардың көпшілік санында бар және әртүрлі экономикалық салалар және географиялық аймақтар бойынша бөлінген. Компания дебиторлардың қаржылық жағдайын тұрақты бағалауды жүзеге асырады және қажет кезінде дебиторлық берешектің өтелуін сақтандырады.

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар (14-ші Ескерту) және саудалық дебиторлық берешек (15-ші Ескерту) бөлігінде кредиттік тәуекелдің елеулі шоғырлануы болған жоқ.

### Сыйақы ставкаларының өзгеру тәуекелі

Компания сыйақы ставкаларының өзгеруінің елеулі тәуекеліне бейім емес.

### Шетелдік валюталардың бағамдарының өзгеру тәуекелі

Компания қазақстандық теңгеден ерекшеленетін валютамен көрсетілген сатумен және сатып алумен байланысты операциялар кезінде валюталық тәуекелге тартылады. Валюталық тәуекел, негізінен, АҚШ доллары мен Еуроға қатысты туындайды. Шетелдік валюталармен көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық мәндері 15-ші, 18-ші, 19-шы және 23-ші Ескертулерде ашып көрсетілді.

## Тауар бағаларының өзгеру тәуекелі

Компания авиациялық жанармайға баға өзгерісінің тәуекелін экономикалық хеджирлеу үшін опциондарды пайдаланады. Қаржылық құралдар: колл-опцион (мұнда сыйлықақы тауар бағасының белгіленген деңгейден жоғары ұлғаюының тәуекелін жабу үшін алдына ала төленеді) және нөлдік құндағы колл (мұнда сыйлықақы тауардың бағасы белгіленген деңгейден төмен азайғанға дейін төленбейді). Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық жанармай бойынша туынды қаржылық құралдар саудаланбайтындықтан, басшылық шікі мұнайдың барреліне баға өзгерістеріне сілтемемен экономикалық хеджирлеу шартына қол қойды. Хеджирленуге тиіс авиациялық жанармайдың көлемін басшылық тәуекелдерді басқару стратегиясының бөлігі ретінде тоқсан сайынғы негізде айқындайды. Экономикалық хеджирлеу Компанияның директорлары мен акционерлері бекіткен жанармайға баға өзгерістерін хеджирлеу жөніндегі саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Төменде келтірілген кестеде жанармай бағасының мүмкін өзгерістерінің таза пайда мен залалға әсері көрсетілген. Осы ашып көрсету мақсатында, сезімталдықты талдау авиациялық жанармайға бағаны тиісінше жоғарғы бағасынан («Кэп») жоғары және төменгі бағасынан («Флор») төмен 10%-ға ұлғайту және азайту көзделген. Сезімталдықты талдауда тестінің арналуы және нәтижелерінің тиімділігі 2011 жылдың 31 желтоқсанында өзгеріссіз қалады деп жорамал жасалды. Талдауда, шетелдік валюталардың бағамдарын және опциондардың волатильдігін қоса алғанда, барлық өзге айнымалылар тұрақты болып қалады деп жорамал жасалды.

	2011 ж.		2010 ж.	
	Таза пайда	Капитал	Таза пайда	Капитал
Нарықтық баға Кэп-қа қарағанда 10%-ға жоғары	1,471,683	1,471,683	509,741	509,741
Нарықтық баға Флор-ға қарағанда 10%-ға төмен	(736,658)	(736,658)	(162,469)	(162,469)

## Шетелдік валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруі тәуекелдеріне сезімталдықты талдау

Компания АҚШ доллары мен Еуроның айырбас бағамдарының өзгерістері бөлігінде тәуекелдердің ықпалына неғұрлым күшті бейім болып отыр.

Компанияның есепті күнге шетелдік валютамен көрсетілген қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің баланстық құны төменде көрсетілген. Бұл ашып көрсету өзге шетелдік валюталарда көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баптарын қамтымайды, осыған байланысты олардың сомалары жиынтығында Компанияның қаржы есептілігіне елеулі ықпал етпейді:

		АҚШ доллары		Евро	
		2011 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2010 ж.
<b>Активтер</b>					
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	2,765,194	3,384,554	704,980	745,421
Банктердегі депозиттер	18	17,604,287	17,181,207	1,040,403	415,157
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	19	842,760	1,950,127	438,352	488,234
<b>Жиыны</b>		<b>21,212,241</b>	<b>22,515,888</b>	<b>2,183,735</b>	<b>1,648,812</b>
<b>Міндеттемелер</b>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	23	2,666,870	1,893,749	1,068,597	1,054,019
<b>Жиыны</b>		<b>2,666,870</b>	<b>1,893,749</b>	<b>1,068,597</b>	<b>1,054,019</b>
<b>Таза валюталық позиция</b>		<b>18,545,371</b>	<b>20,622,139</b>	<b>1,115,138</b>	<b>594,793</b>

Төменде келтірілген кестеде Компанияның қазақстандық теңгенің 2011 жылы тиісінше АҚШ доллары мен Еуроға 10.72% және 16.33%-ға және 2010 жылы 10%-ға ұлғаюына сезімталдығының талдауы көрсетілген. 10.72% және 16.33% – бұл негізгі басшылық үшін валюталық тәуекел бойынша ішкі есептілікті жасасу кезінде пайдаланылатын сезімталдықтың үлесі және басшылықтың валюталар бағамдарындағы негізді мүмкін өзгерісті бағалауын білдіреді. Компания басшылығы Қазақстан Республикасындағы ағымдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, бағамның 10.72% және 16.33%-ға ұлғаюы теңгенің басқа шетелдік валюталарға қатысты бағамының шынайы ауытқуы болып табылады деп пайымдайды.

Сезімталдық талдауына айырбастау кезінде 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша АҚШ доллары мен Еуроға тиісінше 10.72% және 16.33%-ға өзгертілген және 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 10%-ға өзгертілген бағамдар пайдаланылатын кезеңнің соңында бар шетелдік валютадағы сомалар ғана енгізілді. Сезімталдықты талдау саудалық және өзге дебиторлық берешекті, ақша қаражаттарын және олардың баламаларын, банктердегі депозиттерді және саудалық кредиторлық берешекті қамтиды.

Теріс сан теңге АҚШ доллары мен Еуроға қатысты тиісінше 10.72% және 16.33%-ға күшейген кезде (2010 ж.: 10%) пайдадағы және өзге капиталдағы азаюды көрсетеді. Теңге 2011 жылы АҚШ доллары мен Еуроға 10.72% және 16.33%-ға және 2010 жылығы 10%-ға әлсіреген кезде пайда мен өзге капиталға теңге және қарама-қарсы әсер ететін болады және төменгі сомалар оң болады.

	АҚШ долларының ықпалы		Евроның ықпалы	
	2011 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2010 ж.
	<b>10.72%</b>	<b>10.00%</b>	<b>16.33%</b>	<b>10.00%</b>
Пайда немесе (залал)	(1,988,064)	(2,062,214)	(182,102)	(59,479)

Компания ақша қаражаттары, олардың баламалары, банктердегі депозиттер, дебиторлық және кредиторлық берешек көрсетілген шетелдік валюталардың өзгеруін қадағалай отырып, шетелдік валюталардың бағамдарының өзгеру тәуекелін шектейді.

## Өтімділік тәуекелін басқару

Өтімділік тәуекелдері бойынша айрықша жауапкершілік Компания басшылығы үшін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қорландыру бөлігінде өтімділік тәуекелдерін басқару жөніндегі тиісті негізді және өтімділікті басқаруға қойылатын талаптарды жасаған Директорлар Кеңесіне жүктеледі. Компания өтімділік тәуекелін адекватты резервтерді пайдалану арқылы, сондай-ақ ақша ағындарына тұрақты мониторинг пен болжам жасау және қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша мерзімдерді салыстыру жолымен басқарады.

## Сыйақы және өтімділік ставкаларының кестелері

Келесі кестелерде Компанияның туынды емес қаржылық міндеттемелері бойынша оның келісімшарттық мерзімдері көрсетіледі. Кестелер Компаниядан төлемнің талап етілуі мүмкін ең ертерек күннің негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағындарының дисконтталмаған қозғалысының негізінде жасалды.

	Орташа өлшенген тиімді ставка %	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	Жиыны
<b>2011 ж.</b>					
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	-	-	6,167,820	-	6,167,820
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері	-	-	117,728	-	117,728
<b>2010 ж.</b>					
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	-	-	4,640,261	-	4,640,261
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер	-	-	17,542	-	17,542

Келесі кестеде туынды емес қаржы активтері бойынша өтеудің күтілетін мерзімдері көрсетіледі. Кесте, Компания ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын сыйақыны қоса алғанда, қаржылық активтердің дисконтталмаған келісімшарттық міндеттемелерінің негізінде жасалды.

	Орташа өлшенген тиімді ставка %	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	Жиыны
<b>2011 ж.</b>					
<b>Қаржылық активтер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	-	-	5,211,612	-	5,211,612
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	-	-	132,176	-	132,176
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	3,560,862	-	-	3,560,862
<b>Тіркелген ставкамен</b>					
Банктердегі депозиттер	5.68%	16,674	1,585,063	17,879,747	19,481,484
<b>2010 ж.</b>					
<b>Қаржылық активтер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	-	-	7,363,845	-	7,363,845
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	-	-	161,583	-	161,583
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	6,123,788	-	-	6,123,788
<b>Тіркелген ставкамен</b>					
Банктердегі депозиттер	6.22%	13,465	1,154,109	17,880,530	19,048,104

## Әділ құн

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны ағымдағы нарықтық мәмілелердің бағаларын және осындай құралдар бойынша дилерлердің квоталарын пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындарын талдауға негізделген жалпы қабылданған баға модельдеріне сәйкес анықталады. Келесі әдістер мен жорамалдарды Компания қаржы құралдарының әділ құнын есептеп шығару үшін пайдаланады:

### Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, өйткені олар не қысқа мерзімді, не өзіне сыйақыларды қамтиды және дисконтталмайды.

### Саудалық және өзге дебиторлық/кредиторлық берешек

Өтеу мерзімі он екі айдан аз активтер мен міндеттемелер үшін баланстық құн осы қаржылық құралдардың өтеу мерзімдерінің салыстырмалы түрде қысқа болуы салдарынан әділ құнға тең болады.

Өтеу мерзімі он екі айдан асатын қаржы активтері мен міндеттемелер үшін әділ құн есепті жылдың соңында бар болатын нарықтық ставкаларды пайдаланумен дисконтталған ақша қаражаттарының есептік болашақ қозғалысының ағымдағы құнын білдіреді. Заемдар бойынша орташа нарықтық пайыздық ставкалар 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төменде көрсетілген:

	2011 ж. (жылдық %)	2010 ж. (жылдық %)
Теңге		
1 жылдан 5 жылға дейін	11.4%-12.4%	12.4%-15.0%
Шетелдік валюта		
1 жылдан 5 жылға дейін	6.8%-11.6%	4.0%-14.6%

Қаржы есептілігінде басшылық амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнын шамамен әділ құнға тең деп қарастырады.

### Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдарды бағалау (16-шы Ескерту) көпшілік бөлігі тікелей немесе жанама жалпы қол жетімді болып табылатын ақпаратқа негізделеді және бағалаулар активті болып табылмайтын нарықтардағы ұқсас операциялар үшін бір немесе бірнеше қол жетімді баға белгілеулердің негізінде жасалады және әділ құн иерархиясындағы 2-ші Деңгейді білдіреді.

### Саудалық және өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер

Өтеу мерзімі алты айдан кем болатын дебиторлық және кредиторлық берешектер үшін әділ құн баланстық құннан аздап қана ерекшеленеді, өйткені уақыт бойынша ақша құнының әсері елеулі емес.

### Резервтер

Қаржы міндеттемелері анықтамасына түсетін резервтер үшін әділ құн мен ағымдағы құнның айырмашылығы елеусіз, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеулі емес.

## 25. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Операциялық жалдау жөніндегі міндеттемелер

#### Ұшақтар

Ұшақтар бойынша операциялық лизинг шарттарының ұзақтығы 5 жылдан 10 жылға дейін болады. Операциялық лизингтің барлық келісімшарттарында, егер Компания ұзарту жөніндегі опцияны пайдаланатын болса, нарықтық бағаларды жаңарту жөніндегі бөлімдерді қамтиды. Компанияның жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалданған активтерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Операциялық жалдау жөніндегі міндетті төлемдер тіркелген жалдық төлемдерді де, ұшу сағаттарына байланысты өзгеретін техникалық қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің белгілі бір бөлігін қамтиды.

Тіркелген және айнымалы жалдау төлемдері деноминацияланған және АҚШ долларымен төленуге жатады. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

Операциялық жалдау жөніндегі төлемдер бойынша жойылмайтын міндеттемелер төменде көрсетілген:

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Бір жылдың ішінде	16,507,930	16,498,736
Бір жылдан кейін, бірақ бес жылдан аспайды	24,497,150	33,777,761
Бес жылдан астам	11,238,699	6,553,706
	52,243,779	56,830,203

#### Қозғалтқыш

2010 жылдың ішінде Компания қосалқы қозғалтқышты сатып алды және кейіннен осы қозғалтқышты сату және қайтарымдық жалдау жөніндегі мәмілені жүргізді. Жалдау мерзімі 10 жылды құрайды, тараптардың келісімі бойынша 5 жылға ұзарту мүмкіндігі бар.

Тіркелген және айнымалы жалдау төлемдері АҚШ долларымен деноминацияланған және АҚШ долларымен төленуге жатады. Бұл валюта қозғалтқыштарды жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

Операциялық жалдау жөніндегі төлемдер бойынша жойылмайтын міндеттемелер төменде көрсетілген:

	31 желтоқсан 2011 ж.	31 желтоқсан 2010 ж.
Бір жылдың ішінде	216,263	224,330
Бір жылмен бес жылдың арасында	937,677	978,983
Бес жылдан астам	447,406	611,571
	1,601,346	1,814,884

### Сақтандыру

Компанияның халықаралық стандарттарға сай келетін сақтандырудың келесі түрлері бойынша толтырулары бар.

- Әуе кемесінің, қосалқы бөлшектері мен жабдықтарының мүлктік нұқсандарының «Барлық тәуекелдерін» авиациялық сақтандыру және авиакомпанияның үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Әуе кемелерінің мүлктік нұқсаны тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- Соғыстың салдарынан әуе кемелерінің мүлктік нұқсаны тәуекелдерін және қосалқы бөлшектерді қоса алғанда, олармен қауымдасқан әуе кемесіне мүлктік нұқсанның тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- Соғыс, әуе кемесін заңсыз тартып алу (айдап әкету) тәуекелдерінің және олармен қауымдасқан тәуекелдердің салдарын авиациялық сақтандыру;
- Компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтарды сақтандыру;
- Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген нұқсан үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

Компания бизнесін тоқтатқан жағдайда өтемі болмайды.

### Капитал міндеттемелері

2008 жылдың ішінде Компания Airbus-пен алты тар фюзеляжды Airbus әуе кемелерін сатып алуға келісім жасады. Компания төлемнің келісілген кестесіне сәйкес алдын ала төлем төлейді. Төлеу 2008 жылы басталды, және төлемнің соңғы бөлігі 2013 жылы төленуі тиіс. Келісімшарттың талаптары сатып алу құнын ашуға мүмкіндік бермейді.

2010 жылдың ішінде Компания Embraer-мен екі тар фюзеляжды Embraer-190 әуе кемелерін сатып алуға келісім жасады. Компания төлемнің келісілген кестесіне сәйкес алдын ала төлем төлейді. Төлеу 2011 жылы басталды, және төлемнің соңғы бөлігі 2012 жылдың наурыз айында төленуі тиіс. Келісімшарттың талаптары сатып алу құнын ашуға мүмкіндік бермейді.

### Салықтық шартты міндеттемелер

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және салықтардың көптеген әралуан түрлерімен және заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі жиі өзгерістермен сипатталады. Салықтарды елеулі айыппұлдар салуға, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алуға құқығы бар бірқатар реттеуші органдар тексеруі тиіс. Салық жылы салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда салық жылы бұдан да ұзақ мерзім ашық болып қалуы мүмкін.

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделі отырып, салық міндеттемелерін бара-бар көрсеткеніне сенімді. Алайда тиісті салық органдарының түсіндірмелері ерекшеленуі және бұл қаржы есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

### Операциялық орта

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге бейім болады. Бұрын болғандай, экономикасы дамушы елдердің болжамды немесе нақты қаржылық қиыншылықтары немесе бұл елдерге инвестициялардың болжамды тәуекелдер деңгейінің ұлғаюы Қазақстанның экономикасына және инвестициялық климатына теріс ықпал етуі мүмкін.

Қазақстанда бизнестің жүргізілуін реттейтін заңдар мен нормативтік актілер баяғыша тез өзгерістерге бейім. Салық, валюта және кеден заңнамасын әртүрлі түсіну мүмкіндіктері бар, сондай-ақ Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын компаниялар кезігетін басқа да құқықтық және фискальдық проблемалар бар. Қазақстанның дамуының болашақ бағыты көбінесе мемлекеттің экономикалық, салықтық және кредит-ақша саясатына, қабылдайтын заңдары мен нормативтік актілеріне, сондай-ақ елдегі саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты болады.

Әлемдік қаржы жүйесі елеулі проблемалардың сынағынан өтуді жалғастырып келеді. Көптеген елдерде экономикалық өсу қарқыны төмендеді. Сондай-ақ, Еуропалық аймақтың бірнеше мемлекеттерінің және осындай мемлекеттердің егемен борыштары бойынша елеулі тәуекелдерді көтеруші қаржы институттарының кредит қабілеттілігіне қатысты белгісіздік өсе түсті, бұл проблемалар Қазақстан экономикасының өсу қарқынының баяулауына немесе рецессияға әкеп соқтыруы мүмкін, Компания үшін капиталға қол жетімділікке және оның құнына, сондай-ақ оның тұтастай бизнесіне, оның қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және даму перспективаларына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстанның мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіруіне және экспорттауына байланысты, оның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал болып келеді, олар 2011 және 2010 жылдар біршама ауытқуларға ұшырады.

## 26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

### Бақылау қатынастары

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51%-на және 49%-на иелік етеді.

2007 жылы акционерлер екі тәуелсіз директорларды тағайындады; біріншісі «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ, және екіншісін «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» тағайындады. Тәуелсіз директорлармен шартқа 2007 жылы қол қойылды және 2011 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақылардың жалпы сомасы 12,497 мың теңгені құрады (2010 ж.: 10,724 мың теңге).

### Басшылыққа сыйақы

Негізгі басшылық (2011 ж.: 22 адам, 2010 ж.: 19 адам) жыл ішінде персонал жөніндегі шығыстарға енгізілген келесі сыйақыларды алды (6-шы Ескерту):

	2011 ж.	2010 ж.
Жалақы және бонустар	519,565	433,958
Шығарда берілетін жәрдемақы	80	8,908
	519,645	442,866

### Байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптар Компания акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне иелік ететін барлық басқа компанияларды қамтиды.

Компания Мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және Мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Бұл операциялар Компанияның әдеттегі операциялық қызметінің барысында Мемлекеттің тікелей бақылауына түспейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер ұсынумен салыстыруға болатын шарттарда жүргізіледі.

Компания тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алулар, бағалар және бекіту процестері бойынша стратегияларды жасады және ендірі. Мұндай сатып алулар, бағалар және бекіту процестері бойынша стратегиялар контрагенттің мемлекет бақылайтын кәсіпорын болып табылуына немесе табылмауына байланысты болмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы № 915 Қаулысына сәйкес Үкімет табысты емес бағдарларға жолаушылар мен жүктердің көлік қызметтеріне көрсететін компанияларға көмекқаржы береді. 2011 жылы үкіметтің көмекқаржылары 376,513 мың теңгені құрады (2010 ж.: 678,399 мың теңге) (5-ші Ескерту). 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көмекқаржылар жөніндегі дебиторлық берешектің сомасы 65,805 мың теңгені құрады (2010 ж.: 37,536 мың теңге) (15-ші Ескерту).

Байланысты тараптармен операциялардың потенциалды ықпалын, баға стратегияларын, сатып алу және бекіту процестерін, және байланысты тараптармен операциялардың осы қаржы есептілігіне әлеуетті ықпалын түсіну үшін қажетті ақпаратты қарастырып, Компания басшылығы мына төмендегі операциялар байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді деп санайды:

Алынған қызметтер	2011 ж.		2010 ж.	
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсандағы қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсандағы қалдық
Мемлекеттік компаниялар	4,304,255	(70,762)	3,539,869	29,686
Акционерлердің еншілес компаниялары	1,474,499	(63,779)	1,638,078	(34,221)
	5,778,754	(134,541)	5,177,947	(4,535)

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың, навигацияның қызметтерімен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

Компания көрсеткен қызметтер	2011 ж.		2010 ж.	
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсандағы қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсандағы қалдық
Акционерлердің еншілес компаниялары	235,245	16,674	114,172	19,319
	235,245	16,674	114,172	19,319

Байланысты тараптармен өзара есеп айырысулар бойынша барлық қалдықтар есепті күннен бастап алты айдың ішінде өтелетін болады. Барлық қалдықтар қамсыздандырылмаған болып табылады.

## 27. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2012 жылдың ақпан айында Компания Boeing компаниясымен үш Boeing-787 ұшағын және төрт Boeing-767 ұшағын сатып алу шартына қол қойды. Төртінші Boeing-767 ұшағын сатып алуды Компания 2012 жылдың қыркүйек айында бекітетін болады. Компания төлемдердің келісілген кестесіне сәйкес алдын ала төлемді жүзеге асырады.

Компания 45 миллион доллар сомасына кредит желісін ашты, ол Компанияның міндеттемелерін өтеу үшін пайдаланылады. Кредит желісі банк депозиттерін мерзімінен бұрын қайтарған кезде ысырапты болдырмау үшін алынды.

Компания бұл кредит бойынша міндеттемелерін банк депозиттерін пайдалана отырып (18-ші Ескерту) осы депозиттердің шарт мерзімдері аяқталғаннан кейін төлейді.

## 28. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН БЕКІТУ

Бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы мақұлдап, 2012 жылдың 27 наурызында шығаруға бекітті.

## VIII 2012 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

### Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды орындауға рұқсат етілген әуекомпания мәртебесін қолдау

2012 жылға маңызды міндеттерінің бірі Қазақстанның барлық қалған тасымалдаушыларына салынған Еуропалық Одақтың аумағына ұшуларды орындауға салынған тыйымнан босатылған әуекомпания мәртебесін қолдау қалады. «Эйр Астана» компаниясын шығаруы бірнеше факторларға негізделген, негізгілердің бірі EASA Бөлім 145 еуропалық директивасының талаптарына сәйкестігі болып табылады.

*Д.Н.  
Алматыда Техникалық  
қызмет көрсету орталығында  
ашушы.*



Компания Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы ICAO айқындаған сәйкессіздіктерді жою және Еуроодақтың «қара тізімінен» қазақстандық әуекомпанияларды шығару бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетімен белсенді ынтымақтастықты жалғастыруда.

### Әуе кемелері паркін кеңейту және жаңғырту

2012 жылға басым міндеті қосымша ұшақтарды сатып алуды, сондай-ақ турбовинтті ұшақтарды бірте-бірте ауыстыруды көздейтін әуе кемелері паркін кеңейту болып табылады.

2012 жылы ішінде «Эмбраер-190» үш әуе лайнерінің, «Эрбас-А321» екі ұшағының және «Эрбас-А320» бір ұшағының жеткізілімі күтілуде.

Компания «Фоккер-50» ұшақтарын 2012 жылы ішінде пайдаланудан шығармақ. «Фоккер-50» бір ұшағының лизингі Орал қаласының әуежайына рейстерді орындау қажеттілігімен байланысты 2013 жылдың қаңтарына дейін ұзартылады.

### Әуе кемелерін қаржыландыру

2012 жылы «Эйр Астана» бес жаңа әуе кемесін тікелей өндірушілерден жеткізбек. Сатып алу туралы келісімшарт экспорттық-кредиттік агенттіктердің кепілдіктеріне ұйымдастырылады.

### Маршруттық желіні дамыту

2012 жылы «Эйр Астана» өзінің маршруттық желісінің кеңейтуін жалғастырмақ. «Эмбраер» және «Эрбас» жаңа әуе кемелерінің жеткізілімі жаңа бағдарларды ашуға және қазіргі жиілігін ұлғайтуға жағдай туғызады. Келесі жылы компания Қазақстанда, ТМД елдерінде және Азияда жаңа бағыттарды ашпақ.

### Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын дамыту

Компания Авиациялық компоненттерді жөндеу орталығын дамытуды жалғастырмақ. Бұл міндетті 2012 жылы іске асырудың негізгі кезеңдері мыналар болып табылады:

- Алматыда С-чек нысанында техникалық қызмет көрсету базасын құру;
- Эрбас-А319/320/321» ұшақтарына С-чек нысанында техникалық қызмет көрсетуді өткізуге сертификаттауды алу үдерісін іске қосу;
- «Эмбраер-190» ұшақтарына С-чек нысанында техникалық қызмет көрсетуді өткізуге сертификаттауды алу үдерісін іске қосу;
- Цехтар мен ангар мүмкіндіктерін кеңейту: борттық асуылер жабдығын, тежегіш жүйелерін және құтқарушы жабдығын жөндеу;
- «Эрбас-А320» әуе кемелеріне инженерлік-техникалық қызметкерлерді дайындау бойынша талаптары сәйкестігіне EASA Бөлім 147 стандарты бойынша сертификаттауды өту.

### Борттық және жердегі сервисті жақсарту

2011 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы Skytrax World Airline Awards 2011 халықаралық беделді жүлдесінің шеңберінде «Шығыс Еуропаның үздік әуекомпаниясы» санатында екінші орынға лайық болды және 2012 жылы компания Skytrax қайталама аудитін өткізбек. Жыл ішінде борттық және жердегі қызмет көрсетуді сапалы жақсарту бойынша жобалар жалғаспақ. Әуекомпания жаңа «Боинг-767» және «Боинг-757» ұшақтарының эконом-сыныбында дербес ойын-сауық жүйесін (In-Flight Entertainment) енгізу мүмкіндігін қарастыруда. Сондай-ақ 2012 жылы компания бизнес-сынып жолаушылары үшін бірнеше халықаралық бағыттарда күту залдарын пайдалану бойынша келісімшарттар жасасақ.



## ГЛОССАРИЙ

ҚАҚ	Қазақстандық Әуекомпаниялар Қауымдастығы. Қауымдастық «Эйр Астана» АҚ, «Prime Aviation» АҚ және «Авиакомпания «Бурундайавиа» АҚ қамтитын 31 мамырда 2011 жылы құрылған. Қауымдастықтың негізгі міндеті Қазақстан Республикасында азаматтық авиация қызметін реформалау бойынша күшті біріктіру және өзара ынтымақтастық болып табылады.	GDS (Global Distribution System)	Ғаламдық дистрибьютерлік жүйе – халықаралық компьютерлік брондау жүйесі.
Код-шер келісімі	Екі және одан да көп әуекомпаниямен авиарейсті бірлескен коммерциялық пайдалану туралы келісім, олардың біреуі оператор (яғни осы рейс бойынша ұшуларды орындайды және осы рейстерге өз атынан билеттерді сатады), ал қалғандар маркетингтік серкітестер (яғни билеттерді компания-оператордың рейсіне өз атынан сатады).	IATA (International Air Transport Association)	1945 жылы тұтынушылар мүддесіне сай ұшулардың қауіпсіздігін, сенімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әуекомпаниялар арасында ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы.
BSP (Billing and Settlement Plan)	Авиабилеттерді рәсімдеу үдерісін оңайлату, агенттер мен әуекомпаниялар арасында көрсетілген қызметтер үшін өзара есеп айырысу өткізу және сату туралы есептерді дайындау мақсатында құрылған өзара есеп айырысу жүйесі. Ең алғашқы BSP жүйесі IATA 1971 жылы Жапонияда құрылған. Қазіргі күні бұл бірегей жүйе дүниежүзінің 160 астам елінде жұмыс істейді.	ICAO (International Civil Aviation Organization)	«Халықаралық азаматтық авиация туралы» 1944 ж. Чикаго Конвенциясына қол қою нәтижесінде құрылған Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы. ICAO халықаралық азаматтық авиация қызметінің техникалық, экономикалық және құқықтық салаларында халықаралық стандарттарды, ұсынылатын практиканы және ережелерді әзірлеу үшін жауапты БҰҰ мамандырылған мекемесі болып табылады.
С-чек	Ұшақ жүйелерін егжей-тегжейлі тексеруге және ұшақ құрылымының элементтерін тексеруге арналған ұшақтарға базалық қызмет көрсетудің күрделі түрі. Қызмет көрсетудің ұзақтығы 1-2 аптаны құрайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда орындалмайды.	IOSA (IATA Operational Safety Audit)	Пайдалану қауіпсіздігінің халықаралық аудиті. Ол компанияның мынадай бағыттарын қамтиды: компанияны ұйымдастыру және басқару, ұшу пайдалануы, ұшуларды жедел басқару және қамсыздандыру, техникалық қызмет көрсету және инженерлік қамсыздандыру, борттық қызмет көрсету, жердегі қызмет көрсету, жүк тасымалы және авиациялық қауіпсіздік.
EASA (European Aviation Safety Agency)	Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттігі. Ұшулар қауіпсіздігі саласында барлық ережелерді даярлау үшін (дербес бекіту үшін немесе Еуропалық Комиссияға немесе Парламентке/Кеңеске), сондай-ақ осы ережелермен байланысты қызмет сәйкестігіне тексерістерді өткізу үшін жауапты.	JAA (Joint Aviation Authorities)	Азаматтық авиацияның біріккен басқармасы, Еуропа аумағында орналасқан кейбір елдерде авиация саласында заңнаманы реттейтін халықаралық ұйым. JAA ұшулар қауіпсіздігі саласында жалпы стандарттар мен рәсімдерді әзірлейді және енгізеді.
EASA (Бөлім 66)	Авиациялық қызметкерлерді дайындауға және лицензиялауға талаптарды сипаттайтын Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттіктің стандарты.	Skytrax	Әртүрлі әуекомпаниялармен және әуежайлармен ұсынылатын қызметтер сапасын зерттеуге маманданатын ықпалды халықаралық консалтингтік компания. 1989 жылы құрылған. Жолаушылардың пікірін әртүрлі сұраудың негізінде 210 әуекомпаниясы және 65 астам әуежай туралы ақпарат береді.
EASA (Бөлім 145)	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге, оларды және қосалқы бөлшектерді жөндеуге лицензияны алу үшін ұйым сәйкес болу тиіс Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттіктің стандарты.		
EASA (Бөлім 147)	Техникалық қызметкерлерге теориялық және практикалық оқытуды өткізетін ұйым сәйкес болу тиіс Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі еуропалық агенттіктің стандарты.		

# ҚОСЫМШАЛАР

## 2011 ЖЫЛҒЫ МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІ

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРШРУТТАР

ТМД	Азия және Таяу Шығыс	Еуропа	Маусымдық маршруттар*
Алматы – Баку	Алматы – Абу-Даби	Ақтау – Ыстамбұл	Алматы – Анталья
Алматы – Бішкек	Алматы – Бангкок	Алматы – Лондон	Астана – Анталья
Алматы – Душанбе	Алматы – Дели	Алматы – Ыстамбұл	Қостанай – Ганновер
Алматы – Мәскеу	Алматы – Қуала-Лумпур	Астана – Ыстамбұл	<small>*(мамыр – қыркүйек)</small>
Алматы – Самара	Алматы – Бейжің	Астана – Франкфурт	
Алматы – Санкт-Петербург	Алматы – Сеул	Атырау – Амстердам	
Алматы – Ташкент	Алматы – Үрімші	Атырау – Ыстамбұл	
Алматы – Тбилиси	Астана – Абу-Даби	Орал – Амстердам*	
Астана – Екатеринбург	Астана – Үрімші	<small>*(2011 ж. қыркүйегіне дейін)</small>	
Астана – Мәскеу			
Астана – Новосибирск			

### ІШКІ МАРШРУТТАР

Алматы – Ақтау	Алматы – Павлодар	Астана – Атырау	Астана – Орал
Алматы – Ақтөбе	Алматы – Орал*	Астана – Жезқазған	Астана – Өскемен
Алматы – Астана	Алматы – Өскемен	Астана – Қостанай	Атырау – Ақтау
Алматы – Атырау	Алматы – Шымкент	Астана – Қызылорда	Атырау – Ақтөбе
Алматы – Қарағанды	Астана – Ақтөбе	Астана – Павлодар	Атырау – Қызылорда
Алматы – Қызылорда	<small>*(2011 ж. қыркүйегіне дейін)</small>	Астана – Семей	Атырау – Орал



## 2011 ЖЫЛҒЫ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІ ПАРКІ

### Боинг-767

Халықаралық және ішкі рейстерде алыс ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**9,000 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **2** Крейсерлік жылдамдығы **850 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **184,612 (кг)** Эконом-сынып **190 (орын)** Бизнес-сынып **30 (орын)**

### Боинг-757

Халықаралық және ішкі рейстерде алыс ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**7,250 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **5** Крейсерлік жылдамдығы **870 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **115,666 (кг)** Эконом-сынып **150 (орын)** Бизнес-сынып **20 (орын)**

### Эрбас-А321

Халықаралық және ішкі рейстерде орта және қысқа ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**5,600 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **2** Крейсерлік жылдамдығы **870 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **89,000 (кг)** Эконом-сынып **147 (орын)** Бизнес-сынып **28 (орын)**

### Эрбас-А320

Халықаралық және ішкі рейстерде орта және қысқа ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**5,500 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **7** Крейсерлік жылдамдығы **870 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **77,000 (кг)** Эконом-сынып **132 (орын)** Бизнес-сынып **16 (орын)**

### Эрбас-А319

Халықаралық және ішкі рейстерде қысқа ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**3,450 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **1** Крейсерлік жылдамдығы **900 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **64,000 (кг)** Эконом-сынып **114 (орын)** Бизнес-сынып **12 (орын)**

### Эмбраер-190

Халықаралық және ішкі рейстерде орта және қысқа ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**4,200 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **3** Крейсерлік жылдамдығы **890 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **50,300 (кг)** Эконом-сынып **88 (орын)** Бизнес-сынып **9 (орын)**


### Фоккер-50

Халықаралық және ішкі рейстерде қысқа ұшып өтулерде пайдаланады



Қашықтығы  
**2,800 (км)** Экипаж  
**2 (ұшқыш)**

Саны **6** Крейсерлік жылдамдығы **450 (км/с)** Ең көп ұшу салмағы **20,820 (кг)** Эконом-сынып **50 (орын)** Бизнес-сынып **0 (орын)**



БАРЛЫҒЫ  
**26**

## ӨКІЛДІКТЕР

### ТМД

#### Баку, Әзірбайжан

AZ-1065, Дж. Джаббарлы к., 44 үй  
Тел.: +994 12 497 49 96

#### Бішкек, Қырғызстан

Әуежайдағы авиабилеттерді сату кеңсесі  
Халықаралық терминал, ұшып кетулер залы  
Тел.: +996 (312) 906 906  
Жұмыс сағаттары: Кесте бойынша ұшып кетуге 3 сағат бұрын  
ОсОО «Kurguz Concert»  
Авиабилеттерді сату кеңсесі  
Абдрахманов к., 191, 720011  
(«Hyatt Regency Bishkek» қонақ үйі)  
Тел.: +996 (312) 900 886  
Факс: +996 (312) 900 682

#### Душанбе, Тәжікстан

Айни к., 24а, Бизнес орталық «SAS», 1 қабат  
Тел.: +992 37 601 8200

#### Екатеринбург, Ресей Федерациясы

Кольцово халықаралық әуежайы, Терминал А  
Тел.: +7 912 657 90 80

#### Мәскеу, Ресей Федерациясы

Станция метро Тверская  
Большой Гнездиковский переулок, үй 1, құрылыс 2  
Тел.: +7 (495) 287 70 08/09  
Жұмыс сағаттары: 09:00-18:00 Пн.-Пт.  
Үзіліс: 13:00-14:00  
Әуежайдағы авиабилеттерді сату кеңсесі  
«Эйр Астананың» билеттік кассасы  
Шереметьево халықаралық әуежайы  
Терминал Е, ұшып кетулер деңгейі  
Тел.: +7 (495) 229 34 94  
Жұмыс сағаттары:  
07:00-11:00 Дс.-Жс.  
19:00-23:00 Дс.-Жс.

#### Новосибирск, Ресей Федерациясы

Толмачево әуежайы  
Әуежайдағы бизнес-сыныптың күту залы  
Халықаралық Терминал, ұшып кетулер залы  
Тел.: +7 383 216-98-21,  
+7 963 947 70 84  
Жұмыс сағаттары: Кесте бойынша ұшып кетуге 3 сағат бұрын

#### Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы

«Эйр Астана» АҚ өкілдіктің тіркеу бағаны  
Халықаралық терминал Пулково-2, ұшып кетулер залы  
Тел.: +7 981 846 25 44  
Жұмыс сағаттары: Кесте бойынша ұшып кетуге 3 сағат бұрын

#### Ташкент, Өзбекстан

100031, Мирабад ауданы,  
Афросиаб к., 4а  
Тел.: +998 (71) 140 30 02

#### Тбилиси, Грузия

Әуежайдағы бизнес-сыныптың күту залы  
Тбилиси халықаралық әуежайы (TBS)  
«Эйр Астананың» билеттік кассасы тіркеу бағанның жанында  
Халықаралық терминал, ұшып кетулер залы  
Тел.: +995 595 447414  
Жұмыс сағаттары: Кесте бойынша ұшып кетуге 3 сағат бұрын

## АЗИЯ ЖӘН ТАЯУ ШЫҒЫС

### Абу-Даби, Біріккен Араб Әмірліктері

Abu Dhabi International Airport  
Terminal 1  
1st floor, Office no. 2209  
Тел.: +971 2 5052089  
Факс: +971 2 5052088  
Air Astana Abu Dhabi City Office  
Al ain Tower, Hamdan Street  
PO Box 111441, Abu Dhabi, UAE  
Тел.: +9712 674 4488  
Факс: +9712 672 2366  
Тікелей тел.: +9712 674 1179

### Бангкок, Таиланд

140/18 ITF Tower, 11 қабат, Silom Road,  
Suriyawongse, Bangrak, Bangkok 10500  
Тел.: +662 634 2552-4  
Факс: +662 235 8283

### Дели, Үндістан

Delhi Airport Office  
Room no. 44, Office Level 4  
Indira Gandhi International Airport, Terminal 3  
New Delhi 110037  
Тел.: +91 11 49639960  
Факс: +91 11 49639960  
Delhi City Office  
207, 2nd Floor, N-1, BMC House  
Middle Circle, Connaught Place  
New Delhi 110001  
Тел.: +91 11 41521425, 23711225  
Факс: +91 11 2371126

### Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері

Air Astana Dubai City Office  
Dnata Travel Centre  
Sheikh Zayed Road, Ground Floor  
Dubai, United Arab Emirates  
Тел.: +9714 3166572  
Факс: +9714 3211059

### Куала-Лумпур, Малайзия

Global Alliance Travel Services Sdn. Bhd  
Suite 1502, Level 15, Central Plaza  
34 Jalan Sultan Ismail  
50250 Kuala Lumpur, Malaysia  
Тел.: +603 2144 1571  
Факс: +603 2148 9033

### Бейжің, Қытай

Air Astana Beijing  
Office 517, 50 Liangmaqiao Road  
Chaoyang District, Beijing, 100016 PRC  
(Kempinski Hotel, Beijing Lufthansa Centre)  
Тел.: +86 1064651030, 64665067

### Сеул, Корея Республикасы

Air Astana Seoul  
3rd Floor, Donghwa B/D, 58-7  
Seosomun-Dong, Chung-Ku, Seoul  
Тел.: +82 (0)2 3788 0211

### Үрімші, Қытай

Room No.3B-28, Terminal 3, Urumqi International Airport  
Xinshi district, Yingbing Street 46  
Тел.: +86-991-3800466

## ЕУРОПА

### Лондон, Ұлыбритания

Air Astana Ticketing Office  
52, Grosvenor Gardens  
London SW1W 0AU  
Тел.: +44 20 7333 0196

### Ыстамбұл, Түркия

Air Astana Istanbul City Office  
Cumhuriyet str. 61/1, Bingul Han Elmadag, Sisli, Istanbul  
Тел.: +90 212 343 49 60/61  
Факс: +90 212 343 49 63  
Жұмыс сағаттары: 08.00 – 17.00  
Istanbul Airport Office  
Atatürk Airport International Terminal  
Ұшып кетулер деңгейі  
Тел.: +90 212 465 53 93  
Факс: +90 212 465 53 92  
Жұмыс сағаттары: Кесте бойынша ұшып кетуге 3 сағат бұрын

### Франкфурт, Германия

Air Astana  
c/o Aviareps AG  
Kaiserstrasse 77, 60329 Frankfurt am Main  
Тел.: +49 (0) 69 770 673 015

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



### «Эйр Астана» АҚ тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы  
050039, Алматы қ.  
Закарпатская к., 4а  
Тел.: + 7 (727) 258 41 35  
Факс: + 7 (727) 259 87 01

### Тәуліктік брондау және ақпарат орталығы:

Тел.: +7 (727) 2444477 (Алматы қ.)  
+7 (7172) 584477 (Астана қ.)

### Nomad Club жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

Тел.: +7 (727) 244 5530  
Факс: +7 (727) 259 8701  
nomadclub@airastana.com

[www.airastana.com](http://www.airastana.com)



*The first  
of the airline was  
route: Almaty - Dubai*